

КІНДІГІМДІ  
КЕСКЕН  
ЖҰРТ



КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

*КІНДІГІМДІ  
КЕСКЕН  
ЖҰРТ*  
(Елдік жыры)



KUL TECIN

АСТАНА  
2012

УДК 821.512.122.

ББК 84 (Каз) 7-5

К97

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитетінің "Ғылыми қазына" салааралық  
бағдарламасы негізінде шығарылды*

**К97 Кіндігімді кескен жұрт** (Елдік жыры). Құрастырушылар: М. Жолдасбеков, Ш. Қойлыбаев. Астана. "Күлтегін" баспасы. - 2012 ж. - 216 б.

ISBN 978-601-7318-34-5

Жинаққа ғасырлар тереңінен бүгінге дейінгі қазақ жырының жас ұрпақты елдікке, Отанды сүйеге, ата дәстүрін ардақтауға баулитын інжу-маржандары іріктеліп алынды.

Кітап мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, жас ұрпақты тәрбиелеуге атсалысып жүрген өзге де мамандарға, қалың оқырман қауымға арналған.

561597

УДК 821.512.122.

ББК 84 (Каз) 7-5

ISBN 978-601-7318-34-5

© Күлтегін., 2004

© Күлтегін., 2012

## СӨЗДІ ҰҒАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

"Көкте - Тәңірі, төменде - қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласының үстіне ата-тегім Бумын, Істеми қаған отырған. Қаған отырып елді билеген. Дүниенің төрт бұрышын алған. Дүниенің төрт бұрышы соларға караған. Бастыны идірген, тізеліні бүктірген, бәрін бейбіт еткен; ашты тойындырған, жалаңашты киіндірген, азды көп қылған, кедейді бай қылған, тату елге жақсылық қылған" - деп жазылыпты Түрік қағанаты заманынан қалған Күлтегін ескерткішінде.

Бумын қаған, Істеми қаған, Күлтегін батыр ел үшін күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған, елдігін орнатып, жерін ұлғайтқан, дүниенің төрт бұрышын тіреген Мәңгі ел орнатамын деп алысып, Тәңірлік дінін тұтынып, асыл бабалар сөйтіп дүниеден өткен. Олар осындай даңқты, құдіретті, ақылды қағандар еді, білікті қағандар еді. Күлтегін өлгенде жақыны түтілі, дұшпанының көзінің жасы көл болғаны, Таң императорының жылап-еңіреп көңіл айтып 500 кісі жібергені сондықтан еді.

"Ей, Түріктің бектері, халқы! Сендер алауызсыңдар, таққа кіріптарсыңдар. Әкелі-балалының ымырасыздығынан, ағалы-інілінің дауласқандығынан, бекті-халқының жауласқандығынан, дұшпанының сөзіне алданғандығыңнан қағандығыңнан, елдігіннен, төріннен, билігіннен айырылдың. Жер-жерге босып сандалдың. Біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың, барған жерде не пайда таптың? - Бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды. Түрік халқы, өкін!"

Сай-сүйегінді сырқырататын осы сөздерді де Күлтегін ескерткішінен оқимыз. Басынан кешкендерін мәңгі өшпестей етіп жүрегінің қанымен, көзінің жасымен бабалар таска осылай қашап, жазып кеткен. Білге қаған дүние салғанда ынтымақ-

бірліктің белгісі болсын деп Алты Алаш ант етіп Аңыр тасқа өздерінің таңбасын басқан.

Мәңгі ел орнатамыз деп өмір кешкен, сол үшін заманының ұлы империясы - Түрік қағанатын құрып, келешекке осыншама байтақ жерді, таусылмайтын байлықты, тозбайтын дәстүрді қалдырып кеткен Бумын, Істеми, Елтеріс Құтлығ, Білге қағандар да, дана Тоныкөк те, айбынды Күлтегін де - бәрі де біздің бабаларымыз еді. Байырғы түрік даналары иелік еткен жер де, байлық та, қалыптасқан дәстүр де, ой-сана да, ең алдымен қазаққа мирас болған еді; Түрік қағанатының кара шаңырағы да біздің қазақта қалған болатын.

Сол бабалардан жеткен көп қасиеттен, салт-дәстүрден; қазақи даналық, шешендік, ойшылдық болмысымыздан, табиғи тұрпатымыздан біз бүгінгі күнге көз жазынқырап жеттік. Ата-тарихымыздан да, ұлт рухы - тілімізден де көз жазып қала жаздадық. Соңғы үш ғасырда тарихымыз тәлкекке ұшырады, саясатқа, келекеге айналды, табанға тапталды. Қазақтың байтақ тарихын жасаған, қасиетін ұлықтаған хандар мен билерді, көсемдер мен шешендерді, ұлылар мен даналарды кеңестік саясат ақымақ қылып көрсетті, өз халқының жауы етіп көрсетті. Ата салты, әдет-ғұрып, руханият күйреді. Халық тілі жоқ, ақылы жоқ мақұлыққа, тобырға, мазаққа айналды. Алауыздық, сенімсіздік орнықты. Көлденең көк атты биледі, қалың елді жік-жікке бөлді. Сөйтіп Бұқар жыраудың:

Ауызы-басы жүн кәпір,  
Жаяулап келер жұртыңа.  
Жағалы шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа.  
Жемірлерге жем беріп,  
Ел қамын айтқан жақсыны  
Сөйлетпей ұрар ұртыңа.  
Бауыздамай ішер қаныңды,

Өлтірмей алар жаныңды,  
Есепке салар барыңды - деп Абылайға айтқан сөзі;

Мұрат ақынның:

Мен қауіп еткеннен айтамын:

Ақ борықтай иілген

Кейінгі туған баланың

Ұстай ма деп білегін,

Шая ма деп жүрегін.

Шашын, мұртын қойдырып,

Ащы суға тойдырып,

Бұза ма деп реңін,

Адыра қалғыр заманның

Мен жаратпаймын сүреңін - дейтін қауіп дәл келді.

Қолдан билік кетіп, ел іші жік-жік болды.

Міне, біз осындай сұрқия заманды да басымыздан кештік.

Енді, шүкір, ғасыр ауысты, мыңжылдық алмасты, осылардың тоғысында тәуелсіздік, егемендік келді. Заман өзгеруде, қоғам өзгеруде, адам өзгеруде. Жаңа, жас мемлекеттігіміз қалыптасуда. Алайда, жас бала секілді жаңадан кереге жайып, шаңырақ көтерген мемлекетке де тәрбие, қамқорлық керек, оған да мейірім керек, әлпеш керек. Ендігі жерде келешекке ой жіберіп, өткен күннің кеселін кесіп, шалдыққан дертінен арылып, құндылықтарымызды қайта қалыптастыруымыз керек. Ең негізгісі – өскелең ұрпаққа ие болуымыз керек. Осының бәрін бас біріктіріп, тізе қосып, ел-жұрт боп ақылдасып, кеңесіп шешетін мезгіл жетті.

Көрмейтін соқыр, сезбейтін мылқау емеспіз, бәрін де көзімізбен көріп, көкірегімізбен сезіп отырмыз. Бесіктен белі шықпай жатып, халықтың қадіріне жетпей тұрып дүние жиып, билікке жармасу етек алды. Билік басына жігіттің бағы асып келсе қанеки, өкініші, көбіне сыбайласып, жең ұшынан жалғасып, тіпті адасып келгендер көбейіп барады. Жастар арасында ұлттық рухтан, ұлттық қасиеттен айырылған

отансыздардың көбейіп бара жатқаны да бәрімізді қатты алаңдатады. Ұлтын ұлықтай алмағандардан, ұлттық сезімі, ұлттық намысы жоқтардан не үміт күтуге болады? Ел болып, жұрт болып жастарды өзгеге емес, өнегеге; тәліпшілікке емес, - тәрбиелілікке; көргенсіздікке емес, - көрегенділікке; әуейлікке емес, - әдептілікке; қатыгездікке емес, - мейірімділікке; тексіздікке емес, - тектілікке; опасыздыққа емес, - отаншылдыққа баули алсақ болар еді. Осы елдің де, жердің де иесі сенсің деп үйретіп, жас ұрпаққа туған жер, мемлекет алдындағы жауапкершілігін мықтап ұғындыра алсақ болар еді.

Біздің ата-тегіміз – байырғы түріктер тұтынған тәңірлік діннің ешбір жаманаты жоқ еді, бірақ біз одан да айырылып қалдық. Білсін, білмесін, жаппай дінге құлау етек алды. Дін қасиеттен гөрі қаруға, саясатқа айнала бастады. Жастарымыздың біразы өзге дінге кетті. Алланың жолындамыз деп жүрген арабтардың қырық пышақ болып басы бірікпей жүргендерін көзіміз көріп отыр. Діннің өзі тоқсан тарауға түсті. Біз тұтынатын Исламның өзі сан тармақ. Алласы ауызында, құраны қолында қаптап жүрген "діншілдердің" қайсысына сенерін білмей басы дал болып жүрген жұрт шынайы Исламды ажырата алмай қалды.

Дін мен дәстүрді шатастыра бастадық. Қайтқан кісінің жетісін, қырықын, жылын берме деген шықты. Осыдан он үш ғасыр бұрын Күлтегін өлгенде оның төрт мың жылқысын, дүние-мүлкін, асыл қазынасын шүлен таратқан, жыл толғанда ас берген. Мұның бәрі таста жазылып қалған. Бұл Исламнан бұрын, түріктің тәңірге табынған кезі еді. Өлікті аттандыру жосығы діннен емес, халықтың салтынан шыққан. Қалыптасқан жөн-жосықтан сонда біз неге бас тартуымыз керек? "Мұсылман болу әсте-әсте, кәпір болу бір пәсте" дегендей, дін-мұсылмандыққа да әсте-әсте, байыппен, ақылмен, біліп, түсініп, абайлап көшсек жөн еді.

Ұлттығынды ұлықтау, ата-ананы ардақтау, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, қызды қырық үйден тыю - қазақ арасында қайта қалыптасып, бұлжымас заңға айналса болар еді.

Жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әдептен озбау, ата салтын бойға сіңіру - ендігі жөн-жосығымыз осы болу керек; ұлын - айбар, қызын - медет тұтқан ел-жұртпыз, ұлдарымыз бен қыздарымыз сан ғасырлар қалыптасқан салт-дәстүрдің, әдеп-тұрыштың озығына ден қойып, шын пейілмен, ықыласпен бет бұрса болар еді.

Кішілер жол беруді, әдеп сақтауды, кішілік-кісілік танытуды, келіндер сәлем салуды ұмытып барады. Еркек пен еркек сүйісетін жаман әдет пайда болды. Сәлемді де жолымен бере білгенді, жөнімен ала білгенді қайта үйренсек жарар еді. Сөзге жақын елміз. Сөзге, уәжге тоқтаудан қала бастадық. Екі елі ауызға төрт елі қақпақ қоя алсақ болар еді.

Ақылманы, қариясы жоқ елдей болып барамыз. Ақылшысы жоқ ел азады, иесі жоқ жер тозады, бір-бірімізді қолтықтан демеп, қолдап, жарасып жүрсек жарар-ды. Қаны таза халық едік, жан тазарса, ар тазарса болар еді. Жасамыстарымыз алжымай, дұрыс қартая білсек жарар еді.

Біз бүгінде тағдырымызды бір Аллаға, сосын Елбасына тапсырған елміз. Халқының қайта-қайта Назарбаевты Президент сайлауы соның куәсі. Біз - Елбасына, Елбасы - халқына сеніп келеді. Үдемізге жеткізіп жүрген де осы сенім. Н. Назарбаев ұлтының саны 40 проценттен асар-аспаста билікті қолына алып, Ұлы далада мемлекет орнатты, оны төрткүл әлемге танытып, мойындатты. Құдайға шүкір, жиырма жылдың бедерінде есіктегі басымыз төрге шықты. Елбасылы, Елордалы, Ақордалы ел болдық. Қазақтың саны бүгінде 65 проценттен асты.

Ғалымдардың айтуына қарағанда, Түрік атауының 4 мың жылдық тарихы бар. Нұх пайғамбардың үш ұлының бірі Йәфет (Эфес). ол Еділ мен Жайықтың арасын мекендейді. Оның сегіз ұлы бар еді: Түрік, Хазар, Сақлап, Рус, Мик, Шын, Кеймарт, Тарих. Йәфет өз орнына Түрікті отырғызып, өз ұлдарына: «Сендер Түрікті патшамыз деп мойындап, оған бағыныңдар» дейді. (Абулгазы. Родословное древо Тюрков).



VI ғасырда Бумын қаған байырғы Түрік атын халық санасында қайта жаңғыртып, Түрік қағанатын орнатты. «Мәңгі ел» орнатамын деп заң қабылдап, Ұлы далада шарқ ұрды. "Қаған өлсе, баласы емес, інісі хан болады" деген заң шығарды. Орта ғасырда әлемді дірілдеткен Осман империясының да Түрік мемлекетіне айналуы тегін емес еді.

Біз бағы замандардан бері иісі Түріктің кіндігі, тарихи Отаны, Ұлы дала - Қазақ жерін мекендеген елміз. Төрт жарым мың жыл бұрын бабалар ту етіп көтерген Мәңгі ел идеясы бүгін қайта жаңғырып отыр. Ендігі жерде жүрегі қазақ деп соққан, өзін көк Түріктің ұрпағымын дейтін әрбір азамат осы "Мәңгі ел" құру идеясының төңірегіне топтасу керек. Бүгінгі таңда әлемде 2000-нан астам ұлт болса, солардың 200-ге жетер-жетпесінің ғана маңдайына өз алдына жеке мемлекет болу бақыты бұйырған. Сол бақытқа біз де ие болып отырған елміз. Ендігі жерде басымызға қонған бақты бағалап, берісі қазақ, арысы түрік болып тұтасып, байырғы бабаларымыздың көксеген арманына, адамзат өркениетіне нық қадам басуымыз керек. Өзімізді өзіміз сыйламасақ, өзімізді өзіміз қадірлемесек, сырттан келіп бізді ешкім жарылқамайды.

Жаһандану дейтін ұғым етек алып тұрған заманда, атадан қалған қазақ жері тілімделіп, көрінгеннің меншігінде кетіп жатқанда, табиғи тұрпатымыздан айырыла жаздаған кезеңде, елдің келешегін ойлаймыз десек, аяқтан шалғанды, етектен тартқанды, жағадан алғанды, ырың-жырыңды қойып, "Мәңгі ел құру" деген ұлттық идеяның туы астына топтасу керек.

Жазушы Ғабиден Мұстафин: "біз ұлтшылдықпен алыстық, енді сендер ұлтсыздықпен алысасыңдар" деген еді. Айтса айтқандай, ұлтсыздықпен де, отансыздықпен де алысатын күн туды. Ошақтың бұты үшеу болғанымен, ұлттың біреу екендігін де ерекше сезінетін мезгіл әбден жетті.

Сақ заманынан қалған би атамыздың мына бір сөзі еске түседі: "Арамның жолы қикалаң, адалдың жолы төте еді.

Жақсы-жаман әркімнің арасынан өтеді. Араздаспай, таласпай, тату жүрсек не етеді. Ынтымағы бар болса, бұл дүниенің қызығы, бәріне түгел жетеді".

Біздің ұлы бабаларымыз өздерінің өмір тіршілігінде, байтақ тарихында үнемі сол бауырластықты, отаншылдықты, ынтымақты, сыйластықты, татулықты ту етіп ұстаған. Адамда да бәрібір сол туды жықпаған. Сөз ұстаған билеріміздің, қол бастаған батырларымыздың, ел билеген хандарымыздың бәрі елдің ынтымағы, ағайынның бірлігі, жердің тұтастығы үшін күресіп өткен. Сол жолда басын бәйгеге тіккен. Тәуелсіз Қазақстан саясатының алтын дінгегі, берік тұғыры – елдің ынтымақ-бірлігі. Біз жас ұрпақты осы рухта тәрбиелеуіміз керек.

Кейінгі кездері әннің де, әндердің сөзінің де берекесі кетіп барады. Үш-ақ сөйлемнен тұратын әнсымақтар де шыға бастады. Сахнадан, экраннан шашы жалбыраған, аласұрған ала сайтандарды көретін болдық. Шетелге еліктеу басым. Қазақтың дәстүрлі өнері жетім баланың күнін кешуде. "Тангам стайл", "Қара жорға стайл" дейтін сұмдықтар шыға бастады. Тәуелсіздік жылдары туған жас ақындардың шығармаларынан туған жер, Отан туралы өлеңдер табыла бермейді. Бұл қатты ойланатын, ел болып ойласатын мәселе.

Осының бәрін ескере отырып, тәрбиелік мәні бар, басымызды біріктіруге септігі тиер деген үмітпен Тоныкөк, Күлтегін жырларынан бастап, жыраулар эпикасымен сабақтап, қазақтың арғы-бергі ақындарының туған жер, өскен ел тақырыбындағы рухты өлең-толғауларын іріктеп жариялап отырмыз. Жинақтағы жерім деп тебіренген, елім деп еміренген аталы сөздерді оқып отырып ойланасың, толғанасың; қиналасың, күйзелесің.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Ауызымен орақ орған өңкей қыртың.  
Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын? –

деп күніренген дана Абайдың да сөзіне қазақ кезінде құлақ аспады.

Қалдың ба, қайран қазақ, қамданбастан,  
Барынды қолындағы малданбастан.  
Біріңе бірің серік, екеу болып,  
Кемшілік жетпегенің жалғанбастан.  
Ойда орыс, қырда қытай не істеп жүр,  
Елдік құрсақ болмас па әуел бастан.  
Күйзелген ел, жығылған туды көрмей,  
Бір-біріңе ойлайтының әлі қастан –

деп, Әсет ақын да күйзеліп, қабырғасы қайысып өтті дүниеден.

Ендеше, алтынды мыстан айырғандай осы жауһар жырларды зердеге салып қайта оқып, атадан қалған асыл сөздің түбіне тереңірек үңілсек, қайта бір ойлансақ, одан ғибрат алсақ, әсіресе, келешекте елдің де, жердің де иесі - жастарымыз оқып иланса дейміз.

"Опасыз мына дүние, жетпейді ешкім түбіне" деп ақылманымыз айтқандай, опасыз мына дүниеде ақылшы азып, аға сөзі де әдіре қала бастағанда, құл бидің сөзін сөйлеп, бит балаққа шығып тұрғанда, енді ғана керегеміз кеңейді, тереземіз теңелді деп жүрген кезде елдің, жердің, жас ұрпақтың келешегін ойлаудан жалықпайық.

Қолыңыздағы кітаптың да мақсаты осы.

**Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ**

## КҮЛТЕГІН (VIII ғасыр)

*(М. Жолдасбековтың аудармасынан үзінді)*

### Бірінші жыр

Тәңірі текті, Тәңіріден жаралған  
Түрік Білге, қаған  
Бұл шақта отырдым.  
Сөзімді түгел естіндер:  
Бүкіл жеткіншегім, ұланым,  
Біріккен әулетім, халқым,  
Оңымда – шад, апа бектер  
Солымда – тархан,  
бұйрық бектер отыз.  
Тоғыз оғыз бектері, халқы,  
Бұл сөзімді мұқият тыңда,  
Терең ұқ.  
Ілгері – күн шығысында,  
Оң жақта – күн ортасында  
Кейін – күн батысында,  
Сол жақта – түн ортасында  
Осының ішіндегі халықтың бәрі  
Маған қарайды,  
Халықты осыншама көп еттім.  
Егер қазір баяғы кексіз түрік қағаны  
Өтүкен қойнауында отырса,  
(онда) елде мұң жоқ.

Ілгері - Шаңтұн жазыққа дейін жауладым,  
Теңізге сәл жетпедім.  
Түстікте - Тоғыз Ерсенге дейін жауладым,  
Тибетке сәл жетпедім.  
Батыста - Инжу өзенін кеше  
Темір қақпаға дейін жауладым.  
Терістікте - Байырқы жеріне дейін жауладым,  
Осыншама жерге дейін жорыттым,  
Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді,  
бірақ ел тұтатын жер осы  
Өтүкен қойнауы еді.

\*\*\*

Ол жерге барсаң,  
Түрік халқы, өлімшісің.  
Өтүкен жерінде отырып,  
(Қазынаға) керуен жіберсең  
Еш мұның жоқ.  
Өтүкен қойнауында отырсаң,  
Мәңгі елдігіңді сақтайсың сен.  
Онда түрік халқы тоқ.  
Ашсың ғой сен,  
Аштықты тоқтықты түсінбейсің,  
Бір тойсаң аштықты түсінбейсің.  
Соның үшін алдандың,  
Қағаныңның тілін алмадың,  
Жер-жерге бардың,  
Әбден алкындың, арыдың.  
Сонда қалғандар жер-жерге қаңғып  
өлімші босқын (боп еді).  
Тәңірі жарылқағандықтан,

Өзімнің бақытым бар болғандықтан,  
Қаған отырдым.  
Қаған болып,  
Жоқ, кедей халықты көп көтердім,  
Кедей халықты бай қылдым,  
Аз халықты көп қылдым.  
Осы сөзімде өтірік бар ма?  
Түрік бектері, халқы, бұны тыңдаңдар!  
Түрік халқын жиып,  
Ел болғандарыңды мұнда бастым.  
Жаңылып, кешкендерінді де мұнда бастым.  
Барлық сөзімді айтар,  
Мәңгі тасқа бастым.

Бұған қарап біліңдер,  
Түрік халқының қазіргі бектері –  
Таққа кіріптар бектер,  
Сендер жаңылғышсыңдар ғой?!  
Мен мәңгі тас тұрғыздым.  
Табғаш қағаннан бәдізші алдырдым,  
жазу жазғыздым,  
Менің сөзімді бұзбады.  
Табғаш қағаны ішкі өңірден  
бәдізшілерін жәберді.  
Оларға бөлекше мазар салдырдым,  
Іші-тысына жазу жаздырдым,  
Тас қалаттым.  
Көңілдегі сөзімді (жазғыздым)  
Он оқ ұлдарына, таттарға дейін  
Бұны көріп, біліңдер.  
Мәңгі тас қалаттым.

Биікте көк Тәңірі,  
Төменде кара жер жаралғанда,  
Екеуінің арасында  
адам баласы жаралған.  
Адам баласы үстіне ата-бабам  
Бумын қаған, Істеми қаған таққа отырған.  
Отырып, түрік халқының еліне, төріне тұтқа  
болған,  
Қалыптастырған.  
Төрт тараптағылар жау болған.  
Сарбаздарымен аттанып,  
Төрт тараптағы халықты бағындырған,  
иеленген.,  
Бағындырып бейбіт еткен,  
Бастыны идірген,  
Тізеліні бүктірген,  
Ілгері – Қадырқан жынысына дейін,  
Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған,  
Екі аралықта жүрген иесіз  
Көк түріктерді осылай қоныстандырған.  
Білге қағандар еді.  
Алып қағандар еді.  
Әміршілері де білге болған еді,  
Алып болған еді.  
Бектері де, халқы да  
сенімді еді.  
Сол үшін де елін сонша (ұзақ)  
билеген еді,  
Ел тұтып, төрелік етті.

Өздері қаза болды.  
Жоқтаушы, жылап-сықтаушы:  
Күн шығыстағы  
Бөклі шөлінің елі,  
Табғаш, тибет, авар, үрім,  
Қырғыздар, үш құрықандар,  
Отыз татар, қытай, татабылар –  
Осыншама халық келіп,  
Сықтады-жылады.  
Осындай даңқты қағандар еді.  
Одан соң інісі қаған болған еді,  
Ұлдары қаған болған еді.  
(Бірақ) інісі ағасындай болмады,  
Ұлдары әкесіндей болмады.

Біліксіз қағандар отырған еді,  
Жалтақ қағандар отырған еді.  
Әмірлері де біліксіз еді,  
Әлсіз болған еді.  
Бектерінің, халқының ымырасыздығынан  
Табғаш халқының алдауына сенгендігінен,  
Арбауына көнгендігінен;  
Інілі-ағалының дауласқандығынан,  
Бекті – халқының жауласқандығынан  
Түрік халқы елдігін жойды,  
Қағанынан айырылды.

Табғаш халқына  
Бек ұлдары құл болды,  
Пәк қыздары күң болды.  
Түрік бектері түрік атын жойды,



Табғаш атын тұтынды.  
Табғаш қағанына бағынды,  
Елу жыл ісін-күшін берді.

(Олар) ілгері – Күншығыста  
Бөклі қағанға дейін жаулады,  
Кері – Темір қакпаға дейін жаулады,  
Табғаш қағанына елін-жұртын алдырды.  
(Сонда) Күллі түрік халқы былай десті:  
"Елді халық едім,  
Елім енді қайда?  
Кімге елдік құраймыз? – десті.  
Қағанды халық едім,  
Қағаным қайда?  
Қай қағанға күш-қуатымызды береміз?" – десті.  
Осылай деп табғаш халқына жау болды.  
Жау болып,  
Қолдарынан түк келмей,  
Қайта бағынды.  
Бүйтіп күш-қуатын бергілері келмеді.  
Түрік халқы:  
"(Өйткенше) қырылайық, жойылайық" - десті,  
Ажалға (қарай) жылжи бастады,  
(Сонда) жоғарыда Түрік Тәңірісі,  
Түріктің қасиеті Жері, Суы,  
Былай дейді:  
"Түрік халқы жойылмасын" – дейді,  
"Ел болсын", – дейді.  
(Сөйтіп) Әкем Елтеріс қағанды,  
Анам Елбілге қатынды

Тәңірі төбесіне тұтып,  
Жоғары көтеріпті.  
Әкем қағанға он жеті ер еріпті.

(Олар) Тыста жортуда жүр дегенді естіп,  
Қаладағылар өрлепті,  
Таудағылар індепті,  
Жиылып жетпіс ер болды.  
Тәңірі қуат берген соң  
Әкем қағанның әскері  
бәрі сияқты еді,  
Жаулары қойдай бопты,  
Ілгері-кейін аттанып,  
(халықты) жинады, көтерді.  
Қолы жеті жүз ер болды.  
Жеті жүз болып,  
Елсіреген, қағансыраған халықты,  
Күнденген, құлданған халықты,  
Түрік төрінен айырылған халықты  
Ата-баба мекеніне қайта орнатты.  
Төліс, тәрді халқын құрды.

Оларға жабғы, шад сайлапты  
Оңында – табғаш халқы жау еді,  
Солында – Баз қаған бастаған  
тоғыз оғыз халқы жау еді.  
Қырғыз, құрықан, отыз татар,  
Қытай, татабы - бәрі де жау еді,  
Әкем қаған осынша...  
Қырық жеті рет аттанды...

Жиырма шайқас жасады.  
Тәңірі жарылқағандықтан  
Елдігін елсіретпеді,  
Қағандығын қағансыратпады,  
Жауын бейбіт қылды,  
Тізеліні бүктірді,  
Бастыны жүгіндірді.  
Әкем қаған сөйтпi, ел-жұрт құрап,  
Ұша барды.

Әкем қағанның басына  
Баз қағанның балбалы қойылды.  
Оның елінің үстіне  
Ағам қаған отырды.  
Ағам қаған болып,  
Түрік халқын қайта көркейтті,  
Көтерді.  
Кедейді бай қылды,  
Азды көп қылды.

Ағам қаған болғанда,  
Өзім тардуш халқына шад болдым.  
Ағам қағанмен бірге ілгері –  
Жасыл өзеніне,  
Шаңтуң жазығына дейін аттандық.  
Кері – Темір қакпаға дейін аттандық.  
Көгменнен аса қырғыз  
жеріне дейін аттандық.

Бас-аяғы жиырма бес (рет) аттандық.  
Жиырма үш рет соғыстық.

Елдігін елсіреттік,  
Қағандығын қағансыраттық.  
Тізеліні бүктірдік,  
Бастыны идірдік.  
Түргеш ханы түркіміз, –  
Өз халқымнан еді.

Білместігі үшін,  
Бізге жауыздығы үшін қағаны өлді.  
Әміршілер, бектері де өлді.  
Он оқ халқы азап көрді.  
Атамыз, бабамыз ұстаған  
Жер-су иесіз болмасын деп,  
Аздарды халық етіп құрап,  
(оларға) Барс бек болды,  
Қаған атағын оған біз бердік.  
Қарындасымды – қаған қызын бердік.  
Өзі жаңылды, қағаны өлді,  
Халқы күн, күл болды.  
"Көгмен жер-суы иесіз қалмасын" – дедік.  
Аз, қырғыз халқын жинап,  
Келдік, соғыстық.

Елін қайта бердік.  
Ілгері – Қадырқан қойнауынан аса,  
Халықты осылайша қондырдық,  
осынша еттік.  
Кері – Кену-Тарманға дейін  
түрік халқын қоныстандырдық.  
Осынша еттік.

Ол шақта құл – құлды болған еді,  
Күн – күнді болған еді.

Інісі ағасын білмес еді.  
Баласы әкесін білмес еді.  
Сонша иелік еткен  
Ел-жұртымыз осындай еді.  
Түрік, оғыз бектері, халқы, тыңдандар!  
Төбеңнен Тәңірі баспаса,  
Төменде жер айырылмаса,  
Түрік халқы, ел-жұртыңды кім қорлайды?

Түрік халқы, өкін!  
Бағынғаның үшін (өзіңді)  
Көтерген қағаныңа,  
Қасиетімен, ісімен жақсы еліңе  
кінәлісің, жаман шатастың.

Қарулылар қайдан келіп,  
(Сені) жайратты?  
Найзалылар қайдан келіп,  
Сені ыдыратты?  
О, қасиетті Өтүкен қойнауынан бостың.

Біресе ілгері шаптың,  
Біресе кері шаптың,  
Барған жерде не пайда таптың?  
Қаның судай ақты,  
Сүйегің таудай үйлді,  
Бек ұлдарың құл болды.

Пәк қыздарың күн болды,  
Білместігіңнен, парықсыздығыңнан  
Ағам қаған дүниеден өтті.

\* \* \*

Басына қырғыз қағанының  
балбалын тіктім.  
Түрік халқының атақ-даңқы  
Өшпесін деп,  
Әкем қағанды,  
Анам қатынды  
Көтерген Тәңірі,  
Ел берген Тәңірі,  
Түрік халқының атақ-даңқы  
өшпесін деп,  
Тәңірі өзімді қаған отырғызды.

Ең болмаса бай халыққа  
Отырмадым.  
Іші ассыз,  
Сырты тонсыз  
Бейшара, мүсәпір халыққа  
отырдым.  
Інім Күлтегінмен ақылдастық.  
Әкеміз, ағамыз құрған халықтың  
Аты, даңқы өшпесін деп,  
Түрік халқы үшін  
Түн ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.  
Інім Күлтегінмен бірге,

Екі шадпен бірге  
Өліп-тіріліп жерді ұлғайтым.  
Біраз ұлғайтып,  
Біріккен халықты от-су қылмадым.

Мен өзім қаған боп отырғанда,  
Жер-жерден босыған халық  
Өліп-жітіп,  
Жаяу-жалпы  
Келіп жатты.  
Халықты көтермек боп,  
Терістікте оғыз халқына қарсы,  
Шығыста – қытай,  
Татабы халқына қарсы,  
Түстікте – табғашқа қарсы  
Ұлы қолмен он екі жорық жасадым.  
Сөйтіп тәңірі жарылқады.  
Бағым болғандықтан,  
Сәті түскендіктен,  
Өлімші халықты тірілттім.  
Жалаңаш халықты – тонды,  
Кедей халықты бай қылдым.  
Аз халықты көп қылдым.  
Тату елге жақсылық қылдым.  
Төрт бұрыштағы халықты бағындырып,  
Бәрін бейбіт қылдым.  
Тату қылдым.  
Бәрі маған бағынды.  
Ісін-күшін беріп,  
осыншама ел құрап,  
Інім Күлтегін өзі қайтыс болды...

## ТОНЬКӨК

(үзінді)

...Ақыл иесі,  
Сөз иесі мен болдым.  
Шұғай құзында,  
Қара құмда отырушы едік,  
Киік жеп, қоян жеп отырушы едік.  
Халық тамағы тоқ еді,  
Жауымыз тегіс жыртқыш құстай еді.  
Біз жемтік едік.  
Осылай отырған шақта  
Оғыздардан елші келді,  
Елші сөзі мынадай:  
Тоғыз оғыз халқына  
Хан сайланды, – деді.  
Табғаштарға Күн Сеңүнді жіберді,  
Құтандарға Тонра Семді жіберді.  
Сөзді былай жіберді:  
Аз ғана түрік халқы көшпелі еді,  
Қағаны алып еді,  
Ақылгөйі білгір еді.  
Ол екі кісі тірі тұрса,  
Сені – табғашты қырады, – депті,  
Шығыста – құтанды қырады, – депті,  
Мені – оғызды қырады, – депті.  
Табғаштар түстіктен шабындар!  
Құтандар шығыстан шабындар!  
Мен терістіктен шабайын!  
Түрік – сір халқының жерін жат баспасын!  
Сол дұшпанды жояйық! – депті.



Осы сөзді естіп,  
Түнде ұйқым келмеді,  
Күндіз отырғым келмеді.  
Ақыры, қағаным өтіндім:  
Былай өтіндім:  
"Табғаш, оғыз, құтан –  
Бұл үшеуі біріксе,  
біз өз іш-тысымызды ұстап  
қала алмаспыз.  
Жұқаны бүктеу – оңай,  
Жіңішкені ұзу – оңай.  
Жұқа қалыңдаса,  
(Оны тек) алып үзеді.  
Жіңішке жуандасы,  
(Оны тек) алып бүктейді.  
Шығыста – құтанға,  
Түстікте – табғашқа,  
Батыста – құрданға,  
Тегістікте – оғызға  
Екі-үш мың қолмен бара аламыз ба?!"  
Осылай өтіндім.  
Қағаным мен өзім – білге  
Тоныкөк өтінген өтінішімді тыңдады:  
Көңіліндегіше баста, – деді.  
Көк Өңүт өзенінен өтіп,  
Өтүкен қойнауына бастадым.  
Тоғлада сиыр көлікті оғыздар кездесті.  
Әскері үш мың екен,  
Біз екі мың едік.  
Соғыстық,  
Тәңірі жарылқады, жеңдік.

Өзенге түстік, жеңдік.  
Жол үстінде көп өлді,  
Сөйтіп оғыз түгел бағынды.  
Түрік халқы Өтүкен жеріне  
келді дегенді естіп,  
Түстік халықтар, батыстық, терістік,  
Шығыстық халықтар келді.  
Екі мың едік,  
Біз екі (бөлек) қол болдық.  
Түрік қағаны отыратын  
Шаңтұң қаласына,  
Теңіз өзеніне апардым,  
Жиырма үш қала талқандалды,  
Үйсін бұнгату жұртын жайладық.

\*\*\*

Елтеріс қағанның ақылдылығынан,  
Батырлығынан  
Табғаштармен жиырма жеті (рет) соғысты.  
Оғыздармен бес (рет) соғысты.  
Сонда ақылгөйі де мен едім.  
Дем беруші де мен едім.  
Елтеріс қаған үшін,  
Түрік Бөгі қаған үшін,  
Түрік Білге қаған үшін,  
Қапаған қаған үшін,  
Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.  
Қызыл қанымды төктім,

Қара терімді ағыздым.  
Күш-қуатымды аямадым.  
Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым.  
Арқый күзетшілерін молайттым.  
Кінәлі жауларын алдына келтірдім.  
Қағанмен (бірге) аттандық.  
Тәңірі жарылқады!

Бүкіл Түрік халқына  
Қарулы жау келтірмедім,  
Атты әскер жолатпадым,  
Елтеріс қаған жауламаса,  
Оған еріп мен де жауламасам,  
Елім, халқым жойылар еді.  
(Оның) әрекетінің арқасында,  
Менің де әрекетімнің арқасында  
Еліміз қайта ел болды,  
Халқымыз қайта халық болды.  
Өзім қартайтым,  
Ұлық болдым...

## АСАНҚАЙҒЫ (XV ғасыр)

...Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған,  
Оймауыттай тоғай егіннің  
Ойына келген асын жейтұғын  
Жемде кеңес қылмадың,  
Жемнен де елді көшірдің.  
Ойыл деген ойыңды,  
Отын тапсаң тойыңды,  
Ойыл көздің жасы еді,  
Ойылда кеңес қылмадың,  
Ойылдан елді көшірдің.  
Елбең-елбең жүгірген,  
Ебелек отқа семірген,  
Екі семіз қолға алып,  
Ерлер жортып күн көрген  
Еділ деген қиянға,  
Еңкейіп келдің тар жерге,  
Мұнда кеңес қылмадың.  
Кеңестің түбі нараду,  
Нәлет біздің жүріске,  
Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазда жайласаң,  
Бірін қыста қыстасаң,  
Ал, қолыңды маларсың  
Алтын менен күміске!..

## ҚАЗТУҒАН (XV ғасыр)

Алаң да алаң, алаң жұрт,  
Ағала Ордам қонған жұрт,  
Атамыз біздің бұ Сүйініш  
Күйеу болып барған жұрт,  
Анамыз біздің Бозтуған  
Келіншек болып түскен жұрт,  
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,  
Кіндігімді кескен жұрт,  
Кір-қоңымды жуған жұрт,  
Қарағайдан садақ будырып,  
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,  
Жанға сақтау болған жұрт.

Салп-салпыншақ анау үш өзен,  
Салаулы менің ордам қонған жер,  
Жабағылы жас тайлақ  
Жардай атан болған жер,  
Жатып қалған бір тоқты  
Жайылып мың қой болған жер,  
Жарлысы мен байы тең,  
Жабысы мен тайы тең,  
Жары менен сайы тең.  
Боташығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай,  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,

Шырмауығы шөккен түйе таптырмас.  
Балығы көлге жылқы жаптырмас,  
Бақасы мен шаяны  
Кежідегі адамға  
Түн ұйқысын таптырмас.  
Қайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жұрт!..

**ДОСПАМБЕТ**  
**(XVI ғасыр)**

Айналайын Ақ Жайық,  
Ат салмай өтер күн қайда,  
Еңсесі биік боз орда  
Еңкейе кірер күн қайда,  
Қара бұлан терісін  
Етік қылар күн қайда,  
Күдеріден бау тағып,  
Кіреуке киер күн қайда,  
Күмбір, күмбір кісінетіп  
Күреңді мінер күн қайда,  
Толғамалы ақ балта  
Толғап ұстар күн қайда,  
Алты құлаш ақ найза  
Ұсынып шаншар күн қайда,  
Садақ толған сайгез оқ  
Масағынан өткеріп,  
Басын қолға жеткеріп  
Созып тартар күн қайда!  
Кетбұғадай билерден  
Кенес сұрар күн қайда,  
Еділдің бойын ел жайлап,  
Шалғынына бие біз байлап,  
Орындықтай қара сабадан  
Бозбаламен күліп, ойнап,  
Қымыз ішер күн қайда!

Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым, өкінбен,  
Толғамалы ала балта қолға алып,  
Топ бастадым, өкінбен,  
Тобыршығы биік жай салып  
Дұшпан аттым, өкінбен,  
Тоғынды сарты нар жегіп  
Көш түзедім, өкінбен,  
Ту құйрығы бір тұтам  
Тұлпар міндім, өкінбен,  
Туған айдай нұрланып  
Дулыға кидім, өкінбен,  
Зерлі орындық үстінде,  
Ал шымылдық ішінде  
Тұлымшағын төгілтіп,  
Ару сүйдім, өкінбен,  
Бүгін, соңды өкінбен,  
Өкінбестей болғанмын,  
Ер Мамайдың алдында  
Шаһид кештім, өкінбен!..



## ШАЛКИЗ (XV-XVI ғасыр)

Арғымақ ару атлар сескенсе  
Ақ тігердің қарсы алдында жусар ма,  
Ойда қазақ көп жортса,  
Белдерін күміспенен құрсар ма,  
Тәңірі жанын алмаса,  
Тау аралап жол салмай,  
Тас аралап құс салмай,  
Арқаның бауырын қыдырмай,  
Арғымақ ару атлар арытпай,  
Жат жерлерге бармай, өзін танытпай,  
Өзден болмай, би болмай,  
Атаның батыр туған ұлына  
Ойда жатмақ ұсар ма!

Жайыңды білген қарындас –  
Ол қарындас һәм жолдас,  
Жайыңды білмес қарындас –  
Өзі дұшпан, өзі қас.  
Арғымақтың баласы  
Жаздың алты айы жорытсаң,  
Еш өкпесі қабынбас,  
Асыл туған батыр ер  
Тоқсанға жасы жетпей қарымас,  
Тәңірі өзіне бермесе,  
Менменсіп жүрген ер жігіт  
Кісіден тартып алып жарымас!

Емен шайнап, тал қайзар  
Құлан, бұлан баласы,  
Екі енені тел емген  
Бұзылмайды жас тұлпардың саурысы,  
Қатты бір тартып бек атсаң,  
Қайырылып барып тез сынар  
Қайың оқтың жарқасы,  
Белбуардан саз кешсең,  
Тобығыңнан келтірмес  
Қамалаған қалың туған арқасы!

**ЖИЕМБЕТ**  
**(XVII ғасыр)**

Еңсегей бойлы ер Есім,  
Есім, сені есірткен,  
Есіл де менің кеңесім.  
Ес білгеннен, Есім хан,  
Қолыңа болдым сүйесін,  
Қолтығыңа болдым демесін.  
Ертеңгі күн болғанда,  
Елің кеңес құрғанда,  
Айналып ақыл табарға  
Есіктегі ебесін,  
Сонда ханым не десін,  
Мен жоқ болсам, Есім хан,  
Ит түрткіні көресің,  
Жиембет қайда дегенде  
Не деп жауап бересің?..  
Меніменен, ханым, ойнаспа,  
Менің ерлігімді сұрасаң,  
Жолбарыс пенен аюдай.  
Өрлігімді сұрасаң,  
Жылқыдағы асау тайындай.  
Зорлығымды сұрасаң,  
Бекіре менен жайындай.  
Періктігімді сұрасаң,  
Қарағай менен қайындай.  
Көруші едім, Есім хан,  
Ханымды күнім, сізді айымдай.

Сырым саған түзу-ді,  
Садакқа салған бұлындай.  
Жұмыскерің мен едім  
Сатып алған құлындай.  
Жүруші едім араңда  
Өзіңнің інің менен ұлындай.  
Есімде менің сүймеуің,  
Істетпеске қойған тіліңдей.  
Мен өлсем құнсыз кетер деме сен,  
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген  
Тілеуберді құлындай!  
Тілеуберді құлың мен емес,  
Мұның, ханым жөн емес.  
Менің ер екемді көргенсің,  
Әуелден бірге жүргенсің,  
Дегенімді қылғансың,  
Қайратымды білгенсің.  
Ағбытпа, ханым, күннен соң,  
Сіздің естен кеткенмен,  
Біздің естен кеткен жоқ.  
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,  
Қаланың қасы бұлгенде,  
Хандар қалаға қылаған,  
Сұлтандар суға сылаған,  
Қаз мойынды ханыша  
Қалада тұрып жылаған...  
Тал шарбаққа мал сақтап,  
Тас қалаға жан сақтап,  
Тасықан екен мына хан!  
Қайырылып хайыр қылғуға  
Қылғаның жоқ ұнаған.

Қайратым қанша кайтса да,  
Мұныға, ханым, шыдаман!  
Арқаға қарай көшермін,  
Алашыма ұран десермін,  
Ат құйрығын кесермін,  
Ат сауырын берермін,  
Алыста дәурен сүрермін,  
Қарамасаң, хан, қарама,  
Сенсіз де күнімді көрермін!

**АҚТАНБЕРДІ**  
**(XVII-XVIII ғасыр)**

Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күреңді мінер ме екеміз,  
Күдеріден бау тағып,  
Қамқапты киер ме екеміз?!  
Өзенге бие байлатып,  
Төскейге орда орнатып,  
Төрткілдеп ошақ қаздырып,  
Төбел бие сойғызып,  
Төменде бидің кеңесін  
Біз де бір құрар ма екеміз?!  
Құлаты тауға қол салып,  
Садақтың оғын мол салып,  
Бетпақтың ен бір шөлінен  
Төтелеп жүріп жол салып,  
Қолды бір бастар ма екеміз?!  
Майданда дабыл қақтырып,  
Ерлердің жолын аштырып,  
Атасы басқа қалмақты  
Жұртынан шауып бостырып,  
Түйедегі наршасын,  
Әлпештеген ханшасын,  
Ат артына мінгізіп,  
Тегін бір олжа қылар ма екеміз?!  
Кеуде бір жерді жол қылсам,  
Шөлең бір жерді көл қылсам,  
Құрап жанды көп жиып,

Өз алдына ел қылсам!  
Асқар бір тауды жайласам,  
Желілеп бие байласам,  
Күнде жиын, күнде той,  
Қыз-бозбала ойнатсам,  
Тентегін түзеп байқа деп,  
Ішінен биді сайлатсам,  
Құлым бір ұлдай киінсе,  
Көркемін көрген сүйінсе,  
Атымтай жомарт секілді  
Атағым жұртқа білінсе!  
Өзім бір бөлек жайласам,  
Жігіттен нөкер сайласам,  
Ойпаң жерге он отау,  
Қыраң жерге қырық шатыр тіктіріп,  
Қонағымды жайғасам!  
Пышақтан малым кетпесе,  
Қазаным оттан түспесе,  
Ауылдан топыр үзілмей,  
Ошақтың оты өшпесе.  
Май жемесе қонағым,  
Қан жемесе барағым,  
Он кісіге жараса  
Бір кісіге арнап тартқан табағым!  
Халыққа атым білініп,  
Шүлеңгір мырза атанар ма екеміз!?  
Төскейде кеңес топтанып,  
Жақсылар үйде баптанып,  
Нөкерлер жүрсе сап түзеп,  
Қос-қосымен шаттанып.  
Хиуадан ақыл алатын,

Қиыннан айла табатын  
Ерлерден салсам нөкерді  
Дұшпаннан кекті алатын!  
Жоны бір жалпақ жотадай,  
Мойны бір жалпақ бұқадай,  
Балуаннан нөкер барлатып  
Күреске салар ма екеміз!?  
Артықша көзге көрініп,  
Балуаным жықса таңлатып.  
Алмасын арнап суарып,  
Ақ сауыт соқса зергерім,  
Таудағы сала бұғыны  
Андып атса мергенім!  
Көкорай көктем болғанда,  
Дауысы бар азандай,  
Желіні бар қазандай,  
Жаралы қудай ыңырантып,  
Жарылған мұздай күңіренгіп,  
Қайрауықтың ащы күйіндей,  
Қайырып боздап күйлентіп,  
Боталаған боз інген  
Азан-қазан, у да шу  
О да бір алса мазамды-ай!  
Алғайдың құба жонында  
Жайылған қойым сыймаса,  
Жүз бүркеншек, жүз қоспен  
Қатар жүріп жинаса!  
Көк алалы көп жылқы  
Көлге бір түссе көз жетпей,  
Санап санын алуға  
Есебіне сан жетпей...



Беглерім мінсе шұбарын  
Жұлындай қылып жаратып.  
Елден елді аралап,  
Текіден текті саралап,  
Беглердің қызын айттырсам,  
Нұсқасын байқап шамалап.  
Сынға толса сияғы,  
Әлбеті шамның шырағы,  
Мұхиттан сүзіп шығарған  
Қымбатты гауһар бағасы.  
Жүз нарға кілем жаптырып,  
Қазақтан сәнін арттырып,  
Ұзатып салсам сәнменен  
Көңілімді хош таптырып.  
Бала берсе тезінен,  
Пірлердің бітсе демінен,  
Шілтеннің тиіп шылауы  
Артылып туса өзімнен!  
Осынша берген дәулетті  
Көтеріп тұра алар ма екеміз!

**БҰҚАР**  
(XVII - XVIII ғасыр)

Ай, заман-ай, заман-ай,  
Түсті мынау тұман-ай,  
Істің бәрі күмән-ай.  
Баспақ тана жиылып,  
Фана болған заман-ай.  
Құл-құтандар жиылып,  
Құда болған заман-ай.  
Арғымағын жоғалтып,  
Тай жүгірткен заман-ай.  
Азаматың құлапты,  
Жұрт талық болған заман-ай.  
Арғымақтың жалы жоқ –  
Жабылар жалыменен теңелер,  
Жақсылардың малы жоқ –  
Жамандар малымен теңелер.  
Арғымақ жалсыз, ер малсыз,  
Алланың аманат қойған жаны  
Қай күн алары болжалсыз!

\* \* \*

Биік тауға жарасар  
Ығынан тиген панасы.  
Терең сайға жарасар  
Тобылғылы саласы.  
Ер жігітке жарасар

Қолына алған найзасы.  
Би жігітке жарасар  
Халқына тиген пайдасы.  
Ақсақалға жарасар  
Тілеуқорлық айласы.  
Бәйбішеге жарасар  
Еміздіктеген сабасы.  
Келіншекке жарасар  
Емшектегі баласы.  
Қыз он беске келгенде  
Шашынан көп жаласы.  
Бұл жалғанда бір жаман  
Ағайынның аласы.

\* \* \*

Қорғанды шаһар қаласын  
Қазақ білмес, сарт білер.  
Төс айылдың батқанын,  
Иесі білмес, ат білер.  
Ер жігіттің кәдірін  
Ағайын білмес, жат білер.  
Қойға қошқар құт болса,  
Қозы құрттан өлмейді.  
Қой бітерде қотаншы ит  
Бөріге қой бермейді.  
Ауылда адам бар болса,  
Ауыл ала болмайды.  
Ел иесі құт болса,  
Халқы ала болмайды.  
Үлгісіз сөз болмайды,

Мақтасыз бөз болмайды,  
Сөз ұғарлық ер болса,  
Айтылмас шын сөз болмайды.  
Алтындай асыл сөзіңді  
Кәдіріне жетіп бағалап,  
Тыңдайтын ер кез болмайды.

\* \* \*

Ай, айтамын, айтамын,  
Мінген атың айтамын,  
Ойнай басқан аяқтым,  
От орнындай тұяқтым,  
Қиғаш қамыс құлақтым.  
Саптаяқтай еріндім,  
Сарымсақтай азулым,  
Сауырынан кере жараған,  
Кекілін қыздай тараған,  
Тостаған көзді торыны  
Топ тарқамай мін-сана,  
Еліннің қамын же-сана,  
Есіліп кеңес айт-сана.  
Айта да айта кетсін жұртына,  
Мұздар да мұздар қатсын мұртыңа,  
Еш келмеді қыр тұта,  
Кең Абылай, кең ием,  
Шұбар ағаш, құба жон,  
Мекен еткен шөлде, ием,  
Телі менен тентегің  
Иіліп алдына, келді, ием!

\* \* \*

Жал, құйрығы қаба деп,  
Жабыдан айғыр салмаңыз!  
Қалыңмалы арзан деп,  
Жаман қатын алмаңыз!  
Жабыдан айғыр салсаңыз,  
Жауға мінер ат тумас.  
Жаман қатын алсаңыз,  
Топқа кірер ұл тумас.  
Жаман қатын алғаның –  
Төркініне бере алмай,  
Төсегіне жата алмай,  
Тең құрбысы келгенде,  
Оңды жауап қата алмай,  
Жалғанда қор болғаның.  
Таудан аққан тас бұлақ,  
Тасыса құяр теңізге,  
Қанша малы көп болса,  
Бай қуанар егізге.  
Жаманнан жақсы туса да,  
Жақсыдан жаман туса да,  
Тартпай қоймас негізге.

\* \* \*

Ханға жауап айтпасам,  
Ханның көңілі қайтады.  
Қандыра жауап бермесем,  
Халқым не деп айтады?  
Хан Абылай, Абылай,

Қайғылы мұндай хабарды  
Сұрамасаң не етеді?  
Сұраған соң айтпасам,  
Кісілігім кетеді.  
Енді айтайын тыңдасаң,  
Маған қаһар қылмасаң.  
Қарағай судан қашып,  
Шөлге біткен бір дарак.  
Шортан суға шыдамсыз  
Балықтан шыққан бір қарақ.  
Ойлама шортан ұшпас деп,  
Қарағайға шықпас деп.  
Күн батыстан бір дұспан,  
Ақырда шығар сол тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Молласының аты - поп.  
Күн шығысқа қарайды,  
Шашын алмай тарайды.  
Құдайды білмес, діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ.  
Осы сынды бір кәпір,  
Аузы-басы жүн кәпір  
Жаяулап келер жұртына.  
Жағалы шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртына.  
Жемірлерге жем беріп,  
Ел қамын айтқан жақсыны  
Сөйлетпей ұрар ұртына.  
Бауыздамай ішер қаныңды,  
Өлтірмей алар жаныңды.  
Қағазға жазар малыңды,

Есепке салар барыңды.  
Еліңді алар қолыңнан,  
Әскер қылар ұлыңнан.  
Тексізді төрге шығарып,  
Басыңа ол күн туғанда,  
Теңдік тимес құлыңнан.  
Бұл айтқан сөз, Абылай,  
Болмай қалмас артыңнан,  
Естісең міне қартыңнан!

ДУЛАТ  
(XIX ғасыр)

Ақжайлау мен Сандықтас –  
Атамның қонған қонысы:  
Түн асса тұтам түгі өскен  
Басылмайтын сонысы!

Аққан бұлақ сай-салаң,  
Шытырман тоғай айналаң,  
Жоның жайлау кең алаң,  
Атам қонған кең далам!  
Мендей сені қызғанар  
Бауырыңда өскен қай балаң!  
Көл қорыған қызғыштай  
Сен десе салам байбалам.  
Жайлауыңды көргенде –  
Жадыраймын, жайланам.  
Өксігіңді ойласам –  
Ұйқы беріп, қайғы алам.

Қилы, қилы заманды,  
Заманға сай адамды  
Салыстырып қарасам,  
Су мүйіз болған танадай  
Шыркөбелек айналам.  
Кешегі бір заманда  
Қасиетті еді хан, қараң.  
Мынау азған заманда



Қарасы – антқор, ханы – арам,  
Батыры көксер бас аман,  
Бәйбіше – тантық, бай – сараң.  
Бозбаласы – бошалаң,  
Қырсыға туды қыз балаң.  
Нары – жалқау, кер табан,  
Құсы – күйшіл, ат – шабан.  
Жырғалаң жоқ, жобалаң,  
Ебі кеткен ел болды  
Енді қайда мен барам?!

Ой, Сандықтас, Сандықтас –  
Атамның қонған жайлауы!  
Қайнардан суың қайнауы,  
Шалғынға жонын көмілтіп,  
Құлынды қазақ байлауы,  
Бал татыған бағланның  
Езілтіп етін шайнауы,  
Сенің арқаң емес пе  
Лықсытып малды айдауы.  
Мынау азған заманда  
Сөзінің кетіп байлауы,  
Келелі биде кезек жоқ,  
Қоритын болыс сайлауы.  
Қаларсың бір күн, Сандықтас,  
Құлан жортпас бел болып,  
Самалың салқын соғатын  
Сары ызғырық жел болып.

О, Сарыарқа, Сарыарқа!  
Самалың салқын жон едің,  
Сырдан ауып келгенде,  
Жапырылмай шалғының,  
Балауса балдыр балғының,  
Тимеген ірге соны едің.  
Ойың бал-ау шайырлы,  
Толықсып толып лықсыған  
Олқы емес едің, толы едің.  
Өрісің бейбіт дер едің,  
Қонысың кең ер едің,  
Төбініңді теуіп тел өскен  
Төрт түлікті жер едің.  
Ойың көкпен ойылған,  
Қом жасап түйең тойынған,  
Жылқыңның шабы бусаған,  
Ыңыранып қой жусаған,  
Шөбіңді сенің татқан мал  
Құламасы сусаған,  
Масаты кілем жайғандай  
Қоныстың шұрай жері едің!

Жеген мал қысыр қалмаған,  
Бетеге, тарлау, шырышын,  
Қарабөктер мүк, жусан,  
Ерте қашқан шыбышын.  
Саған келіп ішіп ек,  
Тұнықты мөлдір шынысын.

## МАХАМБЕТ (XIX ғасыр)

### Ереуіл атқа ер салмай

Ереуіл атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,  
Еңку-еңку жер шалмай,  
Қоңыр салқын төске алмай,  
Тебінгі терге шірімей,  
Терлігі майдай ерімей;  
Алты малта ас болмай,  
Өзіңнен туған жас бала  
Сақалы шығып жат болмай,  
Ат үстінде күн көрмей,  
Ашаршылық, шөл көрмей,  
Өзегі талып ет жемей,  
Ер төсектен безінбей,  
Ұлы түске ұрынбай,  
Түн қатып жүріп, түс қашпай,  
Тебінгі теріс тағынбай,  
Темір қазық жастанбай,  
Қу толағай бастанбай  
Ерлердің ісі бітер ме?

### Қызғыш құс

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Қанатың қатты, мойның бос.  
Исатайдан айырылып,

Жалғыздықпен болдым дос.  
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!  
Ел қорыған мен едім,  
Мен де айырылдым елімнен.  
Көл қорыған сен едің,  
Сен де айырылдың көліңнен.  
Аспандап ұшқан қызғыш құс!  
Сені көлден айырған –  
Лашын құстың тепкіні.  
Мені елден айырған –  
Хан Жәңгірдің екпіні.  
Айтып-айтпай немене,  
Құсалықпен өтті ғой,  
Махамбеттің көп күні!

### **Бағаналы терек**

Орай да борай қар жауса,  
Қалыңға боран борар ма!  
Қаптай соққан боранда  
Қаптама киген тоңар ма!  
Туырлықсыз тұл үйге  
Ту байласаң тұрар ма!  
Бағаналы терек жарылса,  
Бақыраш жамап болар ма!  
Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,  
Еменге иір бұтақ бітсейші,  
Қыранға тұғыр қыларға!  
Ханнан артық туғанша,  
Қарадан бір-ақ тусайшы,  
Халықтың кегін қусайшы,

Артымыздан біздердің  
Ақырып теңдік сұрарға.

\* \* \*

Арқаның қызыл изені  
Басы - күрдек, түбі - арал,  
Қыдырып шалар аруана.  
Еліңде қарияң болмаса,  
Жастары болар диуана.  
Бір сынаған жаманды  
Екінші қайтып сынама.  
Тіршілікте сыйласпаған, ағайын,  
Құм құйылсын көзіңе,  
Өлгенде бекер жылама.

## КҮДЕРІҚОЖА (XIX ғасыр)

### Қарқаралы, Қазылық

Найманда жұрттың ағасы,  
Кіреуке тонның жағасы.  
Ел жайлаудан келгенде  
Көрініп тұр обасы.  
Аударыла шапса да,  
Кетпейді екен күнінде  
Артқы айылдың доғасы.  
Майдай болып жұғатын  
Малданған түрлі малдарға  
Қорқылдақ көлдің қоғасы...  
Қаласың енді амал жоқ  
Жазылып құмар жайлаудан...  
Бесқазылық, Ойтүндік,  
Көрінер жерің бір күндік.  
Күншілік жерден көрінген,  
Көрінсе көңілім сүйінген,  
Баянаула, Қазылық,  
Жазғытұрым болғанда,  
Бауырыңнан ел көшкенде,  
Көштің жолы сүрлеу боп,  
Қалушы еді қазылып.  
Жаз жайлауға шыққанда,  
Қонушы едік жазылып.  
Қыс болғанда қонған тау,

Жаз болғанда көшкен тау.  
Бәйбішелер отырып,  
Сабаларын толтырып,  
Нияздарын аштырып,  
Наурыздама берген тау.  
Басымнан малым кетпеген,  
Үстімнен боран өтпеген,  
Күңіреніп дәурен сүрген тау.  
Құтты, құтты, құтты тау,  
Құт сан қара біткен тау.  
Өмір бойы іздесем  
Табылмас сендей сүтті тау...  
Жатып қалған жас қозы  
Жайылып қой болған тау.  
Бағлан қозы қой болар  
Бірін сойса той болар.  
Сойғанының терісі  
Жөнін білген шеберге  
Бір өзі бір бой болар.  
Қарқаралы, қайран тау,  
Тиюші еді пайдан тау.  
Пайдасының белгісі -  
Үйімде тұрған үлгісі.  
Үлгісінің белгісі:  
Шаңырағым, уығым,  
Адал бақан, сырығым,  
Ат ұстайтын құрығым.  
Аяғым мен табағым,  
Отқа жағар дарағым.  
Желі соғар тоқпағым,  
Арбаға арыс белдігім,

Ел кыстауға келгенде,  
Сиыр жатар шілігім.  
Арқанды атқа кіселім,  
Байлаулы атқа пішенім,  
Сарымсақты, жуалым,  
Жер біткеннің дуалым.  
Ат жүре алмас аралдым,  
Ішінде бұғы, маралдым.  
Бұғы да марал жатқан жер,  
Мергендер тандап атқан жер.  
Мерекеге батқан жер,  
Артығын алып сатқан жер.  
Бабамның өсіп-өнген жер,  
Аруағым көмген жер.  
Өрелерін сүйеніп,  
Үзенгісін шіреніп,  
Құлым шора болған тау.  
Байтөбетім маңқылдап,  
Байсал тауып үрген тау.  
Балалы қаздай байпаңдап,  
Бәйбіше дәурен сүрген тау.  
Азаматым бас құрап,  
Басына дәурен сүрген тау.  
Жалғыз ауыл қонған тау,  
Жайқалып ел болған тау.  
Айдарлары желкілдеп,  
Атам бала болған тау.  
Әкем бір күйеу болған тау,  
Шешем бір келін болған тау.  
Ақ бүркеншік салынып,



Ала берен киген тау,  
Ағашың әйбат көрінген,  
Жемісі жерге төгілген,  
Жарықтығым, қайран тау,  
Еш болмассың ойран тау,  
Жалғыз сиыр сауған тау,  
Артық белгің сол еді,  
Шілігің толған айран тау.  
Баянаула, Қызылтау,  
Бауыры толған бие бау...  
Қарада қуыс бастауым,  
Белгілі еді қыстауым.  
Қожыр да қожыр тастарың,  
Көзімнен аққан жастарым.  
Сабынды қопа қамысым,  
Тамам бір жұртқа танысым...  
Боранда малым ықпаған,  
Үйімді дауыл жықпаған.  
Шағыр бір жусан, изендім,  
Сенен де кетіп күйзелдім.  
Ат арқандар қазығым,  
Балаларға азығым...  
Он екі Қазылық, он түнек,  
Маңырап жатқан қой түнек.  
Есіл, Нұра - екі су,  
Еңкейіп онан бетің жу.  
Бірің де шекер, бірің бал,  
Қайсы бірін айтайын,  
Бетеге көде жарылса,  
Шулап тұрған бәрің бал...

Қайран Есіл, Нұрамыз,  
Қайда барып сиямыз.  
Әлдилеген әлпешті,  
Бұлдилеген болпышты,  
Қайда апарып қырамыз?!  
Есіл, Нұра сазымыз,  
Қаңқылдайды қазымыз,  
Сыр, Қуаң деген жерлерге  
Енді кетіп барамыз.  
Барсақ тағы жүре алмай,  
Шырқ айналып келерміз.  
Түрлі-түрлі жібектей  
Түйіні басқа жеріміз.  
Түлкі менен қарсақтай  
Түгі де басқа жеріміз.  
Айдын шалқар көліміз,  
Жағалай қонған еліміз.  
Баса бір тартқан желіміз.  
Сондай жерге қонғанда,  
Көтерілген көңіліміз,  
Кіруші еді бейіліміз,  
Кетейін деп кетпедім,  
Қалды-ау есіл жеріміз.  
Ақ сақалды бабалар,  
Ақ сүт берген аналар,  
Таласып өскен жеңгелер,  
Теңесіп өскен інілер.  
Қожыр да кожыр тастарың,  
Басыңа соққан достарым,  
Соға тұрса дауылын,

Жауа тұрса жауының,  
Күзгітұры болғанда,  
Қаптай қонып алушы ек.  
Жамайда жатқан көп аруак,  
Молаңды елде көруші ек.  
Жыл он екі ай болғанда,  
Басыңа дұға беруші ек.  
Бұ барғаннан келмесек,  
Өз еркімнен жүрмесек,  
Жебеп-желеп жүре гөр,  
Арқада қалған аруак!

# НЫСАНБАЙ

(XIX ғасыр)

## Кенесары - Наурызбай

Кешегі өткен Кенекен –  
Дүрри жауһар данасы.  
Үйсіздерге үй болған,  
Биуатанның қанасы .  
Шаршағанға ат болып,  
Шөлдегенге су болған,  
Дарияның аққан саласы.  
Ата-тегің сұрасаң,  
Хан Абылай баласы.  
Арқадан ауып кеткені –  
Бұ жақтағы жұртының  
Ауызының аласы.  
Әуелгі мекен қонысы –  
Көкшетаудың панасы.  
Жазғы жайлау өрісі –  
О да соның даласы.  
Көп тілеуін тілеген  
Ол – мұсылман баласы.  
...Кене ханның тұсында  
Қарт бурадай жарадық.  
Жауды жасқап, жапырып,  
Жауған қардай борадық.  
"Абылайлап" ат қойып,  
Дұшпанның алдын орадық.  
Кенекемнен айырылып,

Шіл боғындай тарадық.  
Көрінгеннен қорғалап,  
Кісі ауызына қарадық.  
Өзіміз шапқан Созақта  
Сарттан ақыл сұрадық,  
Иесіз қалды тағымыз.  
Наурызбай төре кеткен соң,  
Бастан тайды бағымыз.  
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,  
Байланды тіл мен жағымыз.  
Азғанымыз емес пе,  
Қойшыдан сынды сағымыз.  
Артында қалған жетім ел,  
Кетті елдік сәніміз.  
Ақырында, әлеумет,  
Осындай болды халіміз...

# СҮЙІНБАЙ

(XIX ғасыр)

## Бөрілі менің байрағым

Бөрілі байрақ астында  
Бөгеліп көрген жан емен.  
Бөрідей жортып кеткенде,  
Бөлініп қалған жан емен.  
Бөрілі найза ұстаса,  
Түйремей кеткен жан емен,  
Бөрілі байрақ құласа,  
Күйремей кеткен жан емен.

Жау тисе жапан далада,  
Бөрілі найза атамыз,  
Қарасайлап шабамыз,  
Қызыл қанға батамыз.  
Бөрілі байрақ астында  
Ту түсіріп, жау алған,  
Қазыбек, Қастек атамыз!  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Жоқты жонып табамыз.  
Бөрілі байрақ астында  
Ту түсіріп, жау алған  
Шапырашты батыр бабамыз.  
Бөрі басы – ұраным,

Бөрілі менің байрағым.  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер қайдағым!

### **Ту алып жауға шықсаң сен**

Ей, Сұраншы, Саурық!  
Қоқанның қолы мықты деп,  
Жатырмысың жабығып?!  
Тілеуқабылдың қос шалы  
Жылап келді сабылып.  
Дулат елі қалыпты  
Сарыкемерде шабылып.  
Батыр елден шығады –  
Ұрандап жауға шабатын,  
Жауыңа ойран салатын.  
Ақын елден шығады –  
Айтыста жығып, шалатын,  
Жеңіп бәйге алатын.  
Ей, Сұраншы, Саурық,  
Қоқанның қолы қаптады,  
Қасиетті жерімді  
Тозаң қылып таптады.  
Қыспақта қалған елің бар,  
Құтылар жолды таппады.  
Құдияр хан қағынып,  
Қыз-қатын болды баққаны.  
Қатын, бала, қарындас  
Жауға пенде болғанда,

Сары кымызды сапырып,  
Батырдың қалай жатқаны?!  
Кешегі өткен Қарасай  
Сансыз мың дұшпан келсе де,  
Ұрандап жауға шапқанда,  
Тамам қалмақ жабылып,  
Қазаққа қайта батпады.  
Сол Қарасай бабамыз  
Еменнен найза алатын,  
Қорамсаққа қол салатын,  
Қырық мың дұшпан келсе де,  
Тайсалмай қарсы баратын.  
Кереге көз, тор сауыт,  
Жеңсіз берен киетін.  
Тобын бұзып дұшпанның  
Жауына жеке тиетін.  
Ел шетіне жау келсе,  
Беліне алмас ілетін.  
Қызыл қырғын қан көрсе,  
Тайсалмай барып кіретін.  
Еңіреген ерлер қайда екен?!  
Қазақ қазақ болғалы,  
Қазақ атқа қонғалы,  
Не көрмеді бұл елім?!  
Батырдан тапқан тірегін,  
Шапырашты, Дулатым  
Дұшпаннан тепкі көрген жоқ.  
Ей, Сұраншы, Саурық!  
Қоқанның қолы көп болды  
Жетісуда жатқалы.  
Бар жақсыны талап жеп,



Сүбене қолы батқалы.  
Бейсенбі күні бесінде,  
Қизрат күні кешінде,  
Қордайдың биік төсінде,  
Қоқанның ханы Құдияр,  
Зорлық қып алған көп малды  
Әндіжанға айдатты.  
Қол-аяғын кісендеп,  
Көнбеген ерді байлапты.  
Қауызын әлі жармаған  
Сұлуларды зорлапты.  
Араша тұрар пенде жоқ,  
Еліңді сөйтіп қорлапты.  
Ақтұяқ атқа мінісін,  
Бүгін маған ересін.  
Қаншама халқын ереді,  
Оны да кейін көресін.  
Ту алып жауға шықсаң сен,  
Іледе жатқан Жалайыр,  
Шапырашты, көп Дулат  
Олар да атқа мінеді.  
Өздеріңдей болған соң  
Сұраншы – Саурық тірегі.

### **Қараш-қараш ұлы екен**

Қараш-қараш ұлы екен,  
Есітер кебің бұл екен.  
Жаудың сан қолы келгенде,  
Қараштан тұрып айғайлап,  
Қордайға шейін қашырған.

Жасылды көлден қуалап,  
Үшқоңырдан асырған.  
Мандайына бақ берген,  
Талмайтұғын жақ берген.  
Үш жүздің баласымен сілкісіп,  
Абылай ұлы Әділді  
Ұлы жүзге әкелген,  
Қараша – шешен кісі екен.  
Шешендігіне қарасаң,  
Дұшпанға сөзді бермеген,  
Кеудесін кеңес кернеген,  
Жауға қылыш сермеген,  
Қылышын тасқа білеген,  
Жақын жерге қарамай,  
Алыстан тоят тілеген,  
Қырғыз-қазақ жиылса,  
Қарашаға сөз берген.  
Оттай жанған екі көз  
Өңменіңнен өтеді.  
Қылышын қыннан сермесе,  
Дұшпанның басын кеседі.  
Тілі мен жағын жаныған,  
Қараша Қараш баласын  
Қырғыз, қазақ таныған.

### **Алтынайұлы Қарасай**

Ескожа деген ел еді  
Ескожаның баласы –  
Алтынай ері дер еді.  
Алтынайұлы Қарасай

Дуанға шыққан бел еді.  
Ұлы жүздің баласы –  
Қарасайлап ат шапса,  
Бәйгеден аты келеді.  
Жаяуларға ат берген,  
Қарны ашқанға ас берген,  
Біздің қазақ елінде  
Мырзалық онан өтпеген.  
Қоңсы қасынан кетпеген,  
Жетпегенді жетілткен.  
Егескенді кетілткен,  
Ерегіскен дұшпанды  
Қол қусырып өтілткен.

#### **Жақсының тұқымына**

Байқожа мен Айқожа –  
Қашқынбай ердің баласы.  
Жоғалған малдың осы күн  
Ауып жүр саған жаласы.  
Арғы атаң Қарасай –  
Он мың қолды бастаған,  
Қазақтың болған панасы.  
Ұмытар ма оны адам –  
Кеудеде болса санасы.  
Абылай атқа мінгенде,  
Арқа сүйеп келгенде,  
Жер қайысқан он мың қол,  
Үйсіннен шығып ергенде,  
Бұзып кірген қамалды,  
Байлап алған Шамалды.

Қас дұшпанды өлтіріп,  
Сәтіне ісін келтіріп,  
Асырған еді амалды.  
Тұқымы сенсің сол ердің,  
Батырған қалмақ қарасын.  
Жол қылды дейді жортумен  
Алатау, Алтай арасын.  
Он кесе де жыланды –  
Кесірткелік бар қауқар,  
Тапқайсың өзің шарасын.  
Жылағанды жұбатып,  
Жазғайсың өзің жарасын.

## ҚАШАҒАН (XIX-XX ғасыр)

### Атамекен

Қазақ бір деген ел едік,  
Қайырлы халық атанған.  
Өсіп-өнген қатардан.  
Үйсін, Арғын, Алшын деп,  
Үш жүз болып атанған.

Әзіреттің кең ойы,  
Алты судың өн бойы,  
Атамыз қонған жер екен.  
Көршілес елдер жау болып,  
Ойлағаны дау болып,  
Кетіпті бір кез берекем.

Алғыр судың бойында,  
Алшын деген аз ауыл,  
.....  
Көшіпті салып қарауыл,  
Аттың мініп жарауын.  
Көтеріп көшкен іргені,  
Жиынды нокта, сіргені.  
Қарттар мен ерлер жиылып,  
Ортаға салған білгенін.

Айтулы ерлер бар екен,  
Жүйріктері баптаулы,

Найзалары саптаулы,  
Сауыттары сақтаулы.  
Қозы жауырын көк жендет,  
Қорамсақпен қаптаулы.  
Ерлердің сойы бар екен,  
Бірінен бірі мақтаулы.

Жауларын жасқай ұрысып,  
Біртіндеп төмен жылысып,  
Үдере қазақ көшкенде,  
Үйсін, Дулат – Ұлы жүз,  
Мұнарланған тау бойы,  
Қаптата малын салған жер.  
Арғын, Қыпшақ, Жаппастар,  
Орта жерде Сыр бойы,  
Өзінің қалап қалған жер.

Саланың бойы салқын деп,  
Күнелтсін ұрпақ, халқым деп,  
Арқаның кең даласын  
Жайлады қазақ баласы.  
Сырдан төмен кең қоныс –  
Еділ, Жайық, Жем, Сағыз,  
Елек, Қобда саласын,  
Мекенденіп кетіпті,  
Кіші жүздің баласы.  
Темірдің басы құба бел,  
Сол жақта қалды бөлініп,  
Әлім аға бөлек ел.  
Еділдің басы – Мыңтөбе,  
Жайықтың басы – Орал тау,

Електің басы – Есембай,  
Қобданың басы – Мұңалжар,  
Қонысқа солай тараған.  
Елдің көбі қалды бер жақта,  
Азы өтті ар жаққа,  
Нарынның анау бойына,  
Ішкі Ордаға – хан жаққа.  
Бұл қонысқа келгелі,  
Билердің жиып құралын,  
Әбілқайыр, Нұралы,  
Бөкей мен Жәңгір хан болған.  
Халықтың басы даң болған.

Бер жағында кешегі  
Баймағамбет, Әлден мен  
Төресінген Төлендер  
Біріне-бірі жармасты,  
Айдаһардай алжасты,  
Әл-қуатты барласты,  
Арандай ашып ауызын  
Бірін-бірі жалмасты.  
Біріккен бидің кеңесі,  
Ақсақал, биі, төресі,  
Халықты алдап, қамдамай,  
Көрінді жұртқа албасты.

## МҰРАТ (XIX-XX ғасыр)

### Үш қиян

Заманда заман оралған  
Дүние шіркін соны алған.  
Адыра қалғыр бұл қоныс  
Қайырсыз екен азалдан.

Қайырсыз неге десеңіз  
Асанқайғы, Қазтуған,  
Орақ-Мамай, Телағыс,  
Қалған екен солардан.  
Біз де сондай болармыз,  
Артық ба едік олардан?!

Еділдің бойы – қанды қиян,  
Жайықтың бойы – жанды қиян.  
Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян,  
Адыра қалғыр үш қиян!!!  
Үш қиянның ара бойынан  
Жеті жұрт кетіп жол салған.  
Жеті жұртың жеткен жер,  
Қайырсыз болған неткен жер?  
Адыра қалғыр, көк Жайық,  
Көпір салып өткен жер.  
Асанқайғы, Қазтуған,  
Орақ-Мамай, Телағыс,  
Шораның шұбап кеткен жер.



Тұлпар мініп, ту алған,  
Дұшпанын көріп қуанған,  
Алмасын қанға суарған,  
Аруақты ерлердің  
Абыройын төккен жер.  
Керегесін кескен жер.  
Кесіп бұршақ еткен жер.  
Ердің соңы – Исатай  
Бармағын тістеп өткен жер.

Жеті жұрт көшіп кеткен соң,  
Атамыз қазақ баласы  
Қонып мекен еткен жер.  
Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,  
Жүзден-жүзден нар байлап,  
Дәулеті қалың біткен жер.  
Ауызы түкті кәуірдің,  
Басы шоқты қалмақтың  
Қанын судай төккен жер.  
Алма мойын аруын  
Ерлерім олжа еткен жер.  
Күндердің күні болғанда  
Таршылықта қалынды,  
Қайырсыз болған неткен жер?!  
Адыра қалғыр, көк Жайық,  
Садағын сала байланып,  
Астана жұртын айналып,  
Ерлерім еңсеп келген жер.  
Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,  
Ақтылы қойдың өрген жер.  
Шалқыған дәулет мал бітіп,

Қызығын жұртым көрген жер.  
Емендей белін бүгілтіп,  
Жібектей жалын төгілтіп,  
Ерні төмен салынған,  
Құйрығы гүлдей малынған,  
Күдері бел, күпшек сан  
Бедеу атқа мінген жер.  
Ауызы түкті кәуірді  
Ерлерім айдап келген жер.  
Қысырақты бөлген жер.  
Күндердің күні болғанда  
Таршылықта алындық,  
Жеті жұрт кетіп бүлген жер?!

Шандаттырып даласын,  
Талқан етіп қаласын,  
Атамыз қазақ болғанда  
Әлденеше шапқан жер.  
Қоралап айдап дұшпанды  
Үргеніш пен Бұқарға  
Әлденеше сатқан жер.  
Алтын ала, ақ күміс  
Қарық олжаға батқан жер.  
Қырғауылдай қызыл нар –  
Қыз-келіншек жиылып,  
Қызықпенен артқан жер.  
Айыр өркеш сары інген,  
Кілем жауып үстіне,  
Қыл арқанмен тартқан жер.  
Мыңнан жылқы айдаған,  
Жүзден нарды байлаған,

Салтанат түзеп мырзалар,  
Тамашаға батқан жер.  
Қайырсыз да болып барады-ау,  
Атамыз өткен Асан би,  
Мұны да құтсыз деп айтқан жер!!!

Мұның да құтсыздығының белгісі:  
Алты атаның аржағы,  
Талөкпенің бер жағы,  
Самардың бойын жайлаған,  
Ақсуда тайы ойнаған,  
Еңсемді кәпір басар деп,  
Едіге бидің көшкен жер.

Қойды мыңнан өсірген,  
Жылқыны санға жеткізген,  
Арпа, қауын төктірген,  
Жеріне жеміс ектірген,  
Тоғыз жылдай сарғайып,  
Қойына қошқар салмаған,  
Еркегі қатын алмаған,  
Қабыршақты, Қарасу,  
Қанатымды залым қияр деп,  
Қарға бойлы Қазтуған  
Қайғыланып көшкен жер.  
Табаны жерге тимеген,  
Маңдайы күнге күймеген.  
Тұлпардан өзге мінбеген,  
Салқындыққа алқара күс тон киген,  
Салтанатқа салпы ерінді нар артып,  
Салқымдыққа жорғадан өзге мінбеген.

Жасқұстың арғы тұмсығы –  
Жәңгір қала салдырған,  
Негіз етіп қалдырған  
Нәріктің ұлы Ер Шора  
Айқайласып, шуласып,  
Баланы кәуір сорар деп,  
Мұңайып ханның көшкен жер.

Садағын сала байлаған,  
Астана жұртын жайлаған,  
Жауды көрсе жайнаған,  
Жай тасындай қайнаған,  
Мың қалмақты кез келсе,  
Айдарынан байлаған,  
Көгендеп қойдай айдаған,  
Қараша, Қобан – қанды су,  
Ақтөбе, Божан – даңды су,  
Үш өзен, Самар – жанды су,  
Бестерек, Еділ бетінен  
Бұлдарған, Бадашы  
Көп қалмақтың ішінен,  
Бесешкі таудың шетінен  
Билікті кәуір алар деп  
Қараның ұлы Сидактың  
Қайғыланып көшкен жер.  
Алты жыл балшық бастырып,  
Тоғыз жыл керіш соқтырып,  
Сусынын шайға қандырып,  
Хандығына жұртын нандырып,  
Адыра қалғыр, Аштархан,  
Әз Жәнібек хан салдырып,

Ақылын кәпірге алдырып,  
Айласы құрып кеткен жер.

Біртіндеп садақ асынған,  
Біріндеп жауды қашырған,  
Қорамсаққа қол салған,  
Қозы жауырын оқ алған,  
Атқан оғы зырқырап,  
Еділден өтіп жоғалған.  
Еділде тұрып оқ атса,  
Жайыққа оғын жоғалтқан,  
Аштарханнан ақырса,  
Атаңа нәлет қалмақтың  
Алтын туы жығылған.  
Өгіз тауда өкіртіп,  
Он екі ханды өлтірген,  
Дегеніне келтірген.  
Адыра қалғыр, ен Нарын,  
Орақ пенен Мамай да  
Ойдағы дәурен болмас деп  
Ойран салып көрген жер.

Табаны жерге тимеген,  
Маңдайы күнге күймеген,  
Тұлпардан өзге мінбеген.  
Құрмаласқан құда да,  
Құдайласқан досты да  
Артығым кенде демеген.  
Жорық жортып жүргенде  
Жылқы еті болмаса,

Өзге азық жемеген.  
Боқшақтың бойы боз қамыс,  
Жаңбыршы ұлы Телағыс  
Елімді кәуір алар деп  
Тыным алмай көшкен жер.

Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Жайық пенен Еділден,  
Сағыз бенен Жеміңнен,  
Тастан көпір салдырып,  
Тайсойған менен Қарабау  
Мекен еткен жерлерің,  
Шалқып жатқан көлдерің –  
Дендерден бергі бауырдан  
Қазтуған шұбап өткен жер.

Ақтөбе мен Қорғанша –  
Асанқайғы бабаның  
Қызыл тастан үй салдырып,  
Он жыл тұтас отырып,  
Әңгіме құрып кеткен жер!

Қарақұтан, Қалдыбай,  
Жаңғышағаш, Жаксыбай,  
Қүлекін ұлы қарт – Қожақ,  
Естерек ұлы Тарғынның  
Тарыққанда ақыл сұрай барған жер!

Қалдығайты, Бұлдыртты,  
Жер реңіне қарасаң

Көдесінің түбі сайын бір жылқы.  
Қара қыпшақ Қобыланды  
Тұлпар мініп желген жер.  
Аузы түкті кәуірді,  
Басы шокты қалмақты  
Ерлерім айдап келген жер,  
Қысырақтай бөлген жер!

Өлеңтінің аяғы,  
Шідертінің қоспасы,  
Аңқатының басы – тас оба,  
Он сегіз жыл атысып,  
Ормамбет бидің өлген жер,  
Он сан ноғай бүлген жер,  
Орта бойын сырлаған  
Оқ жаңбырдай жауған жер,  
Мұсылманның басынан  
Дәреже қайтып ауған жер!

Қырық таңбалы Қырымның,  
Он таңбалы Ұрымның,  
Он екі баулы өзбектің,  
Бұрынғы он сан ноғайдың,  
Кетейін десе жөн таппай,  
Адыра қалған, Үш қиян  
Қол ұстасып жүрген жер.  
Бәйеке мешіт салдырған  
Шыңғырлаудың сағасы,  
Еділ менен Жайықтың  
Екеуінің арасы.  
Бесобаның даласы

Айсаның ұлы Әнеттін  
Дұшпанды қырып алған жер,  
Қылышын қанға малған жер!

Аққұмдының сағасы,  
Есенбайдың кумасы,  
Қос-Қобданың арғысы,  
Ақсудан бергі маң даласы  
Қазақтағы Қалқаман,  
Ноғайдағы Мүлгүман,  
Еламан деген биінен  
Енді қалай болар деп,  
Тарыққанда ақыл сұрай барған жер!

Темірде қырқып күземін,  
Тепсеңнен ноғай асқан жер,  
Астаусалды, Шытырлы  
Көлденең шыңның басынан,  
Қарақұм, Борсық қасынан  
Мал суғарып асқан жер!  
Маңғыстаудың үш түбек,  
Үш жүз алпыс әулие,  
Бес намаздың жайы үшін,  
Қадамдап аяқ басқан жер!  
Үргеніш пенен Бұқардан,  
Қоңырат, Ташкент, Қоқаннан  
Орнықты қоныс табылмай,  
Адыра қалғыр, бұл қоныс  
Асан би шұбап өткен жер,  
Ноғай да шулап басқан жер!!!



Еділді тартып алғаны –  
Етекке қолды салғаны.  
Жайықты тартып алғаны –  
Жағаға қолды салғаны,  
Ойылды тартып алғаны –  
Ойындағысы болғаны.  
Маңғыстауда үш түбек  
Оны-дағы алғаны.  
Үргеніш пенен Бұқарға  
Арбасын сүйреп барғаны –  
Қоныстың бар ма қалғаны?!  
Мал мен басты есептеп,  
Баланың санын алғаны –  
Аңғарсаңыз, жігіттер,  
Замананы тағы да  
Бір қырсықтың шалғаны!

Бәйіт еттім бұ сөзді,  
Қайғы шегіп заманнан,  
Заман озып не қылсын,  
Ай орнынан шығады,  
Бұның бәрі адамнан.  
Адамның азған белгісі:  
Екі кісі дауласса,  
Тату бол деп айтпайды.  
Екі айырып арасын,  
Арасынан пара алған.  
Мұсылманның баласы  
Қашуды қойды арамнан.  
Шапағат, қайыр қалмады

Жақын-жуық жараннан.  
Атқа мінген жігіт те  
Қалмады нәрсе қарадан.  
Қайыр кетіп қазаннан,  
Қуат кетіп азаннан.

Киім кесе жеңі жоқ,  
Етегі бар да, белі жоқ.  
Бармақ сияр жері жоқ,  
Қатпа болған түйедей,  
Киенкі болған биедей,  
Ел биледі бір сымпыс,  
Екі бұты тарылған.

Дұшпан – тазы, біз – түлкі,  
Қашсақ ерікке қоймайды.  
Інге кірсең – суырып,  
Құлғанадай кең құдайым,  
Сақтағайсың саламат!  
Саламат қайтып сақтасын,  
Берсең түгел келмейді,  
Базарға қосқан аманат.  
Болмас едік масқара,  
Байдан кетіп сақауат,  
Бақырдан кетіп қанағат,  
Діні басқа біреулер  
Ел биледі аралап,  
Бір бәледен мың бәле,  
Өсіп кетті балалап.

Заман қайтып түзелсін?  
Қоңсыдан туған би болды,

Бұ сықылды күй болды,  
Көрген жұртқа таң болды.  
Азамат ердің баласы  
Айдарына малы жоқ  
Топ көрерге зар болды.  
Қара кісі хан болды.  
Асылзада баласы  
Ақшасына сүйеніп,  
Айтқан сөзі бұл болды,  
Шыр көбелек айналып,  
Замананың адамы,  
Заманың мұндай сұм болды.

Мен қауіп еткеннен айтамын:  
Ақ борықтай иілген  
Кейінгі туған баланың  
Ұстай ма деп білегін,  
Шая ма деп жүрегін.  
Шашын, мұртын қойдырып,  
Ащы суға тойдырып,  
Бұза ма деп реңін,  
Адыра қалғыр заманның  
Мен жаратпаймын сүреңін.

**Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ**  
(1845 - 1904 ж.ж.)

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз ауызыңа түсті мұртын.  
Жаксы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртын.  
Бет бергенде шырайың сондай жаксы,  
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?  
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Ауызымен орақ орған өңкей қыртың.  
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.  
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,  
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.  
Бас-басына би болған өңкей қықым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?  
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Өз колыңнан кеткен соң енді өз ырқын.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,  
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?  
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.  
Баста ми, қолда малға талас қылған,  
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.  
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,  
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқын?  
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,

Қыр артылмас болған соң, мінсе қыркын?  
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс кылпын,  
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.  
Ұғындырар кісіге кез келгенде,  
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

\* \* \*

Сәулең болса кеуденде,  
Мына сөзге көңіл бөл.  
Егер сәулең болмаса,  
Мейлің тіріл, мейлің өл.  
Танымассың, көрмессің,  
Қаптаған соң көзді шел.  
Имансыздық намазда –  
Қызылбастың салған жол.  
Көп шуылдақ не табар,  
Билемесе бір кемел?  
Берекелі болса ел –  
Жағасы жайлау ол бір көл.  
Жапырағы жайқалып,  
Бұлғактайды соқса жел.  
Жан-жағынан күркіреп  
Құйып жатса аққан сел,  
Оның малы өзгеден  
Өзгеше боп өсер тел.  
Берекесі кеткен ел –  
Суы ашыған батпақ көл.  
Құс қаңқылдап, жағалап,  
Сулай алмас жазғы төл.  
Оның суын ішкен мал

Тышқақ тиіп, аспас бел.  
Көл деп оны кім жайлар,  
Суы құрсын, ол бір – шөл.

Единица – жақсысы,  
Ерген елі бейне нөл.  
Единица нөлсіз-ақ,  
Өз басындық болар сол.  
Единица кеткенде,  
Не болады өңкей нөл?  
Берекенді қашырма,  
Ел тыныш болса, жақсы сол.  
Рас сөзге таласып,  
Ақжем болма, жаным, кел!

**Жамбыл ЖАБАЙҰЛЫ**  
(1846 - 1945 ж.ж.)

**Көрұғлы**  
(үзінді)

Ажалдан қорықпай түйілер,  
Аспандап қыран шарласа.  
Ақын қорықпай шүйілер,  
Тілдің бізін арнаса.  
Зымырап жүйрік жүгірер,  
Аяқтан біреу шалмаса,  
Жау десе батыр киінер,  
Токталмас кегін алмаса,  
Ел елдігі бола ма,  
Ерлермен жауға бармаса!  
Тұтастығы бұзылмас,  
Өз жерін жаудан қорғаса!  
Ағаш қалар қуарып,  
Жапырақта тамыр болмаса!  
Теңіздер қалар суалып,  
Құятын өзен болмаса!  
Болат құнын жоймайды,  
Тот басып, сынып тозбаса!  
Тот басқаны тозғаны –  
Бәйгеде тарлан озбаса!  
Кейін тартпас, келген жас,  
Жолды ілгері созбаса.  
Туғаннан бері аралап,  
Талай жерді шарладымы.

Кәрілікті сылтау қып,  
Жасымадым, қалмадым.  
Ел билеген хандардың,  
Адамнан шыққан жыртқыштың,  
Кездестірдім алуанын.  
Халықты тілмен қорғадым,  
Сөз шындыққа келгенде,  
Бас кесе де болмадым!  
Сөз шындыққа жеткенше,  
Өткір сөзбен торладым,  
Өткізбедім шындыққа,  
Шариғатын молданың.  
Өтірікке сатылып,  
Талай көрдім барғанын.  
Қорқытып әкім ақырса,  
Пара алып, молда шатылса,  
Алакөз байлар мал үшін,  
Көргенін айтпай жасырса,  
Алыпсатар саудагер,  
Қулығын алдап асырса,  
Дұрыстық қайдан табылар?  
Нахақтан барып дараға,  
Сорлы кедей асылса.  
Жарлығын хан кешу жоқ,  
Бас ұрып халық зарласа.  
Сөзінді ешкім сөйлемес,  
Тойғанынша алмаса.  
Алдау, зорлық, өтірік,  
Біреуге біреу нанбаса.  
Тамақ үшін сатылған,  
Ұлықта ар қалмаса.  
Айтқанменен жалынып,



Арызыңды алмаса.  
Алатұғын қақынан,  
Асырып пара қармаса.  
Ауға түскен балықтай,  
Шыға алмайсың бұлқынып,  
Әділеттік болмаса.  
Күннің көзін жасырар,  
Аспанды бұлт шарласа.  
Елдің бағы ашылар,  
Әділеттік орнаса.  
Баланы жақсы өсірмес,  
Бұзықтық шырмап торласа.  
Қасиет болмас халықта,  
Басқарушы қорласа.  
Малдай айдап адамды,  
Орынсыз күштеп зорласа.  
Жау басынар халықты,  
Басқарушы оңбаса.  
Өркөкірек наданға,  
Айтқан ақыл қонбаса.  
Надандықтың белгісі –  
Бет келгенде берілер.  
Қожа болып сыртыңнан,  
Орынсыз бөсіп, елірер.  
Өзінен-өзі мақтанып,  
Буға пісіп семірер.  
Білгіш, жүйрік өзі боп,  
Оңашада көрінер.  
Кердең басып аяғын,  
Жыртыла жаздап керілер.  
Өсек айтар ел кезіп,  
Еңбек десе ерінер.

Ойламай орғып сөйлейді,  
"Білетін бәрін мен", - дейді.  
"Ақылым - арна таусылмас,  
Білімім- шалқар көл", - дейді.  
"Өзімнен шықса жөн", - дейді.  
Оңбайтұғын өр кеуде,  
Дұрыс айтсаң, көнбейді.  
Мастандырса мақтаумен,  
Қас дұшпанын көрмейді.  
Ақыл айтқан досына,  
"Аулақ!" - деп қолын сермейді.  
Жүрген жерін бүлдіріп,  
Халыққа тыныштық бермейді.  
Біреу мақтап қайраса,  
Орынсыз іске айдаса,  
"Жанашырым сен" - дейді.  
Ұятқа барып ұрынар,  
Тұмсығы қанап жығылар,  
Ойына да келмейді,  
Өткен күнді еске алып,  
Өзіне есеп бермейді.  
Аңғал сорлы алақтап,  
Босқа шауып далақтап,  
Жексұрын болып халыққа,  
Қанжілік болып терлейді.  
Айтып өсек, өтірік,  
Қасиетін кетіріп,  
Жүргенін өзі көрмейді.  
Түсінбей сондай надандар,  
Өтті қилы замандар.  
Жаны ашитын нашарға,  
Туғанша әділ адамдар!..

Әсет НАЙМАНБАЙҰЛЫ  
(1867 -1922 ж.ж.)

Қалдың ба, қайран қазақ, камданбастан,  
Барыңды қолыңдағы малданбастан?  
Біріңе бірің серік, екеу болып,  
Кемшілік жетпегенің жалғанбастан.  
Білмейсің пайданы да, залалды да,  
Құр думанға кеттік қой болып мастан.  
Ойда орыс, қырда қытай не істеп жүр,  
Елдік құрсақ болмас па әуел бастан?  
Бұрынғы атамыздан із қалмаған,  
Бірлі-жарым болмаса көзін ашқан.  
Білгенге ермей, білімге көңіл бөлмей,  
Қор болдық еш нәрсеге жарамастан.  
Алты ауыз берекесіз түрді көріп,  
Көк бөрі ездi алқымнан аямастан.  
Қазақтың осы күні көпшілігі  
Айырылды киер киім, ішер астан.  
Айырылып ата қоныс, мал-мүлкінен,  
Ақыры бір шыбындай жан деп қашқан.  
Күйзелген ел, жығылған туды көрмей,  
Бір-біріңе ойлайтының әлі қастан.

Қазағым, сәнің кетті, қайран жұртым,  
Бұзып тұр мына заман елдің шырқын.  
Бір адам заманадан хабары жоқ,  
Жазылар надандықтан енді тырқын.  
Бірлік жоқ, ынтымақ жоқ, әділдік жоқ,

Тартқызды сазайыңды әдет-ғұрпың.  
Қазақ қамын ойлаған кісің бар ма,  
Білгенің, іздегенің – өзің құлқың,  
Ғаділет, шапағат жоқ жүрегінде,  
Адамға ерік бермес өңшең қыртың.

Жақсылар залымдарды тыя алмай жүр,  
Құдайдан залым корқып, ұялмай жүр.  
Ер басынан жармақты қымбат көріп,  
Арамдықты аңсаған қоя алмай жүр.  
Құдайдан қорықпаған залымдардан  
Момындар адал ақы ала алмай жүр.  
Дүние осылайша бұзылғанын  
Сезініп ешбір адам біле алмай жүр.

Тарихта сөз қалады саралаған,  
Қара сөз қала берсін жараман.  
Қайғылы қазақ елін сөз етейін,  
Паш болып бұрын жұртқа тараман.  
Адамзатқа әр нәрсе үйрену жөн,  
Шырылдап түскеннен соң шаранадан.  
Қамданбай қарап қалған қазақ сорлы,  
Өзгеден қапы қалып жоранадан.  
Өлерінді білмеген байғұс елім,  
Қалайша өттім дейсің ғаламадан?

Қар жаумай қара жерге ыққан қазақ,  
Айтайын тағы әңгіме ұқсаң, қазақ.  
Бұлты нажағайдың келді айналып,  
Қамданып бұрынғыдан, мықтан, қазақ.  
Әдетін қазақшылық қоймаймын деп,

Өзінің абыройын жыққан қазақ,  
Алшақтап жүргенінде алты мыңға,  
Қор қылар қорғасындай тышқан қажап.

Ұйқыда қазақ жатыр көзін ашпай,  
Кетерміз отқа жанып өрттен қашпай.  
Басқа елдер алға басып кетсе-дағы,  
Біздің ел шегінеді қадам баспай.  
Жайылып сахарада қалдық надан,  
Өнерлі басқалармен араласпай.  
Өзгеден алтын, күміс мысалында,  
Бағасыз біздің қазақ қара тастай.  
"Мен – данышпан" дегендер толып жатыр,  
Көзі ашық өнерпаздар білім ашпай.  
Қазағым алты ауызды бола қалар,  
Бастаса пайдалы істі біреу қостай.  
Бай, мырза, атқа мінген азаматтар –  
Басында жемісі жоқ қу ағаштай.

**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**  
(1872 - 1937 ж.ж.)

**Қазақ салты**

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,  
Сахара көлге қонып салқындаған.  
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,  
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!  
Алаштың адамының бәрі мәлім,  
Кім қалды таразыға тартылмаған?  
Дегендер "мен жақсымын" толып жатыр,  
Жақсылық өз басынан артылмаған.  
Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,  
Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.  
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,  
Киіздей шала басып, қарпылмаған.  
Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар да көп,  
Телміріп, бір тойғанын ар қылмаған.  
Ақ көңіл, алаң-бұлаң адамдар бар  
Есептеп азын көпке, аңқылдаған.  
Қайырсыз, неше сараң байлар да бар  
Қайықтай толқындағы қалтылдаған.  
Бәрінен тыныш ұйқтап жатқандар көп,  
Ұмтылып талап ойлап талпынбаған.  
Солардың қатарында біз де жүрміз  
Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.  
Не пайда өнерін мен біліміңнен,  
Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?

Бұл бір сөз қасірет айтып, хатқа жазған,  
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.  
Байға мал, оқығанға шен мақсұт боп,  
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.  
Бірінің айтқаныңа бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

### Қазақ қалпы

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,  
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.  
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру,  
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.

Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,  
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.  
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,  
Алалық алты бақан дертпен кірдік.

Бейне бір құдіретті сынағандай,  
"Сақтар деп, сақтар болса" – сертпен жүрдік.  
Жат жақты жаратқанға күзеттіріп,  
Жақынмен араздастық, иттей үрдік.

Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,  
Елеріп ерегіске екі-үш күндік.

Кіреді тентек есі түстен кейін,  
Мүшкілін халіміздің жаңа білдік.

Әлі де саңылаусыз салтын бағып,  
Түрі жоқ іс айтатын пәлен дерлік.  
"Ұлы той көппен көрген жалғыз мен бе? –  
Деп отыр, – не болса да жұртпен көрдік".

### Жұбату

Қайран еркін замандарың,  
Тарлыққа жоқ амалдарың.  
Еркін дала, еркін қайда?  
Еркіндегі көркің қайда?  
Тулы, нулы жерің қайда?  
Сулы, шулы көлің қайда?  
Еркін көшкен елің қайда?  
Ел қорғаған ерің қайда?  
Тура айтатын биің қайда?  
Би бардағы күйің қайда?  
Адал көңіл ақтық қайда?  
Жалған аттан сақтық қайда?  
Бауыр тартқан жүрек қайда?  
Намыс қызған сүйек қайда?  
Нулы жерден көшті айырды,  
Сулы көлден құсты айырды.  
Ер орнына еркек қалды.  
Көлеңкеден үркек қалды.  
Би орнына биің болды.



Би деу бірақ киын болды.  
Қараны би жақтау болды,  
Параны би ақтау болды.  
Бауыр, жүрек талас боп тұр,  
Намыс сүйек қалаш боп тұр.  
Малың алдау, талауда тұр.  
Жаның арбау, қамауда тұр.  
Аяғыңды тұсау қысты,  
Жақтарыңды құрсау қысты.  
Көрмесіңе пердең мықты.  
Өтпесіңе кермең мықты.  
Енді жатып, ұйықтау қалды.  
Ұйықтағанды мақтау қалды.  
"Әлди-әлди" – деп тербеткен,  
Ұйықтасын деп көп тербеткен.  
Қарның ашса ұлықтарың  
Жілік шағып, май бермекші.  
Тоңсаң түлкі құйрықтарын  
Жіпке тағып, бай бермекші.  
Әлди-әлди! – мен де деймін.  
Сірә, "әлдиге" сенбе деймін.

**Міржақып ДУЛАТҰЛЫ**  
(1885 -1935 ж.ж.)

**Шағым**

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.  
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –  
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!

Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,  
Балқытып қашан ерітер жүректі тас?  
Қаламнан жылап аққан қара бояу,  
Жазылып қағазға, сен, жұртқа қыл паш.

Жүректен қашан шығар қадалған оқ,  
Жандырған жанды нахақ сөнер ме шоқ?  
Қажыған қам көңілді бір көтерер,  
Жанымда жаны ашитын адам да жоқ.

Бар кінәм тамырына балта шаптым, –  
Көрген соң шыдай алмай, қиянатты.  
Білген аяр, білімсіз айтар маған:  
"Обал жоқ, қылмысыңнан өзің таптың".

Қаптап тұр күнбатыстың қара бұлты,  
Адасып сәуле көрмей қазақ жұрты.  
Әсир боп жол іздеген жортуылшы,  
Жол бөгеу жол тосқанның болып ғұрпы.

Алушы аңдушыны алмай қоймас,  
Жеріне көңіліне алған бармай қоймас.  
Әділдік аста қалған еш күні жоқ –  
Ерте ме, кеш пе, бір із салмай қоймас.

## Мұн

Сенімсіз басым, пайдасыз жасым арманда,  
Жетермісің тілегіңе жалғанда?  
Қан тамшылап тұрса да көзден жас ағып,  
"Сенікі жөн", - деп құлаққа ілген жан бар ма?  
Елең етер намысқа қызып жігіт аз,  
Бұл не ғажап – жұрт керең боп қалған ба?  
Мен не болсам, болайын саған садақа,  
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба.  
Сырты тұнық, іші лай жауың бар –  
Жаны ашитын жақын сол деп малданба.  
Жұрттығыңды жоғалтпай әлден, басың қос,  
Озу қиын көмбе жерге барғанда.  
Бола берме, жазған қазақ, жасқаншак,  
Күнің жетті мұңыңды шағып зарларға.  
Ақсақалдар көсемдік қылса, ел бастап,  
Ер артынан, жас азамат, арланба!  
Шаш өсірген орысша оқып жас жандар,  
Жолды көрсет адасқан елге, паңданба.  
Жұрт пайдасы деген жолдан тартынбай,  
Дәулетіңмен жәрдем тигіз, байлар да.  
Шарифат сатып мал жиғанға салынбай,  
Ағарт жұртты, молдекелер, камдан да.  
Сен де қысқарт ақынсымай сөзінді,  
Сырың мағлұм, жат тынышыңа жайлан да.

## Алашқа

Көк майса бетегелі жерің қайда?  
Күмістей толқындаған көлің қайда?  
Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпен  
Жөңкіліп, көшіп-қонған елің қайда?

Көтерген ақ киізге ханың қайда?  
Қиғаш қас, бидай өнді ханым қайда?  
Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,  
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?

Қақ жарған кара қылды биің қайда?  
Ақ орда би түсетін үйің қайда?  
Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,  
Толықсып жүрген кеше күнің қайда?

Шаң жұтқан текежәуміт атың қайда?  
Қалдырмас жауға тастап жақын қайда?  
Ұшқыр ат, түзу мылтық, болат найза,  
Киінген көк дулыға батыр қайда?

Қамығып қанға толған жүрек қайда?  
Бұрқ еткен бір ауыздан тілек қайда?  
Жаяуға ат, жалаңашқа киім болып,  
Қарасқан нашарыңа көмек қайда?

Бермейтін ел намысын ерің қайда?  
Сүйенер қысылғанда белің қайда?  
Өйткені, айтқаны екі болмайтұғын,  
Асыл зат артық туған бегің қайда?

Шалдырмас топтан тура шешен қайда?  
Ұлықпен ел бастаған көсем қайда?  
Қазағым, қазақшылық қалпыңменен  
Даңғыл жол сайрап жатқан көшең қайда?

Кемеңгер дуалы ауыз кәрі қайда?  
Дертіңе шипа болар дәрі қайда?  
Масайрап кімге сеніп қарысасын,  
Жауап бер, осылардың бәрі қайда?

Жауап сол: өткен дәурен қайта келмес,  
Қаншама өксігенмен тағдыр көнбес.  
Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би,  
Өткендер келгенмен де орнын бермес.

Сөйткенмен, қазақ көшін оңға бастап,  
Жүруді өздігінен тағы білмес.  
Мейлің көн, мейлің жыла соңғыларға,  
Қайтсін-ай, қамықты-ау деп, көзіне ілмес.

"Ішкен мас, жеген тоқтың" заманы бұл:  
Ашыққан, ашынғаның түкке жүрмес.  
"Мал құмар, малдың қолы" деген ақын,  
Кім қақса "жемтігінен" соған күндес.

Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:  
Еш нәрсе тәуіп бермес, білгенге ермес.  
Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,  
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.  
Қайраған қолдан келмес іске әуре боп,  
Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес!

## Қайда едің?

Кешегі кара күндерде,  
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,  
Жол таба алмай сенделіп,  
Адасып Алаш жүргенде,  
Бұл күнгі көп көсемдер,  
Сұраймын сонда, қайда едің?

Ақыл таппай дағдарып,  
Жанашыр таппай сандалып,  
Барарын қайда біле алмай,  
Жүрген бір күнде сан ғаріп –  
Есепсіз көп шешендер,  
Жөніңді айтшы, қайда едің?

Сарыарқа сайран жерлерім,  
Көкорай шалғын көлдерім.  
Бәрін жауға алдырып,  
Асқар тау – биік белдерім.  
Қысылып қазақ тұрғанда,  
Данышпандар, қайда едің?

Атадан бала айырылып,  
Қанаты сынып қайырылып,  
Қасірет толып жүрекке,  
Тұрған бір кезде қайғырып,  
Толып жатқан қамқорлар,  
Елде жок едің, қайда едің?

Құландай үркіп елдерін,  
Қалдырып мекен жерлерін,

Жаяу, жалпы, жалаңаш,  
Қатын, бала, ерлерің  
Аштықтан қырғын тапқанда,  
Сыпыра жомарт, қайда едің?

Кедейдің сорын кайнатып,  
Майданға жасын айдатып,  
Тіл жоқ, көз жоқ, басшы жоқ,  
Өлімге басын байлатып –  
Жіберерде, жаным-ау,  
Жанашыр жақын, қайда едің?

Енді бүгін кім жаман?  
Данышпан емес, кім надан?  
Қамқор емес, кім жауыз?  
Жомарт емес, кім саран?  
Көсем емес, кім жалтақ?  
Шешен емес жоқ адам.  
Бәрі білгіш, бәрі де ер,  
Жеткіздің, Алла тағалам.

**Мағжан ЖҰМАБАЕВ**  
(1893 - 1938 ж.ж.)

**Түркстан**

Түркстан екі дүние есігі ғой,  
Түркстан ер түріктің бесігі ғой.  
Киелі Түркстандай жерде туған,  
Түріктің тәңір берген несібі ғой.

Ертеде Түркстанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан қилы-қилы күндер кешкен.

Ежелден жер емес ол қарапайым,  
Білесің тарихты ашсаң, Тұран жайын.  
Тұранға қасиетті құмар болған,  
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?  
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?

Тұранның билері бар Тарағайдай,  
Сол биден Темір туған от боп ойнай.  
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,  
Жарқ етіп өте шыққан нажағайдай.



Асыл қан – касиетті түрк қаны,  
Сол қаннан – Ибн-Сина Әбуәлі.  
Молдығы білімінің сиқыр дерлік,  
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Тұранда түрк ойнаған ұқсап отқа,  
Түріктен басқа от боп жан туып па?  
Көп түрік енші алысып тарасқанда  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге Отан болған Тұран,  
Тұранда қазағым деп хандық құрған.  
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы,  
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Бұл Тұран ежелден-ақ Алаш жері,  
Тұрансыз тарқамаған Алаш шері.  
Тұранның топырағында тыныштық тапқан  
Алаштың арыстаны – Абылай ері.

Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,  
Түркстан алты алашқа болған Кебе.  
Тұранның топырағын құшып жатыр  
Кешегі ердің ері көкжал Кене.

Шер батса кім іздемес туған елін?  
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?  
Арқаның ардагері, қалың Алаш,  
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

## Сағындым

Абактыда айдан, күннен жаңылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.  
"Қарашығым, құлыным!" - деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім – кабырғасы қара тас,  
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.  
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке,  
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапал, салқын, тым қараңғы үнгір тар,  
Есігімде мықты қара құлып бар.  
Кіп-кішкене терезелер темірлі,  
Мұндай үйден кімге естілер ащы зар!

Алтын күнді, қара жерді сағындым,  
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.  
Асау тайдай еркелетіп өсірген,  
Ағайынды, туған елді сағындым.

Әлдеқайда күн шығады, батады,  
Сорлы тұтқын күңіреніп жатады.  
Қарар болсаң терезеден темірлі,  
Көздеп тұрып күзетшілер атады.

Ас бола ма сасық сорпа, қара нан?  
Алма бетте қалмады ғой тамшы қан.  
Қоңырау қағып оятады ақырып,  
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта өткен күнді сағындым,  
Желдей зулап кеткен күнді сағындым.  
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,  
Ойдағыны еткен күнді сағындым.

Абақтының айға баға күні ұзақ,  
Жанды жейтін жылға баға түні ұзақ.  
Ескі мола дән дыбыс жоқ, тым-тырыс,  
Тық-тық басып күзетші жүр жалғыз-ақ.

Қара жылан – қалың ойлар қаптады,  
Шыбын жаным барар жерді таппады.  
Ойлар жейді жас жүректі жегідей,  
Тәңірі ием, таңың-дағы атпады!

Ойыны бір құрдастарды сағындым,  
Тілегі бір жолдастарды сағындым.  
Келешекке бірге жоспар құрысқан,  
Сырласатын жан достарды сағындым.

Уға толды жас жүрегім, жабықтым,  
Таныс дауыс ести алмай зарықтым.  
Не дегенін, не істегенін біле алмай,  
Қоры болдым ғой азат жүрген халықтың!

Құшақтарға жанымда жоқ жақын жан,  
Басқа шапшып мазаны алды ыстық қан.  
Жалындаған жас жүрекке не пайда,  
Дене күйіп, бір жатып, бір тұрудан?

Жүрегіме жақын жанды сағындым,  
Жібек мінез, ақық жарды сағындым.  
Айырыларда күншығыстан ағарып,  
Ақ жібектей шапақ таңды сағындым.

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,  
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!  
Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер,  
Істей берсін колдарынан келгенін!

Қалың елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол айбынды ер, Алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Қазағымды, қалың елді сағындым,  
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.  
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,  
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Тәңірі ие, өзің алшы панаңа,  
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!  
Баласынан тұтқын болып сарғайған,  
Кім жеткізер сәлемімді анама?

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даланы сағындым.  
"Қарашығым, құлыным!" – деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым!

**ӨТЕБАЙ ТҮРМАНЖАНОВ**  
(1905 - 1978 ж.ж.)

Туған жер, топырағыңнан айналайын,  
Гүліңді жаңа шыққан аймалайын.  
Құшақтап көктемінді гүлмен келген,  
Жанымды нұрмен сылап жайланайын.

Көк жасыл орманыңды аралайын,  
Жұпарлы желдеріңмен таранайын.  
Жанымды жаз үндері тербеткенде,  
Жаңарып, жан сарайын тазалайын!

Суыңа шипасы мол, шомылайын,  
Туғызсын кеудемнен бір көңіл айын!  
Сайрандап туған жердің ойы-қырын,  
Жадырап рақатыңа молығайын!

Қыз мінез қылымсыған бұйра қайын,  
Жағынып жағада тұр жұпар майын.  
Алайын құмыңа аунап күн бұлауын,  
Секілді ең сүйікті еркетайын.

Ауанда кәусар, таза тынығайын,  
Қуат ап жүрегіңнен жылынайын.  
О, туған жер! Топырағыңды қасиеттеп,  
Тәжім қып, саған ғана сыйынайын!

**ӘБУ СӘРСЕНБАЕВ**  
(1905 - 1995 ж.ж.)

**Республикам менің**

Республикам менің,  
Қасиетті дарқан аймағым,  
Жұлдызың күліп,  
Жұлдызың биік,  
Өзгеден жарқын жайнадың.  
Аспаның ашық,  
Ғажайыпсың ғой,  
Атамекен арайлым,  
Мерейің - асқар,  
Мейірімің - мұхит,  
Ақ шуақ мөлдір, бай жаның.  
Республикам менің, ардақты да айбарлым,  
Республикам менің, құдіретіңнен айналдым!

Республикам менің,  
Пейіліндей шалқар,  
Ұлан-байтақ қонысың,  
Еңбек пен думан  
Жатады сенде  
Әрқашан сәтті тоғысып.  
Кереғарлық ұғым жоқ сенің  
Тілегі тұтас халқыңда,  
Біреуге біреу беруге дайын  
Тартынбай достық қол ұшын.  
Республикам менің, ардақтым да айбарлым,  
Халқыңның адал салтынан ғажап айналдым.

Республикам менің,  
Мезгейсің бізге  
Арманды құзар-қашықты,  
Ерлікке бізді баулисың әр кез,  
Сүймейсің енжар жасықты.  
Қыраның болып ғарышқа самғар  
Қанат та берген өзіңсің,  
Өзіңде тудым,  
Өзіңнен таптым бақытты!  
Республикам менің, ардақтым да айбарлым,  
Нар мінездес қарпып сүйер мейіріміннен айналдым!

Республикам менің,  
Ерлердің елі,  
Қарышты қадам, кең иық!  
Төсіңде алтын теңіздер толқып,  
Қойныңда жатыр кен ұйып...  
Тебіреніп бір сәт,  
Қарашы, Асан бабамыз,  
Дәл осы-ақ шығар  
Іздеген өзің жерұйық.  
Республикам менің, ардақтым да айбарлым,  
Бабалардың қан-тері сіңген топырағыңнан айналдым!

Республикам менің,  
Қасиетті дарқан аймағым,  
Жұлдызың биік,  
Жұлдызың күліп,  
Өзгеден дарқан жайнадың.  
Аспаның бұлтсыз,  
Ғажайыпсың ғой,

Атамекен арайлым.  
Мерейің - асқар,  
Мейірімің - мұхит,  
Ақ шуақ мөлдір, бай жаның!  
Республикам менің, ардақтым да айбарлым,  
Республикам менің, құдіретіңнен айналдым!

### Туған жер

Уа, туған жер, топырағыңнан жаралдым,  
Алабыңнан арманыма нәр алдым.  
Тұнығыңнан жүзіп іштім сендегі,  
Алтын арай таңғы жұпар сарайдың.

Сәл ұмытсам, қарға мені, кешірме,  
Қайда жүрсем өзің тұрдың есімде.  
Өзің тұрдың қарлы окоптан сығалап,  
Сонау қатаң қаһарлы жыл кешінде.

Мен қатерге қарсы бардым сен үшін,  
Көкірегімнен қан төгілді жер үшін.  
Саған жетер қасиет бар ма жиһанда,  
Сен ұлысың, адам сенің жемісің.

Сенен артық қасиет жоқ-ты, жер, тегі,  
Сен ұрпақтың күліп атар ертеңі.  
Тағдырыңды тапсыр маған туған жер,  
Көркейтуге міндеттімін мен сені.



**ҒАЛИ ОРМАНОВ**  
(1907 - 1978 ж.ж.)

**Туған жер**

Жаралдым, жер ана мен топырағыңнан,  
Сен ыстық секілдісің от-жалыннан.  
Тұрғандай тіршілігім күле қарап,  
Жарқ етіп көзім шалған атырабыңнан.

Сүйдірдің мейірімді ана көкірегін,  
Сездірдің өмірлік жар от жүрегін.  
Өзімді сенде сергек сезінемін,  
Секілді шалып тұрған осы лебің.

Тым шуақ көрінеді күнің маған,  
Айың да әсем сәуле құйып алған!  
Аспанның астындағы көздеріндей,  
Сүйемін жұлдызыңды жымындаған.

Қараймын анаға ұқсас келбетіне –  
Ашқандай көкірегіңді перзентіне!  
Арнаған алуан түрлі несібең тұр,  
Алсын деп, елім күнде ержетуге.

Суыңның сылдыраған тілін ұқсас,  
Ғажайып онда да әсем тұр алтын шақ.  
Күнде өсіп қуанышты құшағыңда,  
Сәбиім талпынады жайып саусақ!

**Қазақстан - Республикам менің**

Әйнегі – күн, шатыры – аспан;  
Кең дала... Төсі толқыған егін.  
Көлдері көкке күмістер шашқан  
Қазақстан – Республикам менің!

Кемуді білмес кеңітті өмір,  
Құрсағы құтты сахара демін.  
Перзенті: болат, қорғасын, көмір  
Қазақстан – Республикам менің!

Өрісте малын әндетіп баққан,  
Ертістің от қып толқынын жаққан,  
Доп қып... аққан жұлдызды қаққан  
Қазақстан – Республикам менің!

Айқаста жаудың алқымын сыққан,  
Ажалға кимай намысты елін;  
Төлеген, Мәншүк батырлар шыққан  
Қазақстан – Республикам менің!

Орманы пүліш, бұлағы күміс,  
Бұлбұлы жыршы, ұл-қызы керім.  
Таулары заңғар, өзені ырыс,  
Қазақстан – Республикам менің!

Абай туған, Сәкен туған,  
Құрметте, досым, қазақтың жерін.  
Қамбаға жылда миллиард құйған  
Қазақстан – Республикам менің!

Өлеңі - жыры фонтандай атқан,  
Жеңістің кілтін достықтан тапқан.  
Күнде бір көктеп жанарып жатқан  
Қазақстан – Республикам менің!

**Тайыр ЖАРОКОВ**  
(1908 - 1965 ж.ж.)

**Қазақстан**

Қазақстан кен көзі,  
Алтын атқан жер көзі.  
Асқар тауы асқарлай,  
Асқарын сүйед аспанда ай;  
Асқарын сүйсе аспанда ай –  
Айға алтынын шашқандай,  
Шалқып жатқан дер кезі,  
Кені Алтайдың үзілмей,  
Күркірей аққан өзендей,  
Алтыны шолпан жұлдыздай,  
Ақ мақтасы жамбыдай,  
Балығы балғын құндыздай,  
Колхозы түлік өргізді.  
Өзені балғын бал бұлақ,  
Суына сұлу ай құлап,  
Толқынына дамылдап,  
Қаздар қалқып мамырлап,  
Жүзді, жүзсін сабырлап.  
Жүзсін көктің кербезі!  
Тек ғана жалғыз ай емес,  
Тек ғана жалғыз жан емес,  
Бақытты Қазақстанға  
Таңғалады жер жүзі.

**ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ**  
(1909 - 1998 ж.ж.)

**Атамекен**

Атамекен, сүйемін кең далаңды,  
Кең далаңдай ұлың боп мен жаралдым.  
Мен жаралдым суыңнан, топырағыңнан,  
Жылуыңды, сәуленді пайдаландым.

Туған топырақ дегенді көп айтамыз,  
Туыспасақ топырақпен неге айтамыз?  
Ақ топырақ сүйегі өткендердің,  
Атам өскен мекен деп соны айтамыз.

Топырағыңда гүл де өсті, тікен де өсті,  
Тікенді де жат көрер мен емеспін.  
Тойып көрген емеспін қызығына,  
Өзінде өткен әрбір күн, әрбір кештің.

Қияда өскен қара емен, қарағайды,  
Бауырлары әкемнің деп санаймын.  
Жапырағы жайқалған ақ қайыңды,  
Аялаймын, шешемдей паналаймын.

Мен өлсем де - өлемін мекенімде,  
Алатаудың жатамын етегінде.  
Сол жерге бір тағы да өседі емен,  
Менің жапырақтарымды көтеруге.

## Сырдария

Білем сені, сүйем сені  
Сырдың суы - қарт анам.  
Сенсің мені әлдилеген,  
Туған сенен мен балаң.

Сүйсе Гейне, анам десе  
Сүйген суы Рейнесін.  
Сырдың суы туған ол да  
Өз ақынын, Гейнесін.

Жазса Тарас Днепрді,  
Жазса Пушкин Еділді.  
Неге маған жырламасқа  
Сырда туған елімді.

Ел анасы - менің, анам  
Сырдың сұлу өзені.  
Қуан, ана! Ақыныңның,  
Келді жырлар кезегі.

Келдім бүгін, көрдім сені,  
Сүйсең міне маңдайым;  
Құшағыңда отырмын мен  
Көріп көзбен ел жайын.

Жасарыпсың, қадірлі ана,  
Ақ түсіпті шашыңа.  
Емшегіңнен сүт кетпепті,  
Жетсең дағы жасыңа.

Сен де маған, жаным ана,  
Днепрдей жарық бер.  
Қол жетпеген көк жұлдызын,  
Құшағыма алып бер.

Сол кезде де, жаным ана,  
Өзіңменен тең болам,  
Сырда туған Сырдың ұлы,  
Жаңа Гейне мен болам.

**Қасым АМАНЖОЛОВ**  
(1911 - 1955 ж.ж.)

**Өзім туралы**

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,  
Жүрегім жалын атқан сөз дайында.  
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,  
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...

Аманжол – Рахымжанның Қасымымын,  
Мен қалған бір атаның ғасырымын.  
Біреуге жұртта қалған жасығымын,  
Біреуге аспандағы асылымын.

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,  
Көрінер көлеңкесі келбетімде.  
Қай жерде үзіледі қайран сапар,  
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,  
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ.  
Немесе бастармын ба екінші өмір,  
Жалынды жыр жолында қызыл шок қап.

Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,  
Көре алмай көп жерінді мен кетемін,  
Арпалыс ала құйын заманалар  
Арбасып тұрып алды, мен не етемін.

Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,  
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.



Қайтейн, жетер емес қысқа өмірім,  
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.

Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,  
Қараймын елесіне мен таңырқап,  
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,  
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.

Жүзінде кәрі жердің әжімі көп,  
Ізімді табарсыңдар әзер іздеп.  
Оқырсың сонда мүмкін бұл жырымды,  
"Досың да, туысың да біздерміз", деп.

Ризамын туғанымға адам болып,  
Өкінбен, қаламын деп бір күн солып.  
Адамзат сапарының мейманымыз,  
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.

Екі көз - екі жұлдыз маңдайдағы,  
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.  
Япырым-ай, сен де бір күн сөнермісің,  
Қап-қара түнек болып маңайдағы.

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұксата алмай келемін деп.  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Барым да, бақытым да осы өлеңім,  
Жақыным, жүрегімнің досы өлеңім.  
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,  
Мен қайтып, босқа жасап, босқа өлемін.

Гүрілдеп жалын атқан кеудем - көрік,  
Сөз соғам құлашымды еркін керіп.  
Суарып шынықтырам күйге малып,  
Болсын деп әрі әдемі, әрі берік.

Құя алман үгітілген балшық өлең,  
Көңілімде көл жасамаң тамшыменен.  
Серінің семсеріндей сертке таққан,  
Өлеңнің өткірін бір алшы менен.

Ежелден ерке бұлан Қасым едім,  
Бұлқына тасып едім, басып едім.  
Жүзім - жаз, көңілім - көктем кең пейілді,  
Жақсының жүрегіне ғашық едім.

Сөзім жыр, лебізім - күй, ерке едім,  
Өз жерім, өз елімде еркеледім.  
Өмірдің алтын сарай аспанына,  
Қиялым қақты қанат ерте менің.

Кең жайдым құлашымды дүниеге,  
Білдім мен қайғыра да, сүйіне де.  
Әйтеуір әрі-сәрі болғаным жоқ,  
Ұқтым мен көңілімнің күйі неде...

Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,  
Сый көрді не бір сараң мол Қасымнан.  
Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,  
Айырылсам ала көңіл он досымнан.

Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын,  
Бақытын ойламаймын бір басымның.

Тымырсық түнек болсаң дұшпаныңмын,  
Ақ көңіл адал болсаң сырласыңмын.

Боламын ақын Қасым әлі де мен,  
Өлеңін бөбегіндей әлдилеген.  
Қанатын қағып жылдам келер жылдар,  
Бәрін де қарсы аламын ән-күйменен.

Бір күні от өмірім қалса өшіп,  
Қайран ел туған жерден кетпес көшіп.  
Торқадай жамылып ап топырағын,  
Жатармын өз жерімде бір төмпешік.

Дариға, о дариға, шіркін дәурен,  
Басымнан таярмысың бір күн, дәурен.  
Жалт беріп жоғалар ма нажағайдай,  
Жүзімде шалқып тұрған күлкім, дәурен.

Тоқтамас өмірімнің сағатындай  
Жүрегім енді қанша соғар тынбай?  
Тыншыр ма ақтық рет бір талпынып,  
Мерт болған балапанның қанатындай.

Түсірген ой сәулесін шартарапқа,  
Ақылдың алтын оты сөнген шақта,  
Бұл күнде санқылдаған сұңқар үнім,  
Кетерсің судай сіңіп табиғатқа.

Сондықтан ап кел бері, домбырамды,  
Кеудеме күй қанатты қондыр әнді.  
Берейін өмірімнен өлең жасап,  
Шашайын оңды-солды сол мұрамды.

Дүниеге келер әлі талай Қасым,  
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.  
Өртке тиген дауылдай өлеңімді  
Қасымның өзі емес деп кім айтарсың!

### Туған жер

Шықшы тауға, карашы кең далаңа,  
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.  
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,  
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?

Уа, дариға - алтын бесік туған жер,  
Қадірінді келсем білмей кеше гөр!  
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,  
Ақын болмай тасың болсам мен егер.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!  
Нендей күйге жүрегімді бөледің?  
Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем –  
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім.

Мен өзіндей байтақ едім, кең едім,  
Қызығыңды көріп еркін келемін.  
Сен де аямай бердің маған барыңды,  
Мен де аямай барым саған беремін.

Болдым ғашық, туған дала, мен саған,  
Алыс жүрсем, арманым - сен, аңсаған.  
Жақын жүрсем, мен - төрінде жаннаттың,  
Алтын діңгек - өзім туған босағам!

**ХАМИТ ЕРҒАЛИЕВ**  
(1916 - 1997 ж.ж.)

**Байтақ Қазақстаным**

Қазақстан! Өткен жолың кітапта,  
Жаңа жер-су, жапырақ пен бұтақта.  
Ешбір ізің көшкен елдің жұртындай,  
Көрген емес көнеріп те, жұтап та.

Қонған жерің - қоныс қала, қыстаққа,  
Сайрамайды сенсіз бұлбұл құс бақта.  
Сенен бөлек сенім жоқ қой біздерде,  
Бақытым деп баламызды құшсақ та.

Сырымыз жоқ сенен бөлек, басы артық,  
Жүргеміз жоқ жүкті иыққа бос артып:  
Келіп жатыр, кетіп жатыр ұрпақтың  
Әр буыны жалғыз сені жасартып.

Себебін де өзің жетік білесің:  
Сені сүйген жан есімі - Ұлы есім, –  
Келер күндер сенен танып алады  
Әр буынның қосып кеткен үлесін.

Бізбен тұстас шаңқай түсің, кеш түнің,  
Келешекке мұрасы емес ескінің.  
Келешектің ұл-қызынан көрерсің  
Біздің заман адамының кескінін...

Талай мұз бен шатқалдағы қар құлар,  
Тау мүжілер, талай суға жар құлар...  
Ал, біздерге алғыс айтар сен үшін,  
Ендігілер – екі мыңнан арғылар.

Олар солай өтер бізге қарызын.  
Жоғарыда жолың биік әрі ұзын.  
Көп заманға көтерілер әлі де  
Баяғыдан бай тарихта бар ізің.

Уа, қасиетті түгесілмес дастаным –  
Өз өлкесі малшы, дикан, ұстаның!  
Шарықтай бер, қарыштай бер, құт мекен,  
Бағстаным – байтақ Қазақстаным!

**ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ**  
(1920 - 1989 ж.ж.)

**Мен – қазақыпн**

Мен – қазақыпн мың өліп, мың тірілген,  
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.  
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,  
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен – қазақыпн, ажалсыз анамын мен,  
Құрсағыма сыйдырам даланы мен.  
Пәк сәбимін бесікте уілдеген,  
Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен.

Мен – жігітпін, айқасқа, сынға асықыпн,  
Жүрегі бар кеудемде шын ғашықтың.  
Жанартаудай жойқынмын жұлқынғанда,  
Шарықтасам, қыран боп шыңға шықтым.

Ал бүгін ше? Бүгін мен азаматпын,  
Жаза алатын, ғылымды қаза алатын.  
Жаза алатын дүниелік дастандарды,  
Жаза алатын тарихқа қазақ атын.

Жайып салдым сырымды дос алдына,  
От басында, өрісте, қос алдында.  
Жан-жүрегі көзінен көрінетін,  
Қазақ – дедім, отырған осы алдыңда.

Қашан қазақ атандым мен азандап? –  
Әлі күнге білмейсің, ей, адамзат.  
Есіміме береді бала-жасын,  
Құлпы тасты шұқыған кей азамат.

Мен қазақпын – бір биік белеспін мен,  
Еуропа да, Азия да емеспін мен.  
Аралықпын, жетінші материктей,  
Бірақ, барша адаммен тең өстім мен.

Республика! Ерікті ел Қазақстан!  
Келді ақыры көп күткен жаз алыстан.  
Келді алыстан аңсатып, армандатып,  
Торды бұзған мен де бір мәз арыстан.

Желдей еркін, түздей кең, таңдай азат,  
Мен қазақпын деген де қандай ғажап!  
Мақтан етсін халықтар халықтығын!  
Жетер сан жыл шеккені малдай азап!

Мен қазақпын – ақ адал жүрегіммен,  
Еңбек өмір, ер өмір, жыр өмірмен.  
Ақын тілі, махаббат, бұлбұл тілі,  
Жыр ғып қазақ тіліммен жүремін мен.

Қанша бүгін әлемге аян ұлым!  
Тыңдайды түз, сансыз шат Баян үнін.  
Қайта туған қарт Жамбыл, жас Күләштар,  
Бір-бір жолы жаңа өмірбаянымның.

Мені уақыт шыңдады, шынықтырды,  
"Күрес - бақыт" дегенді шын ұқтырды.



Көз алдымда ұзарып көлеңкесі,  
Зәулім құрылыс, ұлы істер тұнып тұрды.

Мен қазақпын - қаныммен, сүйегіммен,  
Сән-салтанат, салтымды сүйемін мен.  
Бак орнатам басына моланың да,  
Мұрагермін оған да иемін мен.

Тағдыр мені мирастан арылтпасын,  
Тоқтатпасын, тостырып, сарылтпасын.  
Арқан болып аяққа оралмасын,  
Тұсау боп адымымды тарылтпасын.

"Қазақпын" деп досқа айтам ұғысатын,  
Мақтан етсін атақты туысы атын.  
"Қазақпын" деп жауға айтам қасақана,  
Біліп қойсын, болса ойы жұғысатын.

Болмысынан Қазағым оза туған,  
Шыр еткеннен құлашын соза туған.  
Мен де солай талпынып, қанаттандым,  
Барсам барам Айға да өз атымнан.

Мен қазақпын – Отаным, бел балаңмын,  
Махаббаты сенікі жер-даламның.  
Ана сүйсе бір жүрек, менше сүйсін,  
Кешір мені, аса айтсам мен де адаммын.

# СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ

(1922 - 1993 ж.ж.)

## Туған жермен сырласу

Уа, Торғай, тыңда мені, қымбатты анам,  
Бала боп барсам аунап-қунап қалам.  
Желіңе, толқынына, жаңбырыңа  
Жасқанбай жанымдағы сырды ақтарам.

Орынсыз айкай салып желікпеген,  
Мен сенің сабырыңа сеніп келем.  
Туған жер, бұл әлемде өзім үшін  
Артықсың бар табиғи бөліктерден.

Атылып Ұлытаудан ұрандаған,  
Өзенсің көк төсінде жыр аунаған.  
Үні бар толқынында құлыншақтың,  
Даусы бар келіншектің құрауланған.

Тербеткен бесігісің батырлардың,  
Аяулы әз жырысың ақындардың.  
Картадан көрінсең де кішкене боп  
Өзенсің дүниеге аты мәлім.

Жырлаған қанды майдан жортуылын,  
Құлақта, Торғай, сенің толқын жырың.  
Әуелде өзің мені ұшырып ең  
Әрқашан қонақтайтын бол тұғырым.

\* \* \*

Туған жердің тоғайының әншісі,  
Туған жердің жаңбырының тамшысы.  
Туған жердің топырағының түйірі –  
Адамдардың құдіреті, жан күші.

Туған жерің – маңдайдағы тағдырың,  
Көңілдегі қуанышың, зар-мұңың.  
Соның бәрін тастап бір күн кетесің,  
Аманат қып балаларға барлығын.

\* \* \*

Туған жерім, ыстықсың сен біртүрлі,  
Бәрі таныс, бәрі маған сүйкімді.  
Өзеніңмен бердің маған күлкіңді,  
Өлеңіңді бердің маған мың тілді,  
Туған жерім, ыстықсың сен біртүрлі.

Түн қанаты түскенінде судырап,  
Жатсаң жерге құлақ қойып тың тындап,  
Үн толқыны шыңға соғып шыңылдап,  
Қайта айналып тіл қатқандай сыбырлап,  
Түн қанаты түскенінде судырап.

Жусаныңнан жұпар әтір алған ба?  
Хош иісті өзен, ылди, таулар да.  
Гүлін атқан бүршік жарып талдар да,  
Иіссу өзен жүзген толқып аңғарда,

Жусаныңнан жұпар әтір алған ба?  
Туған жерім, ыстықсың сен біртүрлі,  
Алу үшін тың қазына мүлкінді.  
Аштық бүгін азанменен ұйқыңды,  
Боласың сен бұдан сұлу, сүйкімді,  
Туған жерім, ыстықсың сен біртүрлі.

**ШОНА СМАХАНҰЛЫ**  
(1924 - 1988 ж.ж.)

**Туған жерім – жүрегім**

Туған жер, тауың түгіл төбең биік,  
Анамдай бауыр басып, өстім сүйіп.  
Жатсаң да жарты әлемді түгел алып,  
Кішкентай жүрегіме тұрсың сыйып.

Елім бар еркін өскен қазақ деген,  
Ат қойған сәбиіне Азат деген.  
Арманы, аңсағаны - бейбітшілік,  
Дәстүрін келген қонақ ғажап деген.

Жігіттің осында ғой керме иығы,  
Қыздардың осында ғой жез киігі.  
Жері бай, желі саумал, көлі көркем,  
Әлемнің туған өлкем жерұйығы.

Еңбекпен күнге төсеп білегімді,  
Гүл баққа бөлеймін мен ұлы елімді.  
Жат көзден қорғай білсем туған жерім,  
Өзімнің қорғағаным жүрегімді.

**Бабам өскен жер**

Ата-бабам алшаң басқан жерім,  
Аққумен әнін қосқан төрім.  
Күмбірлетіп тартқан күйі керім,  
Жетіп тұр ғой жүрегіме –  
Жүрегіме менің!

Әкем өсіп, малын баққан дала,  
Тұлпар мініп, көкпар шапқан дала.  
Екі талай күн туғанда елге,  
Жауын жеңіп, ат ойнатқан, –  
Дабыл қаққан дала!

Аққу қонған айдын шалқар көлім,  
Сұңқар ұшқан салқын самал белім.  
Осынау жерде өсіп-өнген елім –  
Арқа сүйер асқар тауым,  
Ән-жырым ғой менің!

**ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВ**  
(1925 - 2001 ж.ж.)

**Дала**

Дала, дала, ұшан дала,  
Мен далада келемін.  
Алсам, шіркін, құшағыма  
Қысып байтақ көлемін!

Бұлты көшіп, самалы есіп,  
Тұр ғой толқып тамаша.  
Боз көдесін келем кешіп,  
Гүлін терем балаша.

Дала менің есі-дертім,  
Көрсем көңіл жадырар.  
Сүйем оның азат көркін,  
Менде дала жаны бар.

Сол даланың сызы еді ғой,  
Арқам алғаш тигені,  
Сол даланың қызы еді ғой,  
Жүрек алғаш сүйгені.

Дала, дала, ұшан дала,  
Мен далада келемін.  
Алсам, шіркін, құшағыма  
Қысып байтақ көлемін!

## Отанға

Сүйемін сені үндемей,  
Сүйгендей сәби анасын.  
Түн демей маған, күн демей  
Жарығым болып жанасың.

Қуаныш, күдік шағында,  
Шүленім, сенсің тірегім.  
Дүниенің шексіз шарында  
Өзіңсің жалғыз тірегім.

Аз күндік өмір-айлақта  
Кім сендей маған бола алар!  
Кетсе де қаңғып қай жаққа,  
Өзіңе ойым оралар.

Жаппардай жалғыз жарығым,  
Антымсың, адал дұғамсың.  
Кей сәтте қалсам тарығып,  
Көңілге медет, шыдамсың.

Атыңды айтып қанша жан,  
Өмірден білем өткенін.  
Құшағым жайсам мен саған,  
Қолымды қақпа тек менің.



**ТОҚАШ БЕРДИЯРОВ**  
(1925 - 1988 ж.ж.)

**Туған жер**

Даланың еркін ескен самалы бар,  
Маған ыстық ну тоғай, әрбір тасы.  
Сағымды сылаң қаққан сары адырлар,  
Секілді жирен аттың қабырғасы.

Қолыма жерде жатқан тасты алғанда,  
Көзіме елестеді бала күнім.  
Сол тасты лақтырып тастағанда,  
Таспенен кеткен екен балалығым.

Шалғының жасырды ізін жүргіншінің,  
Сұлу ай төбемдегі алтын кесе.  
Қуанамын, сабалақ бір күшігін,  
Астынан алты қырдың әуілдесе.

Қалды іздерім сенің кең атырабыңда,  
Сол іздер өмірімнің ескегі екен.  
Бидайдың бір дәніндей топырағыңда,  
Елендеп, құлақ тартып өскен екем.

Жыңылдап шілдеқоңыз жақын маңда,  
Тулап жатқан сағымда жүздік-ау бір.  
Шыққанда қайқан етіп құба жонға,  
Етекте жатушы еді-ау біздің ауыл!

Әсем бір шегірткенің шырылына,  
Шыңылы шалғы орақтың ұласады.  
Айдын көл шағылысып күн нұрына,  
Сыбдырлап қамыс, қияқ сырласады.

Сусылдап бір топ үйрек көлге төнді,  
Күнбағыс өбіседі күн сұлумен.  
Жұпар иісі аңқыған шөмелені,  
Сиырлар қасып жатыр тұмсығымен.

Не деген ұшан теңіз дала сыйы,  
Астық!  
Нан!  
Жыл жомарты күз емес пе?!  
Сонау бір жылқышының киіз үйі,  
Пай-пай-пай, түсіргені-ай,  
қымызды еске!

Жасыл бақша ұқсайды кездемеге,  
Мол байлықтан майысқан адыр белі...  
О, туған жер,  
түсемін өз кеудеңе,  
Марсқа лақтырса да тағдыр мені.

### **Ыстық нан**

Сонадайдан Туған жерді танысың,  
Сағындым ғой, бұрқыраған шаң иісін.  
Ақ тандырдан қып-қызыл боп төгілген,  
Әсіресе, жақсы көрем нан иісін!

Қиын кезең бізді есіркеп қойды ма?  
Қозы бақтым, дорба асынып мойныма.  
Дөп-дөңгелек, өзі ып-ыстық күлшені,  
Апатайым тығушы еді-ау қойныма...

Шіркін астық, даламыздың қызыры,  
Жота-жота қырманның мол қызылы.  
Бір үзім нан болатын-ды ол кезде,  
Жастық шақтың бақыты мен қызығы.

Ішімізге тым көңілсіз сыр түйіп,  
Өстік біздер "апа, нан" деп бұртиып.  
Өмірден бе, өзімнен бе, кім білсін,  
Дәл қазір де менің денем тұр күйіп.

Көзім салсам боз жусанды белеске,  
О, жастық шак, ораласың сен еске!  
Осы күнгі бойымдағы қызулық,  
Сол күлшенің ыстықтығы емес пе?

**БӘКІР ТӘЖІБАЕВ**  
(1926 - 1994 ж.ж.)

**Ақбұлақ**

Күндіз-түні бір тынбай, дала кезген шапқылап,  
Құмар едім өзіңе, бала кезден, Ақбұлақ.  
Әнге бөлеп маңайды, асып-тасып жатасың.  
Ақ моншақтан аспанға, шашу шашып жатасың.  
Сенің келіп жағаңа, Анам талай су алған.  
Сенің келіп жағаңа Әкем атын суарған.  
Айналайын Ақбұлақ, асыр салғам жағаңда,  
Сенен артық өлкені, бұл әлемнен табам ба!?  
Шексіз жатқан жерімді, сүйіп келіп жатасың,  
Бойыңдағы барыңды, үйіп беріп жатасың,  
Тынбай кезсең даламның, атырабын, Ақбұлақ.  
Тұнығыңнан жайқалған, жапырағым, Ақбұлақ.  
Сұлу саздан сән беріп, бір тынбаған, Ақбұлақ.  
Қыз-жігіттен жасырын, сыр тыңдаған, Ақбұлақ.  
Сол бір сырды жасырын, ала қашқан, Ақбұлақ.  
Арынынан басылмай, далаға асқан, Ақбұлақ.  
Арудайын еркелеп, мың бұралған, Ақбұлақ.  
Мөлдіріне арайды, күннен алған, Ақбұлақ.  
Сен болмасаң түз гүлі ашылмайды, Ақбұлақ.  
Саған деген құмарым басылмайды, Ақбұлақ.  
Сенің келіп жағаңа Анам талай су алған.  
Сенің келіп жағаңа Әкем атын суарған.  
Айналайын Ақбұлақ, асыр салғам жағаңда.  
Сенен артық өңірді бұл әлемнен табам ба!

**ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ**  
(1928 - 1994 ж.ж.)

**Алтын бесік**

Атқан таң, арайлы күн, аманбысың?  
Самғайды сахарадан саған құсым.  
Қымыздай тәтті тірлік, кермек тірлік,  
Сүйем мен сені осынау далам үшін.

Боз дала, бозша торғай, бозғыл жусан.  
Көремін көңілімде көзім жұмсам.  
Сен маған дүйім қазына, дүние сарай,  
Барым мен бақытым сол – өзің болсан.

Жармасып, жанталасып мінбен атқа,  
Жаяулап және қор боп жүрмен артта.  
Жаныма өзім берген жас қанатпен,  
Жетермін мың бір арман, жүз мұратқа.

**Мемлекетім менің**

Мүз құрсанған, ақ көрпеге оранған,  
Қиын-қыстау, сары аяздан бораннан.  
Қорықтастан туған менің – бөбегім –  
Мемлекетім – азаттығым оралған.

Әрқашанда сені әлдилеп келем мен,  
Ауызымдағы таусылмайтын өлеңмен.

Кеудемдегі жүрегім мен қаныммен,  
Қан арқылы қайрат жиған денеммен.

Сені бағып, саған деген алаңмен,  
Күн кешемін, бар ынтамды салам мен.  
Қайтсе сенің қатаяр деп буының,  
Қайтсем жәрдем етемін деп саған мен.

Арман, арман, арман едің сен де бір  
Мемлекетім – қазағымдай ер көңіл.  
Сен жасайсың бақыты үшін ұлтымның,  
Көтересің, көтергендей жерде гүл!

Сенем саған, сенгенімдей Құдайға,  
Сенгенімдей көгімдегі Күн, Айға,  
Сенгенімдей барлығыма тірлікте,  
Сенген адам сенен ақы сұрай ма?

Сен өзімсің, келген жоқсың шет елден,  
Еңбегімсің сан бейнетпен өтелген.  
Ескі арманнан жаңа туған сәбисің,  
Сені әлдилеп, сені аруақтап өтем мен.

Сенің биік байрағыңның астында.  
Келер ұлдар елге болар бас тұлға.  
Туар талай нағыз қазақ нарлары,  
Қарсы барар дауыл менен тасқынға!

Келе жатыр, келе жатыр жаңа ұрпақ,  
Тек солардың бақытын күт, бабын тап.  
Баяғыдай сарбаздарың самсасын,  
Дүние саған қарасын бір таңырқап!

**Мұқағали МАҚАТАЕВ**  
(1931 - 1976 ж.ж.)

Keң дүние, төсінді аш, мен келемін,  
Алынбаған ақым бар сенде менің.  
Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім,  
Бура бұлттар – бусанып терлегенім.

Аспанындай кей сәтте күрсінемін,  
Жас талындай жауқазын бүршік едім.  
Keң дүние, керемет қалпыңменен,  
Жүрек болып кеудеме кірші менің.

Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,  
Секілді бәрі менен көз алмаған.  
Keң дүние, кенде етсең сыбағамнан,  
Шырылдаған сәбидей мазаңды алам.

**Әттең, шіркін!**

Men бармаған қазақтың атырабы,  
Маған кел деп, мазалап, шақырады.  
Men баспаған қазақтың топырағы,  
Арманымдай алдымда жатыр ағып.

Men татпаған қазақтың дастарханы,  
Маған ылғи түсімде ас тартады.  
Мойнын созып, күткелі қашан мені,  
Men көрмеген қазақтың асқар тауы.

Көлдерім де мен барып шомылмаған,  
Бетегелі белдерім, момын далам.  
Өзендерім, орманым күтуде әлі,  
Қашан келер екен деп қоңыр-балам.

Қашан келер екен деп, бұлақтар да,  
Бұлаң қағып жатқаны суаттарда.  
Самал соқса сұрайтын көрінеді,  
Қашан келер екен деп құрақтар да.

Ақ шалдары – қазақтың ақ таулары,  
Маған деген жүйрігін баптауда әлі.  
Жеңешелер өлеңін жаттауда әлі,  
Шашуларын әжелер сақтауда әлі.

Мен көрсін деп, сарайлар салдырыпты,  
Сан асылын сан жақтың алдырыпты.  
Екі ғашық үйлену тойларын да,  
Мен келсін деп, кейінге қалдырыпты.

Сәлем саған! Көрмеген жарандарым!  
Кешіріндер, кешіктім, бара алмадым?  
Әр көдене бір қонып, ұшар едім,  
Әттең, шіркін, құс болып жаралмадым...

### **Отаныңның қадірін білем десен**

Жетер, досым,  
Желігіп, шіренбе сен.  
Сауық құрып, барып қайт бір елге сен.  
Алматыны сыйласаң, көп күніңді,  
Жұмсамас ең босқа сен, жібермес ең.



Ақбұлақтың отырып жағасына,  
Алатаудың мас болып ауасына,  
Серуендеп, немесе қырға шығып,  
Қаласына қарар ең, даласына.  
Жәннат сыймай көзіңнің шарасына.

Тұнық көзбен қарар ең тұнық көкке,  
Тұрар еді тұнық нұр тынып бетте.  
Алматыны сыйласаң, сапар-жолға  
Алатаумен қоштаспай жүріп кетпе!

Алматының қадірін білем десең,  
Біреді айға барып қайт бір елге сен.  
Алатаудың келбетін көз алдыңнан  
Жіберсең де өзің біл, жібермесең.

Алысқа бар, бауырым, алысқа бар,  
Кез келген материкке, ғарышқа бар.  
Жаксы адамға орын бар бір кісілік,  
Жадау тартса, көңілің де таныс табар,  
Бірақ....  
Бірақ, Алматың алыс қалар....

Киінерсің, тоярсың, ішінерсің,  
Біреуден зор, біреуден кішірерсің.  
Хан көтеріп алса да, Алматыңды  
Амалсыздан есіңе түсірерсің.

Жаманшылық жаныңа жолатпаса,  
Аптығың да басылар, тояттаса....  
Бірақ....

Бірақ... Алматын түсіне еніп,  
Бәс тігейін, ұйқыңнан оятпаса!

Алматысыз күн кешіп жүрем десең,  
Тұршы барып, нанбасаң, бір елге сен...  
... Алматыңды қадір тұт алдыменен,  
Отаныңның қадірін білем десең.

## Отаным, саған айтам

### I

Сүріну бар да, самғау бар,  
Ақиқат бар да, алдау бар,  
Ынтымақ бар да, даулар бар,  
Бірін-бірі арбау бар.  
Сау жүріп естен танғандар  
Отаным, саған айтамын:  
Менде бір әппақ арман бар.  
Ақтығы – алғаш жауған қар.

Өмір бер маған аздаған,  
Бақыт бер маған аздаған.  
Молынан ырыс беріп ең,  
Өртеніп кете жаздағам.  
Азғанаңа да мәз болам.  
Ошағы сөнбей қоздаған,  
Жалын бер аздап маздаған.

Атырау-жаным – жайылма,  
Нәр берген терек, қайыңға.

Отаным, саған айтамын,  
Адамгершілік жайында.  
Салмайын сары уайымға,  
Адамдығымнан айырма?  
Сен үшін Отан, сертім сол –  
Неден де болса тайынбан!

Бәрі де, Отан, сен үшін!  
Мәуелеп тұрған жемісім,  
Еселеп жатқан жеңісім –  
Бәрі де, Отан, сен үшін!  
Біреуге берсең жең ұшын,  
Беремін мен де жең ұшын.  
Бермесең өзің келісім,  
Бермеймін мен де келісім!  
Кіндігім мәңгі байланған,  
Киелі менің өрісім!  
Адамдық арды сақтаған,  
Қилы бір қиын шақта да,  
Өзіндей жаным – Аққала.  
Ала жібін ешкімнің,  
Баса-көктеп, аттаман.  
Досыма көзімді алартып,  
Жұдырық түймен жатқа да.  
Алдыңда ақ қой, ақ балаң...  
Ақ балаң, Отан! Ақ болам!!!

## II

Күйзелем еске ап, жасыман,  
Сан жылдар бойы осыдан,  
Есітіп таңғы даусыңды,  
Ұйқымнан мен де шошығам.

... Дихан-Аналар қосынан,  
Мұң бағып өстім жосыған.  
Көз жас пен тердің тұқымы –  
Қазіргі біздің осы нан.  
Жесірдің тері – осы дән,  
Осы тұқымға қосылам,  
Сенесің бе, Отан, осыған?  
Сонау бір бала шақтарда,  
Қарлығаш қанат қаққанда,  
Шілдеде, я ақпанда,  
Көз жасын маған көрсетпей,  
Отаным жылап жатқанда,  
Қарағай толы қапталда,  
Дәметіп болашақтардан,  
Қараушы ем атқан ақ таңға.  
Өшіруші едім өртімді,  
Бауырымды төсеп ақ қарға,  
Ақ қарға, я мақпалға,  
Отаным жылап жатқанда.  
Ауысып бір күн бір түнге,  
Сап болып сәби күлкім де,  
Аяулы менің Отаным,  
Көзінің жасын іркуде,  
Көңілінің мұңын бүркуде.  
Дәрменсіз едім онда мен,  
Көзінің жасын сүртуге.  
Қайғыра жүріп, қайрат қып,  
Кеудеде бұлбұл сайраттық.  
Жауынның алып жасынын,  
Жауымызға аттық айбат қып.  
Отанның ортақ қазанын,  
Ортаға алып қайнаттық.

Қара суды қаймақ қып,  
Қанағатымызды жайнаттық.  
Өлмедік біздер аш қаңғып,  
Жасамай жанға қастандық,  
Туылдық, қайта басталдық.  
Сабаннан көрпе жамылып,  
Сабаннан жастық жастандық.  
Өлмесін дедік жабылып,  
Өзің берген Бостандық.

### III

Кешіргін, Отан, кей-кейде,  
Басып бір кетсем гөй-гөйге.  
Тілі шықпаса сәбиің  
Тұшынып, сірә, сөйлей ме.  
Тасынып біраз мен кейде,  
Басылып қалам деңгейде.  
... Ашынам арзан ағайға,  
Ашынам арзан жеңгейге.

Ашынам, қайта басылам,  
Басылам-дағы, тасынам.  
Адамдықтарын алтынмен  
Өлшегендерге ашынам!  
Мансапқорлардың қасынан  
Шықпайтындарға ашынам!  
Жалданып өскен жасынан  
Жағымпаздарға ашынам!  
Өзіңе ғана бас ұрам,  
Сенесің бе, Отан, осыған!

Айырылған адал досынан  
Алаяқтарға ашынам!  
Ашынам-дағы тасынам,  
Тасынып барып, басылам...  
Мұнымды несін жасырам.  
Отаным, мені кешіргін,  
Кей-кейде мен де кесірмін.  
Есімнен шығып сонау кез  
Ессіз де түссіз есірдім.  
Шешінбес жерде көсілдім...  
Кеткенін білмей есімнің.

Отаным, сенің алдыңда,  
Өртендім бе, әлде жандым ба,  
Бас ұрып көзсіз тағдырға,  
Барымды бермей қалдым ба?  
Сәуле бер менің жаныма,  
Жанбаған жалын бар мұнда.  
Аунаған толқын бар мұнда.  
Өзіңмен ғана сырласам,  
Өзіңсіз менде тумас ән.  
Кешіргін, Отан, кеше гөр,  
Еркелеп кейде туласам.  
Өзегім шіріп өлер ем,  
Өзіңнен егер тумасам...

#### IV

Жасырман, кейде мұнданам,  
Мұнданам-дағы "жынданам".  
Өзіңсің солай жаратқан,  
Өзегі жалын бұл балаң –

Шағаласы бар шулаған,  
Теңіздің сыры белгілі,  
Тек жату үшін тумаған!  
Жасынын жайдың ұрлаған,  
Өзіңе тартқан бұл балаң!

### Қазақстан

Жаксы атанды демессің сүйем десем,  
Табынатын тәңірім, ием де - сен.  
Адам болып күн кешу қиын маған,  
Арқа тұтып, өзіңе сүйенбесем.

Сен менің сүйегім мен қанымдасың,  
Жанымдасың, ұятым, арымдасың.  
Саған деген махаббат дамылдасың,  
Тек сенің топырағыңды жамылғасың.

Өзіңше түсің де ерек, ісің де ерек,  
Сырым бар саған айтар ішімде көп.  
Қомағай көзімді бір тойдыра алмай,  
Қорқамын бәрі осының түсім бе деп.

Қазақстан!  
Пай, пай, пай!  
Ардағым-ай!  
Сен менің Шолпанымсың, жанған ұдай,  
Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт,  
Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!..

## Үш бақытым

Ең бірінші бақытым – Халкым менің,  
Соған берем ойымның алтын кенін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,  
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал, екінші бақытым – Тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,  
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!  
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?  
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

Түтін түтет,  
Өс, өрбі, көгере бер,  
Немерелер көбейсін, шөберелер.  
Жадында ұста,  
Жақсылық күтпегейсің!  
От емес, оқ сұрасаң менен егер!

Үш бірдей бақытым бар алақанда,  
(Мені мұндай бақытты жаратар ма!)  
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,  
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!



## Мен-Үйсінмін

Мен – Үйсінмін, қауға берсең қауға бер,  
Қан ағызып үйренгем жоқ жаулап ел.  
Дауы да жоқ, жауы да жоқ - тып-тыныш,  
Бауырларым, біздің асқақ тауға кел.  
Мен – Үйсінмін, мал бақ десең, мал бағам,  
Еш жамандық көргенім жоқ қауғадан.  
Мен – Үйсінмін, Ұлы жүзбін, ұлымын,  
Ұлымын деп ұлыққа да бармағам.  
Ортадан да, Кішіден де кішімін,  
Ұлымын деп көрсетпеген қысымын.  
Ел басына екі талай күн туса,  
Екі інімнің найзасының ұшымын.  
Мен – Үйсінмін, Ұлы жүзбін, ұлымын,  
Кісіліктің, кішіліктің құлымын.  
Бөлінбеген еншім даяр, екі інім,  
Желкілдетіп жетіп келсе тұлымын.

**Туған елім, туған жерім**

Сүйіп келсе өлкемді күн,  
Көрдім кербез жер кеңдігін.  
Сексен көлдің саясында,  
Серуендеп терсем гүлін.  
Туған елім, туған жерім –  
Ол өзіңнің көркемдігің.

Сүйсе сүйсін сүйікті күн,  
Сенсіз бақыт жиыпты кім.  
Алатаудың аясында,  
Әрең жүрсем сыйып бүгін.  
Туған елім, туған жерім –  
Ол өзіңнің биіктігің.

Жігеріңді қайтарды кім,  
Қуатың мол байқар бүгін.  
Сан ғасырдан аман шыққан,  
Тамсандырса қайсарлығың,  
Туған елім, туған жерім –  
Ол өзіңнің шалқарлығың.

Ай мен шолпан ғашық сырын,  
Байқоңырдан тасып бүгін;  
Ғарышкерлер аман келсе,  
Қарсы аламын тасып жырым.

Туған елім, туған жерім –  
Ол өзіңнің асылдығың.

Көрдім өмір құттылығын,  
Шөл далаға шықты гүлім.  
Келешектің кереметін,  
Дос пен дұшпан ұқты бүгін.  
Туған елім, туған жерім –  
Ол өзіңнің мықтылығың.

**САҒИ ЖИЕНБАЕВ**  
(1934 - 1994 ж.ж.)

**Туған жер**

О, туған жер, барымның  
Сәттілері сенікі.  
Балы болса жанымның  
Тәттілері сенікі.

Жүрегімде жыр болса,  
Наздылары сенікі.  
Көкейімде күй болса,  
Саздылары сенікі.

Менің тұла бойымның  
Бұла күші сенікі.  
Қияға ұшқан ойымның  
Қыран құсы сенікі.

Озып келсем бәйгеден,  
Орамалым сенікі.  
Қақ алдына жайдым мен...  
Қалағаның сенікі!

\* \* \*

Көп болды ғой мінбегелі құр атқа,  
Шарт түйіліп шықпағалы қыратқа.

Асауларды ақ сорпа ғып келетін –  
Қайран кездер қалып қойды жырақта.

Сол бір кезді еске алушы ем сағына,  
Міне, бүгін кездестім мен тағы да.  
Көңілім толқып, көрейінші дедім де,  
Создым қолды көкбестінің жалына.

"Сен сағынсаң мен де сені сағындым,  
Мен де көптен шабысымнан жаңылдым.  
Кең даламда көсіліп бір көрейін,  
Шықпай жүрген терін алшы жанымның.

Арқыратып ат мінбеген – кісі ме,  
Кісі еместің біздерменен ісі не?!  
Құмарыңды тарқатшы бір, бауырым,  
Әкетейін көк сағымның ішіне!.."

Дегендей ол, ауыздығын тістеніп,  
Тұла бойын кетті оның да күш керіп.  
Неде болса басып қалдым қамшыны,  
Жалғыз тамшы жанарымнан түсті еріп.

Кете бардым азыната жарып жел,  
Көз алдымда бұлдырайды сары бел.  
Жаны қалмай қолын созып тұс-тұстан  
"Байқашы!" деп дауыстайды қалың ел.

Қыз-келіншек – жаралғандай ақ гүлден,  
Сол бір сөзді қайталайды тәтті үнмен.

Бір көгілдір дүниені бетке алып,  
Ақ жұлдыздай ағып бара жаттым мен.

Көз алдымда мөлдіреп бір тұрды шық.  
Кең, жазықта ағып барам нұр құшып.  
Мен жығылып қала ма деп абайсыз  
Туған далам келе жатты бірге ұшып...

**ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ**  
(1935 - 1983 ж.ж.)

**Толғансам, Туған жер сен сыйынарым**

Толғансам, Туған жер, сен сиынарым,  
тірлігім сиынбасам қиын әлі.

Тауыңмен рухымды көтер менің –  
естілсін жырым ойлы, күйім анық.

- Тартпайды маған біткен тасқын бәсең,  
Жатқанда табанымның астында сен.  
Ұстатпа домбырамды надан қолға,  
Кеудемді жамандарға бастырма сен.

Өнерді өзіңе арнап өрлеткелі,  
Мидан ой, қабағымнан тер кетпеді.  
Орманның ойларымен оят мені,  
Теңіздің толқынымен тербет мені.

Тимеген ат тұяғы қайран адыр,  
бір жырышы туды сен деп сайрағалы.  
Алысқа баста мені, дала жолы,  
Атымды, Талап-атшы, айда кәне.

Тек саған, саған ғана сүйенемін,  
топырақ қасиетті, киелі елім.  
Бұталар, етегімнен іліп, тартпа,  
Шоқылар, қолтығымнан сүйе мені...

## Менің елім

Көкірегімнің үміті мен тілегі,  
Күй боп түлеп, Күн боп шығып күледі.  
Күн астында көк төбелер түледі –  
Менің елім, менің елім – гүл елі!

Айтпағым бір ағыл-тегіл сыр еді –  
Шежіреңе ол өлең болып кіреді.  
Мендегі өнер сен деп өмір сүреді –  
Менің елім, менің елім – жыр елі!

Қанат комдап таң атқанда шығыстан,  
Торғайым бар қыраныңмен бір ұшқан.  
Жүрегім бар жүрегіңмен ұғысқан –  
Менің елім, менің елім – гүлстан!



**ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ**  
(1935 - 2011 ж.ж.)

**Отан барда сембеймін де, сөнбеймін**

Қабат-қабат бұлт төнсе де басыңа,  
Қабағыңды шытпа, жігіт, жасыма!  
Біз шегінсек,  
Біз жеңілсек,  
Біздерді  
Байқап тұрып,  
Не істемекші жас ұлан?!

От ішінде,  
Өрт ішінде күйгенде,  
Басыңды име,  
Тізе бүкпе,  
Именбе!  
Ер еңкейсе еңкейеді  
Жалғыз-ақ –  
Туған жердің топырағын сүйгенде!

\* \* \*

Бұл сөзіме сенбе менің мейлің, сен мейлің,  
Сен тұрғанда сембеймін де сөнбеймін!  
Бақытыңды таба алмасаң сүюден,  
Басқа тапқан Бақытыңа сенбеймін!

Бұл сөзіме сенбе мейлің, сен мейлің,  
Отан барда сембеймін де сөнбеймін.

Туған жерден таба алмасаң қасиет,  
Басқа тапқан қасиетіңе сенбеймін!

\* \* \*

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр:  
Бұлттың оның бұлт демей бір түбіт дер.  
Қарап тұрып мынау шырқау шыңдарға,  
Қалай төмен боламыз, ей, жігіттер!

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр:  
Тұма-бұлақ дариядан үміткер.  
Қарап тұрып мынау түпсіз теңізге,  
Қалай таяз боламыз, ей, жігіттер!

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр:  
Теңіз кешіп, шың басына шығыпты ер.  
Көре тұра мынау ұлы даланы,  
Қалай кіші боламыз, ей, жігіттер!

\* \* \*

Төркін-далам, мұнша неткен киелі ең,  
Көп болмайды күнде тартсам сый өлең.  
Қалжырасам, сенің нәзік талыңа  
Ата-анама сүйенгендей сүйенем!

Өтсем болды өзен-көлің қасынан,  
Кең кеудені кернейді бір асыл ән.  
Елжіресем, көк тасыңды сипаймын,  
Сипағандай сәбиіңнің басынан!

**ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ**  
(1935 - 2011 ж.ж.)

**Қазаққа**

Гәккуімсің кеудемдегі данышпан,  
Аққуымсың айдынымнан жаңа ұшқан.  
Тәрбие алдым тірлігімде мен өзім,  
Абайдан да, Мұқтардан да, Қаныштан.

Жақсы бол деп ақыл айттың, ұлы анам,  
Сенің ұлың болғаныма қуанам.  
Қай кезде де қайтқан емен сөзімнен,  
Артықпын деп айтқан емен мынадан.

Асыл анам, қасиетті қарт бабам,  
Сендерді ойлап өміріме бақ табам.  
Сендерді ойлап серік алмай қасыма,  
"А, құдайлап" алыстарға аттанам.

Ту ұстады туған мекен бүтінгі,  
Тілім менің тыңдағанға ұғымды.  
Бар әлемге жариялап үлгерем  
Досына адал қазақ екендігімді.

Қыран болып қалықтайсың көк өрін,  
Өзі жақсы азаматқа көп орын.  
Қазақсың сен, Нұрсұлтанға серіксің,  
Ағасысың, інісің сен оның.

Бір басыңа аз болмайды осы бақ,  
Аялай біл сол бағыңды тосып ап.  
Өзен болып араласаң өлкеңді,  
Өз бойыңа арманыңды қосып ақ.

Ертең ескі сен айтатын биылғы ән,  
Құс боп ұшып келсін ол да қиырдан.  
Қазақсың сен Қаз дауысты Қазыбек,  
Төле атансын – төрден орын бұйырған.

Қазақсың сен әлемге аян ерлігің,  
Тас төбенде мәңгі тұрады енді күн.  
Әйтекесің – әйнегіне көңілінің,  
Түсіре де білетұғын ел-мұңның.

Сен білесің аспан сырын, жел жөнін,  
Шашсын нұрын мәңгі бақи елге күн.  
Сен қазақсың кешіре де білетін  
Туысыңның кемшіл жерін, кем жерін.

### **Туған елге бір тілек**

Туған ел, туыңды бер көтерейін,  
Кішкентай ұлыңды бер жетелейін.  
Бір туар сұлуыңды берші маған,  
Бір өзін бар дүниеден жекелейін.

Туған ел, тұлпар мінгіз жел аяқты,  
Тіршілік еркелетіп, мені аяпты.  
Белгілі бір Аллаға, ешкімге емес,  
Өзені өмірімнің қалай ақты.

Туған ел, ту сыртымнан көп қарайсың,  
Жастық шақ, қалған көңіл, батқан айсың.  
Сенетін серігім ең сын сағатта  
Сен неге бұрынғыдай мақтамайсың.

Туған ел, көкірегімде тулап жүрек,  
Тоқиын бір сен үшін жырдан жібек.  
Ұғайын көзге қарап көңіліңді,  
Шығатын жүйрігіңмін жылдан жүдеп.

Туған ел – шыңың бақыт, шырайың гүл,  
Сен айтсаң, айтқаныңнан шығайын кіл.  
Мін де шап, қандай бәйге болса дағы,  
Алдыңнан келейін де тұрайын бір.

Қашан да қазаның боп қайнадым де,  
Алдынан азаның боп жайнадым де.  
Ойға сал, қырға да сал қызығыңда,  
Әйтеуір, тұлпарыңды қойға мінбе!

**САБЫРХАН АСАНОВ**  
(1936 - 1996 ж.ж.)

**Дала**

Ай-най дала, ай дала, шіркін дала!  
Жылжып өтіп жатыр ғой бір күн дала.  
Жарты әлем боп жатырсың, жата бер, сен,  
Сан ұлыңнан сарқылмас сыр тыңда да.

Қазақ деген халықтың бағымысың,  
Бұл дүниенің кеңпейіл шағымысың.  
Төсіндегі түйең боп түрегелер,  
Менің сен деп боздаған сағынышым.

Өзен-көлің аман-сау суалғаннан,  
Тұрып-тұрып төсінде туар да арман.  
Кезіп-кезіп майсаңа құлай кетсем,  
Көзімнен жас шығады қуанғаннан.

Шексіз дала...  
Бұл неткен мидай дала.  
Өтсем болды өзіңді сыйлай ғана.  
Көкжиекті көтеріп керіп кеткен,  
Астына да аспанның сыймай дала.

Дала деген - мыңқ етпес төзім алып,  
Көтерген не дананың сөзі қалып.  
Жалғыз билеп жалғанды жатамыз-ау:  
Жерде – мен, көкте – күннің өзі қалып.

Ой-киясға шала мас түк ілінбей,  
Бұлғандайды жерошақ түгініндей.  
...Сары самалың сәскеде лүп-лүп соғар,  
Жүрегімнің жұп-жұмсақ лүпіліндей.

Қандаймыз деп, ойласам, мұрагерлер,  
Кеудесін жебе тескен тұрады ерлер.  
Әнге басқан жер ғой бұл Ақан салдар,  
Тіреп жортқан тұяғын Құлагерлер.

Қобалжытпай көңілді кете ме ой бұл –  
Қозының қаны тамған екен қай гүл.  
Есі шыққан Енліктер еңіреген,  
Сара апалар сайраған мекен ғой бұл.

Кең төсінде козы-лақ шуылдаған...  
Қырандардың қанаты суылдаған...  
Самал ескен жер ғой бұл "Саржайлаудан",  
"Сарыарқалар" дауылдай дуылдаған.

Кемпір мен шал сөйлескен қыз атынан.  
Жібектейін жесірлер ұзатылған.  
Махамбеттің ауызынан жалын шығып,  
Абайлардың көңіліне ыза тұнған...

Ай-һай дала, Ай дала, Шіркін дала!  
Бұзылмасын әрқашан шырқың, дала!  
Жарты әлем боп жатырсың, жата бер, сен,  
Сан ұлыңнан саркылмас сыр тыңда да.

Айтарым мол демеймін ақылым көп,  
Әйтеуір, жаралдым бір ақының боп.  
Жер үсті, мынау жарық күн астында,  
Біл, сенен, сенен басқа жақыным жоқ.



**ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ**  
(1937 - 1967 ж.ж.)

**Менің Республикам**

Бұлыңғыр күндер кетті оралмасқа,  
Бұл күндер Балқаш басқа, Арал басқа.  
Батырлық, даналықтан туған дала,  
Айналды көрген көзін ала-алмасқа.

Сенбесең Ертіс, Сырды арала, бар,  
Болашақ арнасымен ағады олар.  
Тайганың орманындай бұл далада,  
Басына жұлдыз қонған бағаналар.

Еліне миллиард пұтты несібе өтіп,  
Тың жатыр ен қимылдан есі кетіп.  
Ала қиғаш шабады рельстер,  
Тауларды тесіп өтіп, кесіп өтіп.

Самсаса комбинаттан дала тұнып,  
Заводтар зіркілдейді болат үгіп.  
Бір қаланың болғанша атын қойып,  
Басқа жерден жатады қала туып.

Адамы боран күшін иліктіріп,  
Құлаққа жеткізеді күй ғып тұрып.  
Кендер мен телевизорлар вышкалары,  
Заманға заңғардан тұр билік құрып.

Тербелсе Оңтүстікте мақта алабы,  
Каспийде алтын сазан қақталады.  
Тереңін көмір кернеп, өмір тербеп,  
Тұр бүгін Қарағанды шахталары.

Аумағы ұлан ғайыр мұнша дала,  
Сұлу ғой ақ алтынмен тұнса ғана.  
Болады күзде бейне жүйек сайын,  
Жатқандай қатар қонып мың шағала.

Бұл жерде шағаладай көп қалалы,  
Орманға сүңгіп жолдар жоқ болады...  
Ту жатқан торғын торқа топырағынан,  
Алтын тіс "дала аруы" қапталады.

Қарт Ертіс мұнайымен маздап жатыр,  
Қырларда қыруар мал қоздап жатыр.  
Қысқасы: адым жерден кен толғатып,  
Бұл дала "жарылуға" жаздап жатыр...

Бұл жерде ана сансыз он балалы,  
Кернейді олар жайлы ән даланы.  
Бұл аймақ атомды да соғыс емес,  
Адамның бақыты үшін қолданады.

Жезқазған мыс дариядан сыр ақтарып,  
Алтайы алтынымен тұр апталып.  
Жүрегі магнитка домнасының  
Жетіп тұр жер тербетіп құлаққа анық.

Көктемде кыры толған дәргия гүл,  
Жаныңа қасиетін мол құя біл.  
Ұшы мен қиырына көз жетпейтін,  
Ұштасқан тоқсан сегіз Бельгия бұл.

Одан да салмақты ойлар ырғатылар,  
Жүрегің жырға тұнар, сырға тұнар.  
Бұл жерде жасайтын әр семьяның,  
Шағын бір мемлекеттей қуаты бар.

Көгінен көктемі ерте қатады тіл,  
Жазын дән шайқап-тербеп жатады кіл.  
Жасаған өз қолымен молшылықты,  
Кең ойлы кемеңгерлер Отаны бұл!

Алматы Алатаудан алма ақтарып,  
Шымкент тұр қорғасындай салмақтанып.  
Үзілер жүк тиеген ауыр состав,  
Арасын қос қаланың жалғап барып...

Қызу күш Қызылорда кең алабы,  
Тұлпар азу күрішпен дем алады.  
Қаз-үйрек қара бұлттай қаптап ұшқан,  
Көкшетау көлдерінен көк алалы.

Достықты бақытына балайтұғын,  
Бұл елге қызыға аз ба қарайтұғын?  
Абай мұнда Пушкиннің жырын жаттап,  
Ұлы Пушкин сөйлейді Абай тілін.

Қазағың кешегі күн атқа мінген,  
Айға ұшты медет тілеп, хақ тәңірден.

Бұл жерде әрбір адам адамзаттын,  
Жаратқан даналығын жатқа білген.

Жастығы – Гагарин боп аспандады,  
Астығы – Ай жолының баспалдағы.  
Дәл мұндай кереметтің мүмкін де емес,  
Бұл жерсіз басқа жерден басталмағы.

Бұл аймақ бір кездегі қаза құшқан,  
Жұлдызға космодром – ғажапстан.  
Міне, дос, қасиетті қазағымның –  
Қолымен қайта туған Қазақстан!

Туған өлкем

Қазақстаным!  
Өзіңнен алдым  
Бұрқанған асау жыр басын,  
Өзіңсің менің мұңдасым,  
Досым,  
Сырласым!  
Керіліп жатқан кермиық Далам,  
Сен барда  
Мынау Әлемде  
Түнектен аман нұр басым.

Қазақстаным!  
Өмірмен бірге дүниеге келген егізім!  
Қойныңнан табам  
Ықылым күннің мен ізін...  
Көлбеген көлдер...  
Шөлдеген белдер...  
Өр таулар...  
Бәрі бар сенде...  
Тулайды арда теңізің.

Қазақстаным!  
Қып-қызыл құм да,  
Жап-жасыл ну да баршылық.  
Қиырсыз түзге

Аспанның асты еткендей бейне таршылық –  
Толқып қарайсын,  
Көңілің кірден аршылып...

Қазақстаным!  
Естисің ылығы  
Қай жаққа құлақ түрсең де,  
Өмірдің күйін.  
(Тенеулер келмей тұр шенге...)  
Адамзат білген,  
білмеген барша байлықтың,  
Киелі туған топырағым,  
Бәрі – бір сенде!

Қазақстаным!  
Баршасы сенде –  
Табиғат білген бояудың,  
Кірпігін қақпай қадалар  
саған ояу күн...  
Құмар ғып қойған ежелден  
Досты,  
Қасты да, –  
Бір өзі  
Шағын планета-сынды, Аяулым!

# ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА

1939 ж.т.

## Отан

О, туған жер, кеңпейіл, құшағың кең,  
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.  
Сағынышымды қанат қып саған қарай,  
балапандай талпынып ұшамын мен.

Алақаны анамның – топырағың,  
Сендік махаббатымның оты жалын.  
Сені қалай сүюдің керектігін  
Мен ешқандай кітаптан оқымадым.

Сенде тас та қастерлі, аспан да алау,  
Сенде жанды тербетер дастан бар-ау.  
Менің мынау өмірге құштарлығым  
сені жақсы көруден басталған-ау.

Кешірме сен,  
Жат қылықпен жаныңды жараласам,  
бар сырымды бүкпесіз саған ашам.  
Мен ел кезіп кетермін Отансыздай,  
үмітіңді ақтауға жарамасам.

## Қазақстан

Тыңда, шалқар дүние, тыңда, аспаным,  
әлемдегі сан тілді жылдастарым!  
Даңққа өрлеп, шуақты шыңға асқаным –

шырқайды асқақ Ерліктің жыр-дастанын  
мен туған ел – сәулетті Қазақстан!

Жұлдызды сәт құшқанда шалқы, далам!  
Шалқы, далам, бас исін даңқыңа адам!  
Тауы – заңғар, кеңдігі – жарты ғалам,  
жер шарының көгілдір картасында  
Шолпаны жарқыраған  
мен өскен ел – дәулетті Қазақстан!

Шаңырағы шыңдармен тайталасып,  
тастағанда түндігін айқара ашып,  
сығалайды Күн менен Ай таласып,  
еркіндіктің бесігі – бақытты отау  
күнге өрлеген канатты, Қазақстан!

Оймен серпіп ғасырдың мұзды ызғарын  
дана ұлдары тындатқан жұлдызға әнін,  
ойлап елдің түнде де, күндіз қамын,  
мерейі үшін халықтың кезген талай  
қиындықтың шатқалды шың-құздарын.  
Мейіріммен аялап, шыңға өрлетіп,  
мақтан еткен 'талантты ұл-қыздарын,  
қырандардың тұғыры – Қазақстан!

Екпінімен еңбектің жарысқан ән,  
кұлақ түріп даңқына алыс ғалам.  
Достық туы желбіреп аспанымда,  
даламызда сан тағдыр – табысты адам.  
Перзенттері күлімдеп қол ұстасып,  
болашаққа алаңсыз қарыштаған,  
ғасырларда ғұмыры – Қазақстан!



Туған жер, туған ауыл қымбат маған,  
ешкімге бұл сезімді былғатпағам.  
Мен оның өзім ғана сезінетін  
кастерлі қасиетін жырлап бағам.

Ол жерге деген менде сезім бөлек,  
(жатпасын келгенімде өзімді елеп!)  
Ал, оның қасиетін сезу үшін  
тек менің жүрегім мен көзім керек!

Мен үшін өмірдегі ең ізгі бақ –  
сол жерден басталған-ды сезім-бұлақ.  
Жайылып қазағымның даласына,  
кеудемнен барады енді теңіз құлап.

Самалын Сарыарқаның жұтсам деп ем,  
сол жаққа жүрегім мен құштар денем.  
Мендегі сезімді де көре алмайды  
көр кеуде кейбір пасық дұшпан деген.

Заңы жоқ, тәртібі жоқ қоғамдар кем,  
бәрібір қоғам қорғар соғар желден.  
Ал менің дариядай сезімімді  
ешкім де бөгей алмас тоғандармен!

Басында Оқжетпестің сағым-мұнар,  
жан қанша жазығында жанымды ұғар!  
Қиындап түсінісу кеткесін бе,  
өзімді ұққандарға жаным құмар.

Қарасам биігіне Үшқараның,  
жаныма қуат құяр күш табамын.  
Көңілім құлындайды, естігенде  
кия алмай көшіп жатқан құстар әнін.

Бұл маңда нелер терең сырды ұқпадым,  
ту ұстар не жайсаңды мұң жұтқанын...  
Мен қалай сүймей сені тұра аламын  
бұл жерге тамбады деп кіндік қаным?!

Даламды жасапты-ау бір керім ұста,  
тек жұрттар дәл өзімдей сезіп, ұқса...  
Туған ел, саған деген махаббатым  
бағынар емес жүзге, не жынысқа!

**Төрт ана**

Тағдырынды тамырсыздық індетінен қалқала,  
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.  
Әр адамда өз анасынан басқа да,  
Ғұмырына етер мәңгі астана,  
Демеп жүрер, жебеп жүрер аркада,  
Болу керек құдіретті төрт ана:  
Туған жері– түп қазығы, айбыны,  
Туған тілі – мәңгі өнеге айдыны,  
Жан байлығы, салт-дәстүрі – тірегі,  
Қадамына шуақ шашар үнемі,  
Және туған тарихы,  
Еске алуға қаншама  
Ауыр әрі қасіретті болса да.  
Құдірет жоқ төрт анаға тең келер,  
Онсыз санаң қаңбаққа ұксап сенделер.  
Өзге ананың ұлылығын танымас,  
Төрт анасын менсінбеген пенделер.  
Төрт анадан сенім таба алмаған,  
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!  
Төрт анасын сыйламаған халықтың  
Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.  
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырынның тынысы,  
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!

**Ата қазақ**

Тұла бойы сомдалған қайғы, азаптан,  
Қайсарлықты таппадың қай қазақтан.  
Бойын намыс қысқанда тайсақтамай,  
Мерт боларын білсе де айға шапқан.

Дала жұрты, әрине, қарапайым,  
Болашаққа бірге еріп барады айым.  
Суық желдің өтінде қалған талай,  
Әрбір қазақ – қара нар қарағайым.

Құмға адасып құйыны, желі қалған,  
Боз даланың өр мінез ері тарлан.  
Жаяу Мұса секілді беті қайтпай,  
Жаяу жүріп аттыдан кегін алған.

Тік көтерген Байрағын көк бөрілі,  
Арлы жұрттың қайда да тоқ көңілі.  
Ұлан байтақ даласын жаудан қорғап,  
Ұлы шайқас үстінде өтті өмірі.

Жауға бермей қорғаған боз даласын,  
Қазақ неге білмесін өз бағасын,  
Ғасырлардан ғасырға көшін тартқан,  
Өзі киген сауыттай тозбағасын?

Замананың қабағын, сесін бағып,  
Көңілінің жылынған пешін жағып.  
Көкжал қазақ ашығып өлер кезде,  
Асып жеген қоң етін кесіп алып.

Иштен іріп, іріндеп бүлінбеген,  
Қасиетін бұл жұрттың кім білмеген.  
Таулы жерде аңдамай сүрінсе де,  
Даулы жерде сөз таппай сүрінбеген.

Тартса да азап, өмірден түңілмеген,  
Жаугер жұртқа арпылдап кім үрмеген.  
Ана алдында тізесі бүгілсе де,  
Жау алдында ешқашан бүгілмеген.

Ұран қосқан дем беріп ұраныма,  
Дүние өзгермей осылай тұрады ма?  
Қалай десең олай де, қабырғалы  
Қазақ болып мақтанам туғаныма.

### **Азаттықтың ақ самалы**

Уақыттың көзімде оты өріліп,  
Болашаққа келемін төте жүріп.  
Рухым асқақ болмасын неге менің,  
Рухым көкке тұрғанда көтеріліп.

Қамшы ұстаған қолына бүлдіргелі,  
Іргелі елдің бірімін бұл күндері.  
Елін жаңа белеске бастаса егер,  
Елбасының бар шығар бір білгені.

Атқа жегіп көрмеген жат шананы,  
Туған елдің тыныштық аңсағаны.  
Туым неге құласын,  
Мәңгі-бақи  
Азаттықтың тұрса есіп ақ самалы.

# АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВА

1944 ж.т.

## Кең дала

Кезің жоқ-ау кең дала, жаңармаған,  
Туып жатыр сен жайлы сан алуан ән.  
Ақын түгіл әр адам жүрегінде,  
Сендік ғажап сезім бар алаулаған.

Саған туған түлектің бәрі құштар,  
Жүректерде сарқылмас сағыныш бар.  
Сапар шегіп кетсе де ай, жұлдызға,  
Саған қайта сол сезім алып ұшар.

Құшағындай анамның кеңсің керім,  
Мен өзіңнен өзгені жерсінбедім.  
О кең далам, сайратқан, ерке өсірген,  
Отан деген ұғымым сенсің менің.

## ЖӘРКЕН БӨДЕШҰЛЫ

1944 ж.т.

Жайыққа барсам – жайланам,  
Тереңде жатқан балықтай.  
Ойылға барсам – ойланам,  
Орманды жердей тарықпай.  
Қаратау барсам – қайғырамын,  
Көңілді күйге келтірем.  
Жыртылып құсы айырылған,  
Жетісу келсем – желпінем.  
Алтайға барсам – арқамды  
Сүйеймін биік нән шынға.  
Қабысып қалған қалтамды  
Толтырып қайтам алтынға.  
Түркістан барсам – түгелмін,  
Сыйынам ұлы аруаққа.  
Күлтөбе шығып түнермін,  
Көрініп туым жан-жаққа.  
Шыңғыстау шықсам, тегі, мен  
Келеді құстай сайрағым.  
Ертісті көрсем – егілем,  
Есіме түсіп қайдағым.  
Аса алсам Тарбағатайға,  
Қалмаспын жанды аяп мен.  
Сандалымды ілмей бақайға,  
Жүгірем жалаң аяқпен,  
Жүгіріп жалаң аяқпен.  
Іздеймін бала шағымды.  
Басармын сонда аяп мен  
Кіндік қан тамған шағылды.



**Жұматай ЖАҚЫПБАЕВ**  
(1945 - 1990 ж.ж.)

**Атамекен**

Сыр шерткен өзен, тауы таныс үнмен,  
Бабамның тері тамып, қаны сіңген.  
Тарихы домбырамен айтылатын,  
Өлкемнің шығарсам-ау дабысын мен.

Пай-пай-пай, тау-тасың да тегіс кілем,  
Бұрын да дәл осындай келісті ме ең?  
Көз жазсам суреті паң, сері таудан,  
Сандалсам таба алам ба жер үстінен?!

Күтуге кемел сыйды көне ме ірге,  
Жолаушы, байғазыңды төле бірге.  
Сен қазір келіп тұрсың қасиетті  
Ерлік пен шежіреге толы өңірге.

Бір көру болса жастай саған арман,  
Тербетер тепсең жерде самалы алдан.  
Шарайна көлдер мынау пайда болған  
Жерді оя жүйткіп өткен тағалардан.

Қойнына құт-береке, ырыс енген,  
Тауларды тенеуге енді кірісем мен:  
Олар түк айнымайды дулығадан  
Және де қасы биік күміс ерден.

Өзені-өлең айтқан таныс үнмен,  
Бабамның тері тамып, қаны сіңген.  
Түбінде әр тасының айқас өткен,  
Өлкемнің шығарсам-ау дабысын мен.

**Қазақстаным менің**

Жер шарының картасында –  
Еуропа мен Азия ортасында  
Алтын астаудай боп  
Орын алып тұрған;  
Дүниенің  
Керуен сарайындай боп  
Батыс пен шығыстың да,  
Теріскей, түстіктің де  
Жолын бағып тұрған  
Қазақстаным менің!

Күннің астында  
Құт пен береке үйіліп,  
Айының астында  
Періштелер  
Жолығып жататын;  
Көлдеріне  
Алтын кебісті қаздар қонып,  
Иір мойынды, күміс қанатты  
Қасиетті аққулар  
Шомылып жататын  
Қазақстаным менің!

Далада жатқан  
Әр тасының тарихы

Томға жететін;  
Бір шеті мен бір шетіне  
Дауыл қуалаған бұлттар –  
Апталап! –  
Зорға жететін  
Қазақстаным менің!

Зауыттарының тұрбалары  
Найзағайға шырпы жақтырып  
Темекі шегіп жатқан;  
Төсіне –  
Шудалары бұлттардай  
Алп-алп басқан  
Қара нарлар шөгіп жатқан  
Қазақстаным менің!

Дүниедегі қазақтарды  
Керуен-керуен етіп  
Көшіріп жатқан;  
Қажымұқанды ата қып  
Болашақ  
Әбдісалан Нұрмаханов пен  
Әбілсейіт Айхановтарды,  
Октябрь Жарылғапов пен  
Әмин Тұяқовтарды  
Өсіріп жатқан  
Қазақстаным менің!

Келешегіңнің шамдары  
Самаладай боп  
Жанып тұрған;

Үстіне  
Қуырылған жүгерідей боп  
Баданадай-баданадай  
Жұлдыздар жауып тұрған  
Қазақстаным менің!

**Қазақстан**

Өзіңсің, Қазақстан, ән, арманым да,  
Аяулым, алтын бесік, қара орманым да.  
Бір нәрсе жетпейді деу, қате болар  
Өзіңдей ұлан байтақ далам барында,  
Гүл далам – Қазақстаным.

Сен үшін бар сөздіктен сөз таңдайын көп,  
Сен барда басылмайды жез таңдайымда от.  
Мен сенен кете алмаспын, амалсыздан  
Бір кетсем, оралармын бозторғайың боп,  
Ән далам – Қазақстаным.

Сен барда ғажап шебер, ғажап ұстамын,  
Түсінем өзендердің саз ағыстарын.  
Қалай ақын болмайын, мен түгілі  
Ұшады көгіңе жыр жаза құстарың,  
Дән далам – Қазақстаным!

Сен менің шұғылаға толған даламсың,  
Жасампазым, сан асу жолдарды аларсың.  
Бабамның көздерінің қарашығы ең,  
Баламның бақытына да қорған боларсың,  
Жан далам – Қазақстаным!

Керемет өріледі гүл өңірде өлең,  
Кезің қандай өрік пен шиес гүлдеген!

Жүрегіме сыйғызып бар бейнеңді,  
Қалсам деп ем өзіңнің жүрегінде мен,  
Keң далам – Қазақстаным!

Даңқ дейтін керегі жоқ маған сөренің,  
Жетер біраз есінде қала алса өлеңім.  
Халқым маған сенеді әлсіз демей,  
Өйткені мен, туған жер, саған сенемін.  
Мың алғыс, Қазақстаным!

### Өз елім

Сүйіктіңдей жүретін кіл есінде,  
Кір түсірме ел деген ұлы есімге.  
Ата мекен – бақытты бабалардың  
Жеңіп алған сан ғасыр үлесінде.  
Күндерімен, түнімен, гүлдерімен  
Өзіңдікі ол сенің, білесің бе?

Өзіңдікі ауасы, таң нұры да,  
Өзіңдікі жазы да, жаңбыры да.  
Өзіңдікі даласы, тау қыры да,  
Өзіңдікі мереке, ән-жыры да.  
Өзіңдікі барлығы болғаннан соң  
Өзіңдікі болғаны тағдыры да.

Өзіңдікі суы да, орманы да,  
Өзіңдікі көлі де, қорғаны да.  
Өзіңдікі үйлері, бақтары да,  
Өзіңдікі көшесі, жолдары да.

Бар бақыты сенікі болғаннан соң  
Қайғысы да сенікі болғаны да.

Бір көресің шат мұңды кезеңін де.  
Алтын болып көрінер жез өңі де.  
Сүйесің сен, өйткені туған жердің  
Бұлбұлын да, әнін де, өзенін де.  
Өз анаңның алдында ұйықтағандай  
Өзі бакыт жүргеннің өз елінде.



# ШӨМІШБАЙ САРИЕВ

1946 ж.т.

## Туған жерім...

Туған жерім –  
Сенен мәңгі айналдым,  
Шөл даладан,  
Гүл, қалаға айналдың.  
Кешегі күн  
Дидарыңда – мұң бұлты,  
Бүгінгі күн  
Келбетіңе қайранмын.  
Туған жерім –  
Сенен мәңгі айналдым.

Туған жерім –  
Сені ойлап шөлдедім.  
Сағынышым –  
Маған маза бермедің.  
Бар әлемнен –  
Сендей жерді таппадым,  
Сенен ыстық,  
Жерді әлемнен көрмедім.  
Туған жерім,  
Сені ойлап, шөлдедім.

Туған жерім –  
Сенен мәңгі айналдым.  
Шөл даладан –

Гүл далама айналдың.  
Бір сені ойлап  
Бұл өмірге қуандым,  
Бір сені ойлап  
Жүрегіме қайғы алдым.

Туған жерім –  
Сенен мәңгі айналдым.

**Республика жыры**

Мынау ұлы заманда... Ұлы ағында...  
Теңізде, тулаған бұлағында...  
Қызыл... Қара... Ақ нәсіл қатарында  
Мен де тұрмын замана құлағында.

Жасқанамын несіне жасырамын,  
жүрегімен ұғынған ғасыр әнін.  
Мен – халықпын... Жоғала жаздап неше,  
қайта туып, жалғаған асыл әнін.

Мойын бұрмай қайғы атты "сығырыңа",  
қонған қайта өзінің тұғырына  
Қазақ деген ұлтпын мен, тәубасы мол,  
алғысы көп тағдырлы ғұмырына.

Қиын-қыстау күндерден – қыспақтардан,  
Атажұртын Алаштың ұстап қалған.  
жалғастардың кешегі жалғасымын,  
аман жеткен Сақ, Ғұннан, Қыпшақтардан...

Домбыраның шанағы күй ақтарған,  
қобызымның сарыны сияқты арман.  
Дәуірлерді құрықтап құрасаудай,  
жеткен елмін Қайсақ пен Қияттардан.

Шыңғысты да, көргенмін Ескендірді,  
көшкен күнді, көргенмін өшкен күнді;

жиырмасыншы ғасырға әкелгем мен  
туған ана тілімде көшкен жырды.

Қайғымменен... Қуаныш... Зарымменен...  
Болмысыммен, осынау барымменен,  
тура қарап тілдескем заманамен,  
ақтарылып ағымнан Арымменен.

Мен тілдескем тілдессем, жүрегіммен,  
сеніп ұлы тандарға күле кірген.  
Алатау боп иығы көк тіреген,  
Сарыарқа боп толқыған дүр егіннен.

Арқалаған айдынды ғасыр әнін,  
(Байтақ елмін... Қалайша басыламын?!)  
Атыраумын, Алтаймын, Ақжайықпын,  
айдынында тулаған тасып ағын...

Жасқанамын, несіне жасырамын?!  
Дәуір әнін... Ұғынған ғасыр әнін,  
Қазақ атты халықпын... Мәңгілікке  
жалғастырдың жалғаған асыл әнін.

### **Атажұрт**

Өзіңді аңсағанда, өскен елім,  
Кеудемді күй тербейді кешке менің.  
Жұлқиды жүрегіме тыным бермей,  
Тұсауын кескен сенде есті өлеңім.

Жүрмейін қай қиырда, қай қалада,  
Жерұйық, иран бақта, бай далада;

Атажұрт, сенің орның бөлек маған,  
Сен маған дастархансың жайған ана.

Өзінде қанаттандым, арқырадым,  
Өзіңмен еңсем биік, артық әнім,  
Тағдырым мұхиттайын теңселткенде,  
Сені іздеп шағаладай шарқ ұрамын.

Құлын-ой... құлын-сезім құрақ ұшып,  
Көлімнің аққу-қазы жырақ ұшып.  
Кеудемді қарс айырып бір сағыныш,  
Өзіңе қанат қағар жылап ұшып.

Бал-қиял... Жігіт-арман... Бұла-қайың...  
Көзімде көлбеңдейді жылап Айым.  
Аңсаған сәттерімде самалыңды,  
Жыр-сезім бұлқынады тұмадайын.

Ширакқан кездерімде ғарышты ұрып,  
Қиырды қиырлармен жарыстырып,  
Тауымның өзеніндей өкіреді,  
Көк долы кеудемдегі Намыс-бүлік.

Ашынған сәттерімде – өзіңдеймін,  
Басылған сәттерімде – көзіңдеймін,  
Әлемді мынау ұлы, беу, атажұрт,  
Өзіңсіз көре алмаймын, сезінбеймін.

Өзіңе ессіз ғашық пендең едім,  
Жарады жеткізе алса енді өлеңім.  
Жүрегім, жұлын-жүйкем тек өзіңде,  
Арым да, арманым да сенде менің!

**ЖАРАСҚАН ӘБДІРАШЕВ**  
(1948 - 2001 ж.ж.)

**Дала жырлары**

Туған дала,  
Тыным алмас жастамын,  
Тер төгуден, өртенуден кашпадым...  
Шаршағанда шалғыныңды жастанып, шалқаласам,  
Шаңырағым – Аспаным.

Анау алыс, мынау жақын демеген,  
Ақынмын ғой, көкірегімді әр өлең,  
кернегенде кең дүниеге дүбірлі кез жіберсем,  
Көкжиегің- Керегем.

Мезгілім аз меймандардан босаған.  
Батысың – бір, Шығысың – бір Босағам.  
Сені маған жаным анам-табиғат  
о бастан-ақ Отау қылып жасаған.

Туған дала, талайлардың от қанын  
лапылдадты тентек күйің, текті әнің.  
Сөз сөйлесем – сенсің биік тұғырым...  
Сенсің, менің абыройым, мақтаным...

Даналық бар, даралық бар затында  
болатын тек батырларда, ақында.  
Өлең жазсам – сенсің өмірбаяным...  
Сенсің менің фамилиям, атым да...

Туған дала, менсіз талай қамалдар алыныпты...  
Сенің арың – Маған да ар.  
Кешір мені, кеш келіппін өмірге.  
Кеш туыппын. Кеш қалыппын. Не амал бар.

Бұл күндерде мәлім бүкіл елге аты  
менен батыр шығар ме еді, әр заты...  
Болған жоқпын Аманкелді сарбазы,  
Болған жоқпын Ұлы Отанның солдаты.

Білер де едін: еzbін бе бір, ермін бе...  
Тігер ме едім байрағыңды Берлинге –  
болған жоқпын қан майданда кешегі,  
болған жоқпын Қошқарбаевпен бірге.

Саған уақыт сәл қиындық жолдаса –  
қағаберіс қалмаспын мен, енді аса.  
Бірақ, мені кешірме сен, өмірде  
өлең қылар өз ерлігім болмаса...

Туған дала, тоғысты да көп тілек,  
көңілімді орап алды отты леп.  
Осы қазір – тауыңа бір айналып кетсем бе екен...  
Тұрсам ба екен көк тіреп...

Күдіктенбей, құдыретіме көр сеніп,  
мұнша неге шықтың деме белсеніп.  
Осы қазір – нуыңа бір айналып кетсем бе екен...  
Тұрсам ба екен теңселіп...

Мендік арман, сендік үміт қаншалық,  
байтақ әлем тыңдар еді тамсанып.

Осы қазір – бұлбұлыңа айналып кетсем бе екен.  
Тұрсам ба екен ән салып...

Жоқ. Жоқ. Әр кез әжетіңе жарайын,  
болашаққа бірге күліп барайын.  
Барлығы да болу үшін осының –  
борышы мол ұлың болып қалайын.



# НЕСІШБЕК АЙТҰЛЫ

1950 ж.т.

## Отан

Біздер үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз,  
Қорғамасақ несін ұл боп туғанбыз?!  
Кіндігіміз тар қапаста кесіліп,  
Ит көйлекті қанды жаспен жуғанбыз.

Туған жұртқа тірек болу ерге сын,  
Құлдықты енді құдай басқа бермесін.  
Атаң өлсе, өзің ата боларсың,  
Ешқашанда Отан өле көрмесін!

Әкең өлсе, шешең өлсе жыларсың,  
Балаң өлсе, бір жығылып тұрарсың.  
Отан өлсе, опырылып түскенің,  
Күңіреніп көрге бірге құларсың.

Біздің Отан өліп қайта тірілген,  
Біздің Байрақ құлап, қайта тігілген.  
Опат болған ерлер рухы оянар,  
Отан деген лебіз шықса тілімнен.

Отанменен аспандағы күн егіз,  
Екеуінің амандығын тіленіз.  
Жас азамат, бұл Отанның қадірін,  
Отансыз боп көрген біздер білеміз!

Керек қылса жолында оның құрбанбыз,  
Бәріне де белді бекем буғанбыз.  
Бір кеудеге екі жүрек сыймайды,  
Қазақ үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз!

## Отан

Сүйем асау өзеніңнің ағысын,  
Сүйем асқар тауларыңның тағысын.  
Алпыс екі тамырымда тулаған,  
Отан, өзің жүрегімнің қанысың!

Құйттайымнан түскен менің көз нұрым,  
Маған қымбат өз тауларым, өз қырым.  
Туған Отан, саған теңеу таба алман,  
Ақтарсам да планета сөздігін.

Биіктерге құлаш ұрсам мен бүгін,  
Талмайтұғын қанат берген кеңдігін.  
Сенің шексіз мейірімің, ұлы Отан,  
Қайрат берген көтеретін ел жүгін.

Келешекке көз жіберсем күн салып,  
Көрінесің келбетінді нұр шалып.  
Күндей күліп, шаттанасың сәбидей,  
Жас орманды жұпарымен жуса бұлт.

Сенің таңың – сүттіей аппақ таза таң,  
Сенің әнің – әлемдегі азат ән.  
Сендей көркем, байтақ мекен қайда бар,  
Мәңгі-бақи көктем – Отан, жаз – Отан!

# СЕРІК АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

1950 ж.т.

## Қараорман

Тасын жарып мұз құрсаңған шыңдардың,  
Қара жерде қарағай боп бүр жардым.  
Жазда – аптап, Қыста – аязды көзге ілмей,  
Жар басында жап-жасыл боп тұрғанмын.

Текті жұрты – әрі – ұлы, әрі – ірі,  
Топырақта жатады ылғи тамыры.  
Мен Алтайдан алты ағаш боп шығып ем,  
Алты Алашқа айналдырған – Тәңірі.

Құдай мені Түрік қылды, құты – ұлы,  
Жаным – сонда, тән де – соның тұқылы.  
Мен – Алтайдан Ақсораңға кеп түскен,  
Қарағайлы Қараорманның тұқымы.

Маңғаз Мағжан, Өр Қасым да сол жұрттан,  
Сорғалаған көз жасым да сол жұрттан.  
Қара басты тәрк қылып қашанда,  
Қараорман деп зарлайтыным – сондықтан!

Жан сіміріп жасыл жұрттың жарығын,  
Жастайымнан уызыма жарыдым.  
Қараорманым Хаққа қарап күңіренсе,  
Қақсайды, Алла-ай, алпыс екі тамырым...

# НАРША ҚАШАҒАНҰЛЫ

1951 ж.т.

## Туған жер

Тапқаныңнан жат жерде алтын уыстап,  
Туған жерде жүрген артық ту ұстап.  
Елге еркелеп жүргеніме қуаным,  
Атамекен ауасымен тыныстап.

Ортақ бесік әруақ пен тірі үшін,  
Сені сатып көрген күнім құрысын.  
Сенен артық мекенді мен таппаспын,  
Дүниенің кезсем де төрт бұрышын.

Сенен мені айыра алмас, тегі, ешкім,  
Өзіңнің бір бөлшегіңмін деп өстім.  
Өзгермеймін өзегімнен тепсең де,  
Өйткені мен өгей балаң емеспін.

Безе алмаймын ащы екен деп суыңнан,  
Сол суыңнан нәр алғам мен жуыңғам.  
Безе алмаймын жаңбырсыз деп жазыңнан,  
Аңызак пен аптабыңнан қуырған.

Қаталдығыңа қарамастан сүйем мен,  
Саған ғана сан сындарда сүйенгем.  
Жанға жайлы жаққа кетіп қалуға,  
Жан мекенім, қорқам сенің киеңнен.

Сенде жатыр бабаларым ақылды,  
Сәл ұзасам, солар мені шақырды.  
Ұшқан ұям өзің едің алғашқы,  
Қонар жерім сен боларсың ақырғы.

**Қазақстан**

Арыстандай айбаттым,  
Жолбарыстай қайраттым,  
Аспандаған байрақтым,  
Қанша жұлдыз жайнаттың,  
Қанша бұлбұл сайраттың,  
Қазақстан, ардақтым!

Тұлпарыңның шабысын,  
Домбыраңның қағысын,  
Күңіrentкен тау ішін,  
Дарияңның ағысын  
"Сүйем!" десем – бәрі шын,  
Қазақстан намысым!

Әрбір тасы – киелім,  
Әр уығы – жүйелім,  
Ән кернеген жүрегін,  
Күй кернеген тиегін,  
Сары алтыннан сүйегің,  
Қазақстан – жыр елім!

Шаңырағың – шырағым  
Топырағың – тұмарым,  
Ғаламда жоқ сыңарың,  
Ғажайыбым, жұмағым,

Басы таза бұлағым,  
Басылмайтын құмарым,  
Қазақстан – қыраным!  
Айың тусын оңыңнан,  
Күнің тусын солыңнан,  
Жұлдыз жансын жолыңнан,  
Басыңа бақ орнасын,  
Қыдыр болсын жолдасын,  
Құдай сені қолдасын,  
Қазақстан – көз жасым!..

### **Отаным**

Қашқандар мен босқандардың, панасысың Отаным,  
Асқандар мен тасқандардың, табасысың Отаным.  
Жанарымның ағы менен қарасысың, Отаным,  
Жазылмайтын жүрегімнің жарасысың, Отаным.  
Арал болып, Семей болып, қансыраған, Отаным,  
Көздің жасы өгейленіп, тамшылаған, Отаным.  
Малы азайып, жаны азайып, қаны азайып, Отаным,  
Біткен кезде кедейленіп хал сұраған, Отаным.  
Ақыныңды өлгесін тек аялайсың, Отаным,  
Әкіміңнен өңгесін көп аямайсың, Отаным.  
Мешітке де, түрмеге де, зиратқа да ұқсайтын,  
Біздің ұрпақ салып бітпес саяжайсың, Отаным!...

# БАУЫРЖАН ЖАҚЫП

1963 ж.т.

## Алтай

Әр үйге әр Алтайдың құты келіп,  
Бәйгеде атымызды үкіледік.  
Шомылып ерке Ертістің толқынына,  
Алтайдың өстік біздер сүтін еміп.

Кеудесін кербұғыдай керген Алтай,  
Жау шапса, айбарымен жеңген Алтай,  
Батырдай дулығалы төнген Алтай.  
Ағу Алтын йышым - Алтын тауым,  
Күлтегін, Тоныкөкті көрген Алтай.

Беу, Алтай, бабалардан қалған Алтай,  
Қазаққа алтын бесік болған Алтай.  
Қиын кезде шығарып салған Алтай,  
Азат күнде қарсылап алған Алтай.

Самырсын, қарағайлы, сырғалы Алтай,  
Жидегі орманында тұнған Алтай.  
Кеудесін оққа төсеп бір заманда,  
Қазаққа қалқан болып тұрған Алтай.

Жоқ кезде қайыңын да сауған Алтай,  
Оқ болып ата жауға жауған Алтай.  
Ағылған эшелонға тиеліп ап,  
Соғысқа қару болып барған Алтай.



Көрмеген әрбір жанға арман Алтай,  
Биікте бақ жұлдызы жанған, Алтай.  
Қорғасын, мыс пен мырыш, алтын-күміс,  
Қойны-қонышы бай кенге толған Алтай.

Еліне бауырында өскен сенген Алтай,  
Тағдырдың салғанына көнген Алтай.  
Таусылмас қазына етіп, нәсіп етіп,  
Құдайым қазағыма берген Алтай.

Қар басын ақсәлде бұлт шалған Алтай,  
Шыңына ақиығы қонған Алтай.  
Бейуақ мұзарт басын мұнар басып,  
Кейуақ қалың ойға шомған Алтай.

Жасанған сәукелелі сұлу Алтай,  
Төгесің жарық Алтай, жылу Алтай.  
Ауызыма асыл сөзді сен сыйладың,  
Ешқашан таусылмайтын жылым Алтай.

Сенде бар тілім, ділім, салтым Алтай,  
Ұлтымның алтын тәжі – Алтын Алтай.  
Мәңгілік қазақ саған қорған болып,  
Қорған боп сен тұра бер халқыма, Алтай.

# ЖАМБЫЛ ДҮЙСЕНҰЛЫ

2002 ж.т.

## Туған жерім неткен сұлу

Мен бала, көзбен көрген сұлулықтың  
Жасанды жылтырына жүгініппін.  
Туған жер, тамашасың неткен ғажап!  
Өзіңнен сұлулықтың сырын ұқтым.

Тауларың өркеш-өркеш көмкерілген,  
Қазандай қара жерге төңкерілген.  
Бейнесін батырлардың елестетер,  
Оқыған қиял-ғажап ертегіден.

Шыңдарың көкке созып көкірегін,  
Шуағын шашыратқан бетіне күн.  
Қыранның баласындай қияда өскен,  
Шарықтап, шыңға қарап жетілемін.

Гүлдерің – кең даланың еркелері,  
Бастарын жел тербесе еркеледі.  
Сөйлетсең барлығы да тіл қатады,  
Табиғат неткен әсем, көркем еді.

Төсіңе кілем жауып қойғандай-ақ,  
Хас шебер өз қолымен ойғандай-ақ.  
Әлемнен сұлулықты іздегенге  
Туған жер сұлу дер ем ойланбай-ақ.

Бұлағың – таудан құлап төмендеген,  
Асаудай атырылып, елеңдеген.

Туған жер, сенің ғажап келбетіңді  
Жеткізе алар ма екем өлеңменен.

Таза ауаң – қымбат дәрі табылмайтын,  
Әр перзент туған күні қабылдайтын.  
Жалғанда жан жоқ шығар сенің шексіз,  
Туған жер, құдіретіңе табынбайтын!

### **Тәуелсіздігім – Тәңірден келген тәтті сый**

Жиырма жасқа толасың, тәуелсіз елім, нұр елім,  
Кеудемде сен деп соғады бейкүнә сәби жүрегім.  
Гүлденіп, жайнап, көркейіп өссе деп жүрген өз елін,  
Мен, мен едім, мен едім, егемен елдің ұлы едім.

Мен, мен едім, мен едім, тәуелсіз елдің таңы едім,  
Кіршіксіз көңіл ақ қардай, халқымның аппақ ары едім.  
Көмейден шығып көкке өрлеп, даламды кезіп шарлаған,  
Бибігүл, Роза, Мақпалдай апалар салған ән едім.

Мен, мен едім, мен едім бабалар ізін жалғаған,  
Халқымның бала қыраны ем, көгінде еркін самғаған.  
Күндіз де түнде Тәңірден, тілерім менің бір тілек,  
Бейбіт күн болсын жерімде, болмасын соғыс зар-заман.

Көк туым шалқып төрімде, елімнің бағы таймасын,  
Жас болып ару Астанам, құлпырып күндей жайнасын.  
Тәуелсіздігім – тәтті сый Тәңірден келген ағайын,  
Бар қазақ болып бақыттың жиырмасыншы

жылын тойласын.

СӨЗДІ ҰҒАТЫН КЕЗ КЕЛДІ .....	3
КҮЛТЕГІН (VIII ғасыр) .....	11
АСАНҚАЙҒЫ (XV ғасыр) .....	27
ҚАЗТУҒАН (XV ғасыр) .....	28
ДОСПАМБЕТ (XVI ғасыр) .....	30
ШАЛКИІЗ (XV-XVI ғасыр) .....	32
ЖИЕМБЕТ (XVII ғасыр) .....	34
АҚТАНБЕРДІ (XVII-XVIII ғасыр) .....	37
БҰҚАР (XVII - XVIII ғасыр) .....	41
ДУЛАТ (XIX ғасыр) .....	47
МАХАМБЕТ (XIX ғасыр) .....	50
КҮДЕРІҚОЖА (XIX ғасыр) .....	53
НЫСАНБАЙ (XIX ғасыр) .....	59
СҮЙІНБАЙ (XIX ғасыр) .....	61
ҚАШАҒАН (XIX-XX ғасыр) .....	68
МҰРАТ (XIX-XX ғасыр) .....	71
Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ (1845 - 1904 ж.ж.) .....	83
Жамбыл ЖАБАЙҰЛЫ (1846 - 1945 ж.ж.) .....	86
Әсет НАЙМАНБАЙҰЛЫ (1867 - 1922 ж.ж.) .....	90
Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ (1872 - 1937 ж.ж.) .....	93
Міржақып ДУЛАТҰЛЫ (1885 - 1935 ж.ж.) .....	97
Мағжан ЖҰМАБАЕВ (1893 - 1938 ж.ж.) .....	103
Өтебай ТҰРМАНЖАНОВ (1905 - 1978 ж.ж.) .....	108

Әбу СӘРСЕНБАЕВ (1905 - 1995 ж.ж.) .....	109
Ғали ОРМАНОВ (1907 - 1978 ж.ж.) .....	112
Дихан ӘБЛІОВ (1907 - 2003 ж.ж.) .....	113
Тайыр ЖАРОКОВ (1908 - 1965 ж.ж.) .....	115
Әбділда ТӘЖІБАЕВ (1909 - 1998 ж.ж.) .....	116
Қасым АМАНЖОЛОВ (1911 - 1955 ж.ж.) .....	119
Хамит ЕРҒАЛИЕВ (1916 - 1997 ж.ж.) .....	124
Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ (1920 - 1989 ж.ж.) .....	126
Сырбай МӘУЛЕНОВ (1922 - 1993 ж.ж.) .....	129
Шона СМАХАНҰЛЫ (1924 - 1988 ж.ж.) .....	132
Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ (1925 - 2001 ж.ж.) .....	134
Тоқаш БЕРДИЯРОВ (1925 - 1988 ж.ж.) .....	136
Бәкір ТӘЖІБАЕВ (1926 - 1994 ж.ж.) .....	139
Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ (1928 - 1994 ж.ж.) .....	140
Мұқағали МАҚАТАЕВ (1931 - 1976 ж.ж.) .....	142
Кәкімбек САЛЫҚОВ 1932 ж.т. ....	153
Сағи ЖИЕНБАЕВ (1934 - 1994 ж.ж.) .....	155
Жүмекен НӘЖІМЕДЕНОВ (1935 - 1983 ж.ж.) .....	158
Қадыр МЫРЗАЛИЕВ (1935 - 2011 ж.ж.) .....	160
Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ (1935 - 2011 ж.ж.) .....	162
Сабырхан АСАНОВ (1936 - 1996 ж.ж.) .....	165
Төлеген АЙБЕРГЕНОВ (1937 - 1967 ж.ж.) .....	168
Қайрат ЖҰМАҒАЛИЕВ 1937 ж.т. ....	172
Фариза ОҢҒАРСЫНОВА 1939 ж.т. ....	174
Мұхтар ШАХАНОВ 1942 ж.т. ....	178
Рафазль НИЯЗБЕК 1943 ж.т. ....	179
Ақшүгіл БАҚТЫПЕРЕЕВА 1944 ж.т. ....	182

Жәркен БӨДІШҰЛЫ 1944 ж.т. ....	183
Жұматай ЖАҚЫПБАЕВ (1945 - 1990 ж.ж.) .....	184
Темірхан МЕДЕТБЕКОВ 1945 ж.т. ....	186
Күләш АХМЕТОВА 1946 ж.т. ....	189
Шөмішбай САРИЕВ 1946 ж.т. ....	192
Нұрлан ОРАЗАЛИН 1947 ж.т. ....	194
Жарасқан ӘБДРАШЕВ (1948 - 2001 ж.ж.) .....	197
Несіпбек АЙТҰЛЫ 1950 ж.т. ....	200
Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ 1950 ж.т. ....	202
Нарша ҚАШАҒАНҰЛЫ 1951 ж.т. ....	203
Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТОВ 1954 ж.т. ....	205
Бауыржан ЖАҚЫП 1963 ж.т. ....	207
Жамбыл ДҮЙСЕНҰЛЫ 2002 ж.т. ....	209

ISBN 978-601-7318-34-5



ISBN 978-601-7318-34-5

**УДК 821.512.122.**  
**ББК 84 (Қаз) 7-5**

**© Күлтегін., 2004**  
**© Күлтегін., 2012**

**Кіндігімді кескен жұрт**

(Елдік жыры)

Өндіріс бөлімі *С. Жапарова*

Редактор *Ш. Қойлыбаев*

Көркемдеуші редактор *Б. Жапаров*

Техникалық редакторы *С. Жапарова*

Корректор *Р. Асанова*



Басуға 28.11.2012 қол қойылды. Пішімі 84x108/32. Офсеттік басылым  
Қағазы офсеттік. Баспа табағы 13,5. Шартты баспа табағы 22,68.  
Шартты бояулы беттаңбасы 14,5. Есептік баспа табағы 13,0.  
Таралымы 2200 дана. Тапсырыс № 2360.

Тапсырыс берушінің файлдарынан  
“Dostar media group баспаханасы” ЖШС-нде басылды,  
050063, Алматы қаласы, Яссауи көшесі, 16